

ISSN 1814 - 6961

ОТАН ТАРИХЫ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

**Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2016, № 3 (75)**

3 /2016

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым Комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редакторы:

Ханкелді Әбжанов

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова,
С. Әжіғали, Н. Әлімбаев, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских
(Қырғызстан), Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея),
Е. Сыдықов, А. Тасболатов, У. Фиерман (АҚШ), А. Чубарьян (Ресей)

Бас редактордың орынбасары:

С. Смағұлова

Жауапты редактор:

З. Төленова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ.,
Шевченко көшесі, 28,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Отан тарихы»
журналының редакциясы
Телефон: 272-68-46
E-mail: kazhistory@bk.ru
Электрондық мекен-жай:
www.iie.kz

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім
министрлігінде 1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да
көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

**Мазмұны
Содержание
Contents**

**Тарих теориясы
Теория истории
Theory of History**

ЖАКИН М.С.

Еуразия далалық өркениетінің циклдық даму заңдылығы.....5

**Тарих және тұлға
История и личность
History and Person**

МҰҚТАР Ә.Қ., АХМЕТОВА Ұ.Т.

Қарабай сұлтан және оның ұрпақтары тарихынан.....17

АБУЕВ К.К., КАЖЕНОВА Г.Т.

Казахи и казаки в научном наследии Ч. Валиханова.....32

ПОЧЕКАЕВ Р.Ю.

Чокан Валиханов о политико-правовом устройстве
Восточного Туркестана.....42

**Тарих толқынында
В потоке истории
In the Stream of History**

СЕКСЕНБАЕВА Г.А.

Международные организации и аудиовизуальное наследие.....54

БАҚТОРАЗОВ С.У.

Кеңестік биліктің алғашқы жылдары Әулиеата өңірінде
қалыптасқан қоғамдық-саяси ахуал.....62

ТОҚБЕРГЕНОВА З.С.

Түркістан өлкесіндегі ұлттық-саяси ұйымдардың ақпан
төңкерісінен кейінгі қызметі.....68

АЛПЫСПАЕВА Г.А., САЯХИМОВА Ш.Н.

Судьбы немецких семей в Казахстане
(вторая половина XIX-XX вв.).....80

**Тарихнама және деректану
Историография и источниковедение
Historiography and Source Studies**

TULIBAYEVA ZH. M.

«*Ulus-I Arba-Yi Chingizi*» of Mirza Ulugh Bek as a Source on the
History of Kazakhstan and Central Asia in the Middle Ages.....90

ИГИБАЕВ С.К.

Казахи и народы Сибири в сочинении И.Е. Фишера
«Сибирская история».....97

ЖУСУПОВА Л.К., Е.К. ЖУСУПОВА Проблемы изучения рукописного фонда М.Ж. Копеева.....	106
--	-----

БИМЕНДИЕВ А.Ш. Еще раз о термине «жуз».....	112
---	-----

**Этнология, археология және ескерткіштану, музейтану
Этнология, археология и памятниковедение, музееведение
Ethnology, Archaeology, Monument Studies, and Museology**

ДЖУМАНАЛИЕВ Т.Д. Дуальная этнополитическая организация номадов Приятаншанья в XVI-середины XVIII веков.....	126
--	-----

ИБРАЕВА А.Ғ., КОЛУМБАЕВА З.Е. Кенес кезеңіндегі Қазақстан музейлерінің қорларын жабдықтаудың ерекшеліктері.....	133
--	-----

**Тарих және демография
История и демография
History and Demography**

ТАЛДЫБАЕВ Ж. Қазақ халқы: құрамындағы тарихи демографиялық өзгерістер (1926-1959 жж.).....	142
---	-----

**Дін мәселелері
Вопросы религии
Religious Issues**

ӨТЕПОВА Г., ҚАСҚАБАСОВА А. Ресей империясының заңнамалық мәліметтері бойынша Қазақстандағы дін мәселелері.....	153
---	-----

**Жас ғалымдар зерттеулері
Исследования молодых ученых
Researches of Young Scholars**

ОМАРОВА У.А. Конфликт между Чампой и Юаньским Китаем.....	160
---	-----

ӘДІЛЖАНОВ Н.Б. Қазақстандағы демократиялық үрдістердің қалыптасу кезендері (тарихи-саяси аспекті).....	169
---	-----

**Мерейтой
Юбилей
Anniversary**

ӘБЖАНОВ Х.М. Академик Б.А. Тулепбаев.....	179
---	-----

АЛДАЖҰМАНОВ Қ.С., ТӨЛЕНОВА З.М. Академик М.Қ. Қозыбаев.....	182
---	-----

ТАРИХ ТЕОРИЯСЫ ТЕОРИЯ ИСТОРИИ THEORY OF HISTORY

ӘОЖ 94:[392.31+008] 4/5

М.С. Жакин¹

¹Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Этномәдени және тарихи-антропологиялық зерттеулер орталығы
Қарағанды қ., Қазақстан

ЕУРАЗИЯ ДАЛАЛЫҚ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ЦИКЛДЫҚ ДАМУ ЗАҢДЫЛЫҒЫ*

Аннотация

Мақала Еуразия аумағындағы көшпелілер мемлекеті дамуының циклдық тұжырымдамасына арналады. Қазақтар және олардың арғы бабаларының тарихынан ғылымға белгілі фактілерді және тарихи сана ұғымдарын талдау арқылы «жеті аталық» циклдық даму заңдылығы анықталды. Көшпелі қазақтардың тарихи санасының орталық ұғымы ретінде «Жеті ата» ұғымының мәні мен мазмұны талданды. Нәтиже ретінде Еуразия көшпелілері тарихының «жеті аталық» циклдық кезендерге бөлу тұжырымдамасы ұсынылды.

Түйін сөздер: далалық өркениет, даму, цикл, «жеті ата», ру, ел, шежіре, кезендерге бөлу, тайпалық одақ, мемлекет, империя, дағдарыс, орнығу, гүлдену.

Мақалада қарастырылатын тақырып далалық өркениеттің, оның ішінде, көшпелі қазақтар мен оның арғы бабалары мекендеген Еуразия кеңістігіндегі тарихи оқиғалардың өрбу ерекшелігін көрсететін мемлекеттердің циклдық дамуының жаңа тұжырымдамасына арналады. Бұл мәселені көтеруге осы кезге дейінгі еліміздегі тарих және этнология ғылымында Еуразия көшпелілерінің тарихын кезендерге бөлудің және олар құрған мемлекеттердің өзіндік ерекшелігін анықтайтын теориялық мәселелердің шешілмей келуі себеп болып отыр.

Тарих ғылымында О. Шпенглердің [1], А.Дж. Тойнбидің [2], Л.Н. Гумилевтің [3] және т.б. циклдық теориялары белгілі. Бірақ, бұл аталған теориялардың біреуінде де көшпелілердің өздеріне тән тарихи құбылысты тану мен түсінуін бейнелейтін тарихи сана ұғымдары қарастырылмайды. Ал, ол ұғымдар шежіреде жазылып, ауызша қолданыста осы күнге дейін сақталып келеді. Қарастырып отырған мәселеміздің кілті осы ауызша мұрада жатыр.

Сондықтан, осы күнге шейінгі белгілі циклдық теорияларда тарихи үдерістің отырықшы өркениеттегі нұсқасы ғана түсіндіріліп келді. Ал көшпелілерде өздеріне тән өркениеттің болуы мүмкін деген пікірге күмәнмен қарап келді. А. Тойнби көшпелілердің өркениетін тұйыққа апаратын жол деп, оның даму мүмкіндігіне күмәнмен қарады. Ал шындыққа келсек, әлемдік тарихи үдерістегі ең маңызды деген құбылыстардың: бір құдайға сенетін әлемдік діндердің (монотеизм), жаулау нәтижесінде пайда болған алғашқы мемлекеттердің, соңынан, ортақ тілдік семьялардың қалыптасуына тікелей себепші және ұйытқысы болған Еуразия көшпелілері еді.

Бұл мәселенің осы күнге шейін «жабулы қазан» күйінде қалуына тарихшылар санасында этнографиялық фактіні «ескінің жұрнағы», «қалдық» деп есептейтін үстірт түсінік үстем болуы себеп болды. Ал көшпелілер өркениетіндегі фактілерді қарастырғанда оның өзіндік даму ерекшелігі есепке алынбай, оған жат, таным-түсінігі қарама-қайшы келетін отырықшы өркениеттердің тарихи құбылыстарына

арналған теориялар қолданылып келді. Нәтижесінде Еуразия кеңістігіндегі дадалық өркениеттің, көпшелілер құрған мемлекеттердің өзіндік даму ерекшелігі мәселесі осы күнге шейін шешілмей келді.

Бұл мәселені шешу үшін біріншіден, ауызша тарих (шежіренің) дерегін ғылыми айналымға енгізу; екіншіден, шежіре мен саяси тарих фактілерін салыстыру; үшіншіден, алынған нәтижелердің объективтілігін тексеру, яғни, ұсынылып отырған далалық өркениеттің циклдық даму заңдылығы атты жаңа тұжырымдаманы Еуразия көшпелілерінің далалық өркениеті тарихының барлық кезеңдерін түсінуге және түсіндіруге қолданып көру қажет.

Жоғарыда аталған міндеттердің алғашқы екеуі жартылай орындалып, нәтижесі жарияланды [4]. Бұл мақалада алдыңғы міндеттерге қысқаша тоқталып, негізгі көңілді үшінші міндетті орындауға бөлеміз.

Бірінші міндетті орындау үшін қарастырып отырған мәселеміздің шешілуіне себепші болатын қазақтың жазба шежіре мен ауызша тарихта қолданатын ұғымдарын алдық. Оған рулық ұйымның таксономиялық деңгейлерін бейнелейтін орталық ұғымдар: «жеті ата», «ата баласы» жатады. «Рудың» төменгі деңгейі «аталас», «ата баласы» деген атаулармен беріліп, нақты туыстыққа меңзейді. «Ата» туыстықтың номенклатуралық термині. «Ру» ұғымының одан айырмашылығы – уақыт бойындағы туыстық байланыстың абстрактілі мәніне меңзейді. Сондықтан, оның деңгейін анықтау үшін «ру» қалыптасатын деңгей – «жеті ата» ұғымын қолданады. Бұл жерде уақыт бойындағы байланысқа меңзейтін акцент пен жеті ұғымының қолданылуы кездейсоқ емес. Қазақ халқы құрамындағы Арғын ішіндегі Қаракесектің кейбір руларына қатысты шежіре мәліметтерін талдау мен нақты тарихи фактілермен салыстыру кезінде кез келген жетінші ата рудың негізін қалаушы бола бермейтіні анықталды [Кесте 1].

Егер, «жеті ата» деген ұғымды, жетінші атаны анықтау деп түсініп, кез-келген бағытта есептеуге жол берсек: өзінен арғы аталарына қарай, немесе кез-келген арғы атадан бері қарай санамалап келсек, бәрі бір, әр ұрпақтың өз жетінші атасы болады, яғни, әр жаңа ұрпақтың пайда болуымен жаңа ру түзіліп шығу керек, немесе, керісінше, әр арғы аталарымыздың өз жетінші ұрпағынан кейін жаңа «ру» түзіліп отыруы керек. Бұлай санамалаудың еш қисынға келмейтіні түсінікті. Ал, неге сүйенетініміз – беймәлім. Адам руды қисынсыз, өз тілегімен таңдай ма? Рудың бөлшектенуі, одан жаңа рудың бөлініп шығуы әр жаңа ұрпақ сайын болып жатпайтыны өзінен өзі түсінікті. Яғни, есептеудің жүйесі нақты өмір сүріп жатқан қазіргі адамнан да, кез-келген арғы атадан да басталмайды. Ол көшпелілер қоғамының әлеуметтік-саяси және экономикалық даму заңдылықтарымен байланысты негізгі сәттерінен басталады. Осы сәттерде рулардың қайта құрылу үдерістері іске асып жатады. Ол қалай анықталады?

Қаракесек құрамындағы кейбір рулардың шежірелік мәліметтері мен тарихи деректерді салыстыра талдау кезінде жеті ұрпақтың өмірі ұзақтығы 200 жыл шамасында болатыны ($7 \times 30 = 210$) және ру статусына ие болу сәттері мен қазақ хандығы дамуының негізгі сәттері дәл келетіні анықталды [Кесте 1]. Әр ұрпақтың жасын шартты түрде – 30 жас деп, адам өмірінің ұзақтығын орташа – 70 жас деп алдық. Осы хронологияны шығу тек шежіресінің тұсына қойдық. Тұяқ тірейтін даталарды нақты өмір сүрген тарихи тұлғалардың өмірбаянынан алдық. Шежіредегі арғы аталар өмірінің хронологиясы тұсына қазақ хандығының негізгі кезеңдері даталарын қойдық.

Нәтижесінде, Қаракесектің «өмір сүрген» уақыты Қазақ хандығының құрылуымен, әсіресе, ең басты заң – «Қасым ханның Қасқа жолы» қабылданған кезбен дәл келеді. (Қаракесектің «өмір сүрген» уақыты – 1460-1530 ж., Қазақ хандығының құрылуы мен Қасым ханның «өмір сүрген» уақыты – 1453-1523 ж.) [Кесте 1].

Кестедегі шығу тек тізімінде Қаракесектен кейін келетін екі ата (Сарымнан – Түйте, Майқы, Машайдан – Ақша мен Бошан) ру атауы статусына ие болмаған,

яғни, неге екені белгісіз ру атына айналмаған. Ал келесі төртінші ұрпақ – Сарым, ру атауына ие болған және басқа рудан қабылданған Машаймен қатар өмір сүрген уақыттары Хақназар мен Есім ханның түсіне дәл келеді. Бұл кезде жаңа заң – «Есім ханның Ескі жолы» қабылданған. (Сарым мен Машайдың өмір сүрген уақыты – 1550-1620 ж., Хақназар ханның хандық құрған кезінен Есім ханның қайтыс болғанына дейінгі уақыт – 1580-1628 жж.).

Сарымнан кейінгі үш ұрпақтың аты ру атауы мәртебесіне ие болмайды, ал сегізінші ұрпақ – Қоңырбай, ру деп есептеледі. Оның замандастары: Берлібай, Түйте және Айдаболдардың да аты ру атауына айналған. Бұл сегізінші ұрпақтың өмір сүрген уақыты (1670-1740 ж.) Тәуке ханның билігі түсі (1680-1715 ж.) мен «Жеті жарғы» заңының қабылданған кезімен дәл келеді [Кесте 1].

Ру атауына Қаракесек қазақ хандығының құрылған кезінде ие болады, ал Қоңырбай (туажат – 8-ші ұрпақ) қазақ хандығының тәуелсіздік тарихы аяқталған кезде ие болады. Бұдан «жеті ата» ұғымы мен «ру» атауы статусына ие болу әр 100 жыл сайын (Сарым – Есім хан) «ата баласы» (төртінші ұрпақ) деңгейінде қайта құрылулар мен қайта қалыптасу үдерісінен өтіп отыратын, көшпелілер мемлекетінің өмір сүру ұзақтығымен тікелей байланысты деген қорытынды шығады. Бұл сөйкестік кездейсоқтық па?

Енді, осы 200 жылдық «жетіталық» цикл қазақ және оның арғы аталарының бастарынан кешкен барлық тарих кезеңдерінен қаншалықты көрініс табатынын тексеріп көрейік.

Диаграммадағы екі жүз жылдық цикл қазақ халқының көне заманнан бергі тарихы бойында тұрақты көрініс табады. Диаграммада казактардың және оның арғы бабаларының қола дәуірінен осы күнге шейінгі және болашақтағы мемлекеті тарихының 200 жылдық циклмен даму барысы бейнеленген [Диаграмма 1].

Цикл үш деңгейден құралады. Оларға мифтік, саяси және әлеуметтік атаулар берілген:

Жоғарғы – «аспандық» (мифтік), «империялық» (саяси), «қуаттылық» (әлеуметтік);

Ортаңғы – «жер үсті» (мифтік), «мемлекеттік» (саяси), «қалыпқа түсу» (әлеуметтік);

Төменгі – «жер асты» (мифтік), «тайпалық» (саяси), «бытыраңқылық» (әлеуметтік).

Егер есеп нүктесін мемлекеттің пайда болуынан бастап алсақ, цикл ортаңғы деңгейдегі мемлекеттің қалыптасуынан басталады. Сондықтан, бұл деңгей мемлекет негізінің қалыптасуы үдерісін қамтитын «жер үсті» тарихы кезеңі деп аталды. Пайда болған мемлекеттің өмір сүру ұзақтығы 200 жылға созылады. Бұл циклдың алдында қандай циклдың болғанына байланысты, яғни, егер алдыңғы мемлекет «қуаттылық» кезеңін басынан кешірсе, кейінгі мемлекет негізін құрап тұрған рулар одағының басы бірікпейтін «бытыраңқылық» кезеңін басынан кешуге мәжбүр болады. Немесе, керісінше, алдыңғы мемлекет «бытыраңқылық» кезеңін басынан кешірсе, кейінгі пайда болған мемлекет тайпалық одақтардың емес, өзі сияқты тайпалық одақтарының басын біріктірген мемлекеттермен бірігіп, мемлекеттер конфедерациясын құрып, белсенді сыртқы саясат жүргізіп, өз мүддесіне төңірегіндегі отырықшы-жерөндеуші халықтар мен мемлекеттерді бағындыра бастайды.

Егер есеп нүктесін мемлекеттің пайда болуы емес, оның (диаграммада домалақпен белгіленген) «қуаттылық» немесе (үшбұрышпен белгіленген) «құлдырау» нүктесінен бастап алсақ, мұнда да біз «қуаттылықтан» «құлдырауға» шейін, керісінше, «құлдыраудан» «қуаттылыққа» шейін цикл 200 жылды қамтитынын көреміз.

Диаграммада шаршы белгісімен белгіленген бір циклдың бастапқы және соңғы нүктесінің, яғни, мемлекеттің пайда болуы мен оның тарих саханасынан кетуінің аралығы да 200 жылды қамтиды.

Дәл осы 200 жыл көлемінде жеті ұрпақ ауысады. Көшпелі қазақтардың тарихи санасында «жеті ата» (жеті ұрпақ) ұғымының сақталып қалуы себебі де осы циклдық даму заңдылығына байланысты.

Зерттеудің алдыңғы кезеңдерінен алынған нәтижелерді тексеру мақсатында жасалған осы диаграммадағы 200 жылдық – жетіаталық циклдың қайталанып отыратынын көрсететін гипотезалық тұжырым Қазақстан аумағындағы көшпелілер мемлекетінің төртмыңжылдық тарихы бойындағы анықталған тарихи фактілермен дәлелденіп отыр.

Мақала көлемі тек қысқаша түсініктемелер беруге ғана мүмкіндік береді. Сондықтан, көлемнен тыс кетпес үшін, әртүрлі тарихи оқиғаларға байланысты даулы пікірлерге тоқталмай, тек неғұрлым белгілі тарих ғылымында қабылданған фактілерді келтірумен шектелеміз. Фактілердің негізгі қоры С.Г. Кляшторный мен Т.М. Сұлтановтың еңбегінен алынды [5].

Цикл Қазақстан аумағына б.э.д. XIX-XVII ғ. индоевропалық тайпалардың (арийлердің) келіп қоныстануымен басталады. Б.э.д. 1850-1650 жылдар аралығы – құлдырау кезеңі. Аумақты қоныстану елеулі қарсылық бола қоймағанда, жергілікті тұрғындар құлдырауға тап болғанда іске асқан.

Бұл қоныстанудан кейін жаңа (андрон) мәдениет қалыптасып, оның гүлденуі б.э.д. XV-XIII ғасырларға келеді. Диаграммда бұл кезең б.э.д. XVI ғ. ортасы мен б.э.д. XIV ғ. ортасына дәл келеді. Әсіресе, жаңа мәдениеттің гүлденуі мен диаграммдағы қуаттылық нүктесі б.э.д. XV ғ. ортасына дәл келеді. Әрі қарай андрон мәдениетінің үшінші соңғы кезеңін тарихшылар б.э.д. XII-IX ғ. деп белгілеп, яғни, 400 жылға созылды деп есептейді. Ал диаграммдағы мәлімет б.э.д. XII-X аралығы – қуаттылық кезеңі екенін меңзейді. Бұл кез жаппай көшпелілікке көшу мен арийлердің оңтүстікке бағытталған жаппай миграциясы нәтижесінде Иран, Үндістан және т.б. оңтүстіктегі, Орта Азиядағы мемлекеттік биліктерді жаулап алуымен ерекшеленеді. Осыдан кейін қуаттылық нүктесі б.э.д. XI ғ. ортасына келіп, одан әрі құлдырау басталады. Оның шегі б.э.д. 850 жылға келеді.

Осы б.э.д. IX ғасырдан бастап сақ мәдениеті қалыптаса бастайды. Ғалымдардың пікірінше сақтардың андық стилі далалық аймақтарда б.э.д. IX-VIII ғ. тұсында қалыптасты деп есептейді. Ал диаграмм бойынша өрлеу фазасы, жаңа мәдениеттің пайда болуы б.э.д. IX ғ. ортасынан басталып, толық қалыптасып болуы б.э.д. VIII ғ. ортасына келеді.

Диаграммдағы әр қарайғы мәліметтер жалпыға мәлім тарихи фактілермен ғана дәл келіп қоймайды, сонымен бірге, оларға сүйеніп тарихи оқиғалардың кейбір реңкін анықтап, неғұрлым шынай түсініктемесін беруге мүмкіндік береді.

Мысалы, диаграмма б.э.д. VIII ғ. ортасы мен б.э.д. VI ғ. ортасы қуаттылық кезеңі екенін аңғартады. Бұл сақ тарихындағы жалпыға мәлім фактілермен дәл келеді. Тарихшылар: «В конце VIII-начале VII вв. до н.э. ассирийские цари были очень обеспокоены опустошительными набегами на их владения неких конных воинов, которых они именovali гиммири... И киммерийцы (древнеиранское обозначение подвижного конского отряда,... воинственных племен...), и ушедшие за ними на юг скифы создали в Малой Азии и Северном Иране свои небольшие царства, ставшие грозой для соседей ...», – деп жазады. Келесі бір автор: «широкий пояс евразийских степей ... на век – два раньше середины I тыс. до н.э. (б.э.д. VIII-VII ғ. – М.Ж.) заволовался. Через него потянул ветерок с востока, население стало впитывать этническое влияние центрально-азиатского происхождения» [6], – деп жазады.

Шынында да, Қазақстан аумағында б.э.д. VIII ғ. мен б.э.д. VI ғ. аралығында дүбірлі оқиғалар басталады. Шығыстан басталған қуатты қысым сақтардың бастысқа жорыққа аттануына себеп болады.

Келесі бір дерек б.э.д. VIII ғ. басталған қуаттылық кезеңінің қай кезден бастап әлсірей бастағанын аңғаруға мүмкіндік беретін мәліметтерді баяндайды. Егер

қытайлықтар б.э.д. VIII ғ. соңғы ширегіне шейін «жундарды тек өз шекараларында ұстап тұрса», «б.э.д. 623 жылға қарай ... Цин патшалығының билеушісі Мугун жундарға шабуыл жасап, олардың он екі иелігін басып алды» [7, с. 122-123], – деп жазады. Бұл фактілер сақтардың тарихындағы б.э.д. VII ғ. ортасынан басталатын құлдару кезеңіне сай келеді.

Шығыс жақта (қытайлықтар мен жундарда) болып жатқан құбылыстар оңтүстік және оңтүстік-батыс бағытта да қайталанады. Ахменид державасының пайда болуы сақтарда құлдыраудың белең алуымен сай келеді. Сақтар мен парсы патшаларының арасында болған жалпыға мәлім оқиғаларға тоқталып жатпай-ақ тек осы құлдырау кезінде сақтарды жартылай болса да жаулаған патшалардың билік құрған кездерін атап өтейік: Кир – б.э.д. 553-530 ж., Дарий I – б.э.д. 522-486 ж., Ксеркс – б.э.д. 486-464 ж.

Бірақ, диаграммада көрсетілгендей б.э.д. V ғ. ортасынан бастап өрлеу кезеңі басталады. Бұл да тарихи фактілермен дәлелденеді. Егер, осы кезге шейін, парсы патшалары бірінің артынан бірі сақтарды жаулауға жорыққа шығып, ара-гідік жеңіске де жетіп жатса, енді, өрлеу кезеңінен бастап жағдай мүлде өзгереді. Дарий III Кадомон (б.э.д. 336-331 ж.) оларға қарсы соғыс емес, қайта, олардан көмек сұрайды. Және олармен одақтасып, Александр Македонскиймен соғысады. Дерек: «Дарий III был побежден, но саки дай с Танаиса сражались с македонцами и после гибели Дария. Не только выстояли против Македонского, но и заслужили предложения о союзе со стороны Александра, и участвовали в его походе на Индию» [8], – деп мәлімдейді. Бұл кезде сақтар қайта өрлеуді бастан кешіре бастаған. Сондықтан Дарий III Кадомон да, Александр Македонский де оларды жаулау емес, күштерін мойындап, одақтасуға шақырады.

Әрі қарай, б.э.д. IV ғ. ортасы мен б.э.д. II ғ. ортасы аралығы қуаттылық кезеңі.

Шындығында Қазақстан аумағында бұл кезде жаңа мемлекеттердің қалыптасқан дүбірлі оқиғалары басталады. Осы кезден бастап Қаңлы, Үйсін, Ғұн мемлекеттері пайда болады. Тіпті Қазақстан аумағын шығыстан келген қысымға төтеп бере алмай ығысып кеткен сақтар (Аршакид әулеті басқарған дахтардың ішіндегі парнылар) б.э.д. 238 жылы батысқа жорық жасап, Александр Македонский мұрагерлерін тактан тайдырып, Иранда жаңа империя (парфян мемлекетін) құрады. Ал бұдан солтүстік жақта, Батыс Қазақстан мен Еділ-Жайық бойындағы б.э.д. III ғ. дах-массагет экспансиясы жарты мың жыл бұрынғы оқиғаларды қайталап, сармат тайпасының Қара теңіз жағалауына ығысуына себеп болды. Шығыс жақта да Орталық Азиядағы жалпы жағдайдың күрт өзгеруі Сыма Цяннің пікірінше «соғысушы пашталықтар кезеңінде» (б.э.д. 403-221 ж.) болды. Бұрынғы солтүстік пен батыстағы жундардың орнына ғұндар мен юэчжілердің біріккен қуатты көшпелілер тайпалық бірлістіктері келді, ал дунхулар жөнінде олардың «күші кемеліне келді» және оларда «бір билеуші пайда болды» деп мәлімдейді.

Қытайлықтар өздерінің жаулары ретінде ғұндарды алғаш рет б.э.д. IV ғ. атайды. Ал б.э.д. III ғ. соңында Мөде Саян, Алтай және Жоғарғы Енисей тайпаларын бағындырады. Әрі қарай ол қытай императорларын бағындырып, император әулетінің ханшайымын өзіне алуға мәжбүрлеп, жыл сайын жібек магта мен мақта, шарап пен күріш, әшекейлер және т.б. заттар түрінде салық төлеп отыруға міндеттейді. Ғұндар мен Ханьдықтардың арасында 40 жыл бейбітшілік орнайды. Бұл кез диаграмма бойынша қуаттылық кезеңінің аяталуымен – б.э.д. 150 ж. дәл келеді. Осы кезден бастап ғұндар мен қытайлықтар арасында соғыстар басталады. Егер б.э.д. 150 ж. шейін соғысты бастайтын ғұндар болса (соңғысы 158 ж. басталады), кейін, б.э.д. 133 ж. қытайлықтар ғұн-қытай соғысының жаңа циклын бастап, б.э.д. 127 ж. қытайлықтар жеңіске жетеді. Тарихшылар: «гунны бежали далеко и к югу от пустыни не было ставки их правителей... А в 124-123 гг. до н.э. война была перенесена на коренные земли гуннов. ... В 119 году огромная китайская армия захватила северную ставку шаньюя и перебила около 90 тыс. гуннов. А в 90-год

70 тысячная китайская армия вторглась в гуннские земли и разгромила передовые отряды гуннов... Хотя Китай не сумел сломить гуннов своими силами, но через 20 лет в 71 г. нанес им тяжелые поражения с помощью других кочевников, где в жестокой войне гунны потеряли до трети населения» [5], – деп жазады.

Бұл тәптіштеп баяндалған саяси оқиғалар диаграмма мәліметтеріне сүйеніп оқиғаларды болжаудың мүмкіндіктерін жақсы бейнелейді. Барлық оқиғалар диаграммада теориялық түрде болжанғандай дәлдікпен өрбиді. Құлдырау қуаттылық кезеңінің аяқталатын б.э.д. 150 ж. бастап ушыққан сипат алып, б.э.д. 50 ж. шегіне жетеді. Осы кезде б.э.д. 56 ж. ғұндар әлсіреп, оңтүстік және солтүстік болып екіге бөлінеді. Осы кезден бастап Орталық Азиядағы ғұндардың гегемониясы аяқталады.

Диаграмма бойынша б.э.д. 50 ж. қарай құлдырау аяқталып, өрлеу басталады. Бұл да тарихи фактілермен дәлелденеді. Басында аз ғана уақытқа ғұн империясының қуаты қалпына келтіріледі. Содан кейін, II ғ. ортасына шейін Оңтүстік-батыс Сібір мен Шығыс Түркістанда ханьдықтардың батысқа жылжуына қарсылығын жалғастырады. Осы оқиғалар б.э.д. 50 ж. басталып, шырқау шегіне II ғ. ортасына қарай (150 ж.) жететін өрлеу кезеңімен дәл келіп тұр. Осы өрлеу кезінде эфемерлі сяньби империясының құрылуы ғұндарды ығыстырып, олардың батысқа жылжу үдерісінің басталуына себеп болды. Бұл миграциялар құлдырау кезеңінде – 150-350 жылдары өтеді. Сондықтан бұл кездегі ғұндар туралы тарихта елеулі із қалмаған. Бірақ, ұйқыдан ояңғандай, IV ғ. екінші жартысынан бастап диаграммада көрсетілгендей өрлеу кезеңі басталады да, олар тағы да әлемді дүр сілкіндіреді. Олардың алғашқы құрбаны Азов жағалауының аландары болды. Олардың бір бөлігі ғана Солтүстік Кавказдың тауларын сағалап аман қалды. Одан кейін Кубань өңірін жаулап алып, ғұндар Боспор патшалығының бай қалаларын талқандады. Қара теңіз жағалауындағы антикалық әлемнің барлық шалғайы Днепрге шейін, сармат-алан және гот тайпалары айналдырған бірнеше жылдың ішінде талқандалды. 376 ж. ғұндар Рим империясының шекарасына жылжыды.

Әрі қарай, V ғ. ортасы диаграмма бойынша Алтайда 460 ж. Ашина әулеті басқарған түріктердің алғашқы мемлекетінің бастау алатын кезімен дәл келеді. Ал бұдан шамамен 100 жылдан кейін, диаграммада көрсетілгендей, шарықтау шегі 550 ж. келеді. Одан тағы да 100 жылдай өткен соң 17 жылдық (640-657 ж.) тайпа аралық соғыс пен әулет аралық билікке талас басталып, Жетісуға басып кірген қытай әскерінен жеңіліс тауып, түріктер алғашқы қағанатының өмір сүруін аяқтайды. Осы шешуші сәттен бастап (650 ж.) құлдырау тенденциясы ушыға түсіп, оның орта кезінде (711-715 ж.) түрік қағанаты уақытша өмірін тоқтатады. Кейін, ол қалпына келтірілгеннен кейін де жағдай өзгере қойған жоқ. Өзінің шарықтау шегінен бері 200 жыл өмір сүрген соң, VIII ғ. ортасына қарай (744 ж.) Ашина әулетінің ғұмыры аяқталады.

Түріктердің орнын VIII ғ. ортасында басқан ұйғырлар 100 жылдан кейін, диаграммада болжанғандай 840 жылы өзінің билігін қырғыздарға қалдырады. Дәл осылай қарлұқтардың Жетісудағы билігі де (766-940) 200 жыл шамасына созылып барып аяқталады. Ал 840 ж. мемлекетін құрғандар қуаттылық кезеңіне тап болса да 200 жылдан кейін өздерінің өмір циклын аяқтауға мәжбүр болады. Ал бұл дағдарыс кезеңінен аман өткендер болса да, оларды кейін басқа біреулері бағындырады. Мысалы, қарахандықтар 840 жылы өз мемлекетін құрды. 100 жылдан кейін 950 ж. олардың қарсыластары Саманидтер олардан күйрей жеңіліс тауып, Қарахандықтардың билігі Амударияға шейін тарайды. Бірақ XI ғ. (1050 ж.) ортасына қарай қарахандықтардың өзі бытырап кетеді. Осы шешуші кезеңнен бастап құлдырау ушығып кетеді де, ол шегіне XII ғ. ортасында жетеді. Осы кездегі қарақытайлардың басқыншылық жорықтары Орта Азиядағы қараханидтердің қалған ықпалына шек қояды. Яғни, XI ғ. (1050 ж.) ортасына қарай бастау алған мемлекеттер олардың қолына әлемдік сауда жолдары, әр қайсысы 20 мыңнан

әскер шығара алатын бай қалалары қарағанмен, бәрі бір, сырттан келген жаудан жеңіліс табады. Осылай, Хорезмшах, оның әскерінің артықшылықтарына, керек-жарағымен қамтамасыздандырылғанына және қолында бай қалалары болғанына қарамай моңғолдардан жеңіліс тапты. Бұлай болған себебі бұл кез – диаграммада көрсетілгендей бытыраңқылық кезеңі еді.

Ал XIII ғ. ортасына қарай моңғолдар өздерінің жаулауын аяқтап, әлемдік деңгейдегі мемлекеттерін құрады. Бұл кез диаграммадағы қуаттылық кезеңімен дәл келеді. Оның шарықтау шегі диаграммада болжанғандай XIV ғ. ортасына, Өзбек пен Әз Жәнібек тұсына келеді. Моңғол жаулаулары кезінде пайда болған мемлекеттер өздерінің өмірлік циклын тура 200 жылдан кейін, XV ғ. ортасына қарай аяқтайды. Осы кезден, басқалармен бірге, Қазақ хандығының да тарихы бастау алады. Бірақ, алғашқы қазақ хандарының ерен ерліктеріне қарамай, әсіресе, Қасым ханнан кейін, хандық жойылудың шегінде өмір сүрді. Бұл жөнінде Мұхаммед Хайдар өз еңбегінде замандастарының назарынан тұтас бір халық тыс қалғандығы жөніндегі пікірін келтіреді. Осы мақала авторы да бұл пікірді сынаушылар қатарында болатын. Бірақ, хандықтың пайда болуы құлдырау кезеңінің орта тұсына келеді екен, яғни, мұндай дағдарыстың болуын диаграммада көрсетілген заңдылық дәлелдеп тұр. Сондықтан қазақтар, жекелеген тұлғалардың күш-жігерімен және ұлы тұлғалардың арқасында ие болған игіліктен аз уақыттың ішінде ада болған. Мемлекетінің құрылу кезіндегідей, оның сағаты таусылып, тарих саханасында оның орнын басқа басатын ауыр сәт туғанда қазақтар үшін тағдыр қиын сынақ ұсынды. Осылай, қазақ хандығы құрылғаннан шамамен 200 жылдан кейін, 1640 жылы Орталық және Орта Азиядағы барлық аумақты өзіне қаратуға талпынған, осы тұғырға талас үмітімен тарих аренасына жаңа үміткер келді. Бұл сын сағатты қазақтар 1643 ж. Қосқылаң тауы төңірегіндегі шайқаста басынан кешірді. Салқам Жәңгір бастаған 600 жау жүрек сарбаздар, кезіндегі санмың парсы әскерлеріне алдырмаған спартан жауынгерлері іспетті, Батыр Қонтайшының 50 мыңдық әскеріне жердің ыңғайын пайдаланып, алдырмай, соңында Алшын Жалаңтөс батыр 20 мың әскерімен көмекке келгенде қазақтар толық жеңіске қол жеткізді. Ал Батур Қонтайшы 10 мың әскерінен айырылып, шегінуге мәжбүр болды. Осы кезді қазақ мемлекетінің екінші рет тууы десе де болғандай. Осыдан кейінгі Тәуке ханның билік құрған кезін ел ең сәтті кезең деп бағалап, оның өзін Әз-Тәуке деп атауы тегін емес.

Бірақ, келесі 200 жылдық циклда (1650-1850) қазақтар ең күрделі кезеңді басынан кешірді. Қоқан, Бұқар, Хиуалықтар – оңтүстігінен, башқұрт, татар, орыс казактар – батыстан және солтүстіктен, қытайлықтар – шығыстан, тыным бермей шабуылдап, жерін басып алып отырды. Жоңғар шапқыншылығы қазақ қоғамын жойылу шегіне алып келді. Бірақ, осы сыртқы жағдайларға және ішкі келіспеушіліктерге қарамай, көшпелі мемлекеттің өмір сүруінің ішкі заңдылықтарына сай қазақтар бір қолға бірігіп, Абылайды үш жүздің ханы етіп сайлап, қазақ жерін біріктіріп қана қойған жоқ, сонымен бірге, қырғызды Алатау асырып, қоқан, бұқар, хиуалықтарды – Сыр бойындағы қалалардан ығыстырып, башқұрт, татар, Еділ қалмақтарын – Еділ, жоңғарды – Алтай мен Тарбағатайдан асырды. Осылай, Еуразияның кең даласы үшін болған төрт мың жылдық тарих бойы жүргізілген соғыста білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғаған жеріне қазақ өзі ие болып отыр.

Бұл кезде көшпелілер өркениеті тарихтың үлкен циклы бойынша құлдырау кезеңіне тап болғанына, қазақтардың бір бөлігі – қытайдың боғдыханын, бір бөлігі – орыстың патшасын, бір бөлігі – ортаазиялық хандықтарды сағалағанына қарамай, тарихтың біз елемей келген ішкі заңдылығына байланысты осылай болып отыр.

Оның себебі – сыртқы жағдай қаншалықты ауыр болғанымен көшпелілер мемлекетінің ішкі даму заңдылықтары бойынша бұл кезең – қуаттылық кезеңіне сай келіп тұр.

Диаграмма бойынша бұл 200 жылдық цикл 1850 ж. аяқталады. Дәл осы кезде Ресей қазақ қоғамындағы дәстүрлі биліктің екеуін де (хандық (мемлекеттік) және рулық (азаматтық)) жойып, бүкіл Орта Азияны өзіне бағындырады. XIX ғ.

ортасындағы реформалардан кейін Румянцев: «далее нет уже истории киргизского (қазақ – *М.Ж.*) народа, а есть история сельских обывателей-инородцев областей», – деп жазады.

Әрі қарай бытыраңқылық кезеңі басталады да, ол ХХ ғ. ортасына дейін жалғасады. Осы аралықта қазақтан жерін тартып алып, қоныс аударушыларды орналастырды. Одан кейін жан сақтап отырған малын алып, аштыққа ұшыратты. Одан кейін тілін ауыстырып – дәстүрінен қолын үздірді. Одан кейін бас көтерер тұлғасының жанын алды. Осының бәрі ушыға келіп, ұлттың үштен бірінің шыбынша қырылуына әкеліп соқты. Осы құлдырау үдерісінің нәтижесінде мәңгірттік құбылыс пайда болды.

Бірақ диаграмма бойынша ХХ ғ. ортасынан бастап өрлеу кезеңі басталады. Оның елесі халық санасында сақтаулы. Ал толыққанды қазіргі заманғы қуатты мемлекет 2050 жылдан бастау алады. Одан кейін 200 жылдық қуатты Қазақстан дәуірі басталады.

Қорыта келгенде, ұсынылып отырған жаңа тұжырымдама Еуразиялық көшпелілердің далалық өркениеті құрған мемлекеттерінің өмір сүруінің, дамуының ішкі заңдылықтарын көрсетеді және оны түсінуге мүмкіндік береді. Бұл заңдылықтың осы күнге шейін бұлжымай орындалып келе жатқанын қазіргі индустриалды типті қоғам құрған Қазақстанның кейпінен де көруге болады. Және болашаққа да үмітпен қарауға толық негіз болады. Бұл тұжырымдама туралы мақаланы орыс тілінде 15 жыл бұрын жариялағанмен де, ғалымдар алдында дәлелдеп шыққанмен де, осы күнге шейін тарихшылар назарынан тыс қалып отыр.

Осы мақалада 2001 жылы көтерілген мәселе тарихшылардың назарына ілінсін деп, 2014 ж. ҚазҰУ хабаршысы журналына да қазақша нұсқасын басуға ұсынған едім. Бірақ, өкінішке орай, мақала журнал бетіне басылып шықпай, авторға ешқандай жауап берілмей, аяқсыз қалдырылды.

Дегенмен, 14 жылдан кейін сең қозғалған сияқты. С. Демирел атындағы Қазақ-түрік университетінің халықаралық қатынастар кафедрасының профессоры Ж. Жанәбілдің циклдық даму заңдылығы тақырыбына қатысты «Моңғол ауысымы» және оны кезеңге бөлу мәселесі» атты мақаласы «Отан тарихы» журналының 2015 жылғы 3 санына басылып шыққан екен [9]. Бұл мақалада көтерілген мәселеде, өкінішке орай, автор шетелдік авторлардың тұжырымдамаларына сүйене отырып, қазақ тарихшыларының да өзіндік көзқарасы бар екенін ең болмаса атап та өтпепті (2001 ж. орыс тілінде басылып шыққан мақала, осы жылы аталмыш тақырып орын алған диссертацияның авторефератына сілтеме жасамағанын айтпағанда).

Ж. Жанәбілдің мақаласында көтерілген мәселе мен ұсыныстарын теориялық жағынан өз тұжырымдамалармен салыстырып талдау алдағы уақытта іске асуы қажет. Ол талдау мұқиятты нәтиже беру үшін тарихшы ғалымдар қауымы өз пікірлерін ортаға салып, осы күрделі мәселенің ғылыми түрде сапалы шешілуіне септігін тигізуі қажет.

Автор ұсынып отырған далалық өркениеттің циклдық даму заңдылығын түсіндіретін жаңа тұжырымдама Еуразия көшпелілерінің тарихын кезеңдерге бөлу мәселесіне түбегейлі өзгеріс енгізуді ұсынады.

Бұл – көшпелі қазақтардың тарихи санасында қалыптасқан ұғымдардың негізінде жасалып, көшпелілер қоғамындағы тарихи дамудың заңдылығын шынайы бейнелейтін ең алғашқы тұжырымдама.

Оқырман қауым, әсересе, тарихшы ғалымдар бұл жолы да селқос қалмас деп үміттенемін.

* Ескерту: Бұл мақалада қарастырылған мәселелер 2001 жылы орыс тілінде: «Связь приобретения статуса «ру» в семипоклоленной системе кочевых обществ с циклами развития кочевого государства // «Еуразия на стыке веков»: материалы международного симпозиума посвященного 10-летию независимости Республики Казахстан. – Астана, 22-23 ноябрь, 2001 год. – С.174-184» атты мақалада жарияланған болатын. Бұл жолы өзгертулермен толықтырылып, қазақ тілінде басылып отыр – автор *М.Ж.*

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Шпенглер О. Закат Европы. Очерки морфологии мировой истории. – т. 2. Всемирно-исторические перспективы / Пер. с нем. и примеч. И.И. Маханькова. – М: Мысль, 1998. – 606 с.
- 2 Тойнби А.Дж. Постижение истории. – М.: Прогресс, 1991. – 731 с.
- 3 Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера земли. – Л.: ЛГУ, 1989. – 495 с.
- 4 Жакин М.С. Закономерность совпадения приобретения статуса «ру» в семипокроленной системе с циклами развития кочевого государства // Сборник научных статей. – Астана: Фолиант, 2000. – Вып. 3. – С. 22-32.
- 5 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата: Рауан, 1992. – С. 382, 32, 65.
- 6 Алексеев В.П. В поисках предков. Антропология и история. – М.: Советская Россия, 1972. – С. 255.
- 7 Таскин В.С. Материалы по истории сюнну (по китайским источникам). - [Вып.1] Предисловие, перевод и примечания В.С. Таскин. – М.: Изд-во «Наука». Главная редакция восточной литературы, 1968. – 177 с.
- 8 Арриан Флавий. Поход Александра. / Пер. М.Е. Сергеевко. Вступ. ст. О.О. Крюгера. – М.-Л.: Изд-во АН, 1962. – 384 с.
- 9 Жанәбіл Ж. «Моңғол ауысымы» және оны кезеңге бөлу мәселесі // Отан тарихы. – 2015. – № 3 (71). – 128-149-бб.

References

- 1 Shpengler O. Zakat Evropy. Ocherki morfologii mirovoy istorii. – т. 2. Vsemirno-istoricheskie perspektivy / Per. s nem. i primech. I.I. Makhankova. – М: Mysl, 1998. – 606 s.
- 2 Toinbi A.J. Postizhenie istorii. – М.: Progress, 1991. – 731 s.
- 3 Gumilev L.N. Etnogenez i biosfera zemli. – L.: LGU, 1989. – 495 s.
- 4 Zhakin M.S. Zakonomernost' sovpadeniya priobreteniya statusa «ru» v semipokolennoy sisteme s ciklami razvitiya kочеvogo gosudarstva // Sbornik nauchnykh statey. – Astana: Foliant, 2000. – Vyp. 3. – S. 22-32.
- 5 Klyashtornyi S.G., Sultanov T.I. Kazakhstan: letopis' trekh tysyacheletiy. – Alma-Ata: Rauan, 1992. – S. 382, 32, 65.
- 6 Alekseyev V.P. V poiskakh predkov. Antropologiya i istoriya. – М.: Sovetskaya Rossiya, 1972. – S. 255.
- 7 Taskin V.S. Materialy po istorii syunnu (po kitayskim istochnikam). - [Vyp.1] Predislovie, perevod i primechaniya V.S. Taskin. – М.: Izd-vo «Nauka». Glavnaya redakciya vostochnoy literatury, 1968. – 177 s.
- 8 Arrian Flaviy. Pokhod Aleksandra. / Per. M.E. Sergeyenko. Vstup. st. O.O. Kryugera. – М.-L.: Izd-vo AN, 1962. – 384 s.
- 9 Zhanabil Zh. «Mongol aysymy» zhane ony kezenge bulu maselesi // Otan tarikhy. – 2015. – № 3 (71). – 128-149-bb.

М.С. Жакин¹

¹Карагандинский государственный университет
им. академика Е.А. Букетова,

Центр этнокультурных и историко-антропологических исследований
г. Караганда, Казахстан

ЦИКЛИЧЕСКАЯ ЗАКОНОМЕРНОСТЬ РАЗВИТИЯ СТЕПНОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ ЕВРАЗИИ

Резюме

Статья посвящена циклической концепции развития государства кочевников на территории Евразии. На основе анализа известных науке исторических фактов и понятий исторического сознания казахов и их предков выяснена «семипоко-

ленная» циклическая закономерность развития. В качестве центрального понятия исторического сознания кочевников казахов проанализированы смысл и содержание понятия «Жеті ата». В результате предложена концепция семипокроленной циклической периодизации истории кочевников Евразии.

Ключевые слова: Степная цивилизация, развитие, цикл, «семь поколений», род, ел, генеалогия, периодизация, племенной союз, государство, империя, кризис, основание, расцвет.

M.S. Zhakin¹

¹E.A. Buketov Karaganda State University,
Center for Ethno-Cultural and Historical-Anthropological Research
Karaganda, Kazakhstan

CYCLIC PATTERN OF THE EURASIAN STEPPE CIVILIZATION DEVELOPMENT

Summary

The article is devoted to the concept of cyclic development of the state of nomads in Eurasia. The «Seven generations» cyclic pattern of development was found out based on the analysis of known historical facts and concepts of historical consciousness of the Kazakhs and their ancestors. The meaning and content of the concept of «Zheti ata» were analyzed as a central concept of historical consciousness of the Kazakh nomads. As a result, the concept of «seven generations» cyclic periodization of Eurasian nomads history was presented.

Keywords: steppe civilization, development, cycle, «seven generations», el, genus, genealogy, periodization, tribal union, state, empire, crisis, basis, flourish.

Кесте 1 – Жетіаталық жүйеде «ру» статусына ие болудың көшпелілер мемлекетінің циклдық даму кезеңдерімен сай келу заңдылығы*

Жетіаталық жүйе аясындағы «ру» атаулары					Ата-бабалар өмірінің хронологиясы	Қазақ хандығы дамуының негізгі кезеңдері
1	Қаракесек				1460-1530	1453-1523 (?) Қасым хан
2	Ақша	Түйте			1490-1560	
3	Бошан	Майқы			1520-1590	
4	Машай		Сарым		1550-1620	1538-1628 Хақназар - Есім
5	Тілеуберлі	Бөйімбет	Токсан		1580-1650	
6	Керней**	Дәулет (Қояншы-Танай)**	Мастан		1610-1680	
7	Дау	Бектеміс	Мамыр	Құлжан	1640-1710	
8	Түйте	Берлібай	Қоңырбай	Айдабол	1670-1740	1680-1715 (18?) Тәуке хан

* 1 – Кестеге түсініктеме

• 1-ші қосымшаның деректері 1998 жылдың мамыр-маусым айларында Қарағанды облысы Шет ауданы бойынша жүргізілген дадалық этнографиялық экспедиция кезінде жиналды.

• Ақпарат беруші – Төрехан Майбас, шежіреші. Қазақтың ауызша шежіресіне қатысты мәліметтерді жинаумен өткен ғасырдың 70-ші жылдарынан бері айналысып келеді.

- Кестеде келтірілген шежірелік деректер (Қаракесек руының таралауы) Ф. Щербина материалдары (Ә. Бөкейханов зерттеуі) бойынша беріліп отыр.
- Кестеде келтірілген ұрпақтар өмірінің хронологиясы Т. Майбас мәлімдеген төмендегі аңыздар бойынша анықталды:

1-ші аңыз: Ел аузында айтылып жүретін «Түйтенің тойындай болып жүрмесін» деген мәтел Қаракесектің 8-ші ұрпағы Түйте батырдың өміріндегі елеулі оқиғаға қатысты айтылған екен. Бұл оқиға қазақ хандығының тарихындағы елеулі оқиғамен түспа-түс келген. Аңыз бойынша Түйте кеш үйленген (шамамен 40-50 жаста – М.Ж.). Тұңғышы және одан кейін тағы екі баласы туғанда олардың құрметіне дәстүрлі шілдехана тойын тойлай алмаған. Оның себебі осы кезде үш жүздің басын біріктірген қазақтың бас ханы – Тәуке қайтыс болған екен. (Бұл 1715 жыл – М.Ж.).

Қорытынды: бұл мәліметтер Түйтенің осы кезде шамамен 45 жаста болғандығын анықтауға мүмкіндік берді. Яғни, 1715 жылы Түйте 45 жаста болса, туған жылы 1670 болып шығады. Бұл датаға бір адамның өмірі ұзақтығын шамамен 70 жас деп алып, қоссақ: $1670+70=1740$, Қаракесектен тарайтын 8-ші ұрпақтың, «туажаттардың»: Түйте, Қоңырбай, Берлібай, Айдаболдардың қай жылдары өмір сүргендігін анықтаймыз. Ол 1670-1740 жылдар аралығы. Бұдан кейін осы датадан бір ұрпақтың орташа жасын – 30 жасты алсақ алдыңғы 7-ші, 6-шы т.б. ұрпақтардың өмір сүрген жылдары анықталады. Осылай Қаракесек руынан тарайтын ұрпақтардың өмір сүрген жылдарын анықтауға мүмкіндік туды.

2-ші аңыз: аңыз бойынша ел ішінен жеті батыр шығып, оңтүстікке барымтаға аттанған екен. Мақсаттары - жорыққа мінетін аттардың тұқымын асылдандыру мақсатында «теке, жәуміт», «қарқабас» атты асыл тұқымдардың байталын қолға түсіру. Бірақ, жорықтан бір ғана батыр аман қайтқан. Қалғаны хабарсыз кеткен. Содан ел ішінде Түйте мен Қоңырбайдың ұрпақтарын сөзбен қағытқанда: «байталдың соңында кеткен аталарыңды тауып алмайсыңдар ма?!», – дейді екен.

Қорытынды: Аңыз бойынша аталған батырлар шынымен замандас болғаны анықталады.


- Кестедегі Қаракесектің 8-ші ұрпақтары: Түйте, Қоңырбаймен бірге Берлібай, Айдаболдар да ру атауы статусына ие болғандығын Ақсу-Аюлы елді мекенінің солтүстігіндегі қорымдағы құлпытасқа жазылған жазбалар да дәлелдейді.

**** Берлібай мен Түйте Машайдың ұрпақтары.** Кестеде Қаракесектің Ақша бұтағынан «ру» атауы статусына Сарымның замандасы Машай емес, оның немерелері – Керней мен Қояншы-Таңайлар ие болады. Оның себебі: ауызша шежіре бойынша Бошанның бес баласының бірі – Машай, ағаларының бірі – Таз қайтыс болған соң, жасырын жесір жеңгесіне «аяқ салған» екен. Оны біліп қойған ағалары әмеңгерлік жолымыздан аттадың деп Машайды жазалаған. Өкпелеген Машай ағайындарынан кетіп қалады. Бошандар Қарқаралы, Қу өңірін жайлап жатқан. Машай Сарымның әкесі – Майқыға келеді. Майқы Машайды ел ішіндегі бір жесіріне үйлендіріп, жер бөліп береді.

Бұл аңыздан анықталатыны Машайдың өмір сүрген уақыты Хақназар мен Есім хан кезіндегі рулардың қалыптасуымен дәл келіп тұрғанымен, ол кездейсоқ (жекелеген, ішкі) жағдайға, жеке басындағы болымсыз мәнді оқиғаға байланысты өз руынан тыс, басқа қалыптасып қалған рудың ортасына тап болды. Сондықтан оның өзінің емес, немерелерінің атауы (Керней, Қояншы-Таңай), екі ұрпақтан кейін Сарымнан бөлек ру атауы статусына ие болады. Бұл жерде атап өтетін тағы бір ерекше жағдай – Берлібай Қояншы-Таңай руына жатады. Оның атасы – Дәулет, Қояншы мен Таңайдың ағасы. Үлкендігіне қарамай, белгісіз себептерден Дәулет атауы ру атауы статусына ие болмайды. Ал оның немересі Берлібайдың аты, жоғарыда түсіндіріліген заңдылық бойынша (Машайдың немерелерінің аты екі ұрпақтан кейін ру атауы статусына ие болғандай) Түйте, Қоңырбай, Айдаболдармен қатар Тәуке ханның кезінде ру атауы статусына ие болады.

Көшпелілер мемлекеті дамуының негізгі шешуші кезеңдерінде қалыптасқан рулардың, кейіннен іштей қайта бөлініп, құрылып жатуының ішкі механизмдері осымен түсіндіріледі.

Диаграмма 1. Қазақстан аумағындағы далалық өркениеттің
циклдік дамуы



ТАРИХ ЖӘНЕ ТҮЛҒА ИСТОРИЯ И ЛИЧНОСТЬ HISTORY AND PERSON

ӘОЖ 94(574)

Ә.Қ. Мұқтар¹,
Ү.Т. Ахметова¹

¹Атырау мұнай және газ институты,
Атырау қ., Қазақстан

ҚАРАБАЙ СҰЛТАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ ТАРИХЫНАН

Аннотация

Мақалада Қазақ хандығы тарихында өз ізін қалдырған 1715-1718 жылдары қазақтың Бас ханы болған Қайып ханның немересі Қарабай Батырұлы мен оның ұрпақтарының қоғамдық-саяси қызметтері талданады. Қарабай сұлтан 1757 жылы 4 айдай Хиуа хандығының ханы болып, кейін елге оралып, Қазақ хандығының батыс бөлігінің беделді ел билеушісі деңгейінде халқына қызмет қылып, мәңгілікке ел есінде қалды. Ол Сырым бастаған ұлт-азаттық қозғалысты, Бөкей ханның Еділ-Жайық аралығына көшу саясатын қолдады. Ал ұрпақтары ел алдында еңбек етті.

Түйін сөздер: Қазақ хандығы, Хиуа хандығы, Ресей империясы, Бөкей ордасы, Қарабай сұлтан

Хиуа хандығы тарихы Қазақ хандығы тарихымен тығыз байланыста жатыр. Ол тек қана сол замандағы әлеуметтік-экономикалық, саяси, рухани жағынан ғана қарым-қатынаста болуымен ғана емес, сонымен бірге мемлекетті басқару тарихынан да анық байқалады. Хиуа хандығын 1511-1695 жылдар аралығында Мұхаммед Шейбани хан әулетінен тараған Арабшахидтер әулеті, 1804 жылдан бастап Қоңыраттар әулеті басқарған. Ал 1695-1804 жылдар аралығында хандық таққа өзге Шыңғыс хан әулетінен тараған ұрпақтардың ішінде қазақ сұлтандары да отырған. Оны өз заманында Хиуаны билеген атақты Жәнібек ханнан тараған Жәдік пен Үсеке ұрпақтары тарихынан анық көреміз. Мұрағат деректері Жәнібек-Үсеке әулетінен 1728 жылы Мамай Тоқтамысұлының (Сары-Айғыр деп те жазылады. Әбілқайыр ханның бауырының ұлы – Ә.М., Ү.А.), 1740 жылы атақты Әбілқайыр ханның, 1741-1742 жылдары Нұралы Әбілқайырұлының, 1764-1765 жылдары Жәнібек сұлтанның немере інісі Тәуке сұлтанның, сөз кейін Бөкей Ерәліұлының, 1772 жылы Ағым Ерәліұлының, Жәнібек-Жәдік ұрпақтарынан 1728 жылы Батыр Қайыпұлының, 1747-1757 жылдары Қайып Батырұлының, 1757 жылы Қарабай (Абдолла деп те жазылады – Ә.М., Ү.А.) Батырұлының, 1765 жылы Шағазы Қайыпұлының (бір деректе Әбілғазының ұлы делінеді – Ә.М., Ү.А.), 1767 жылы Әбілғазы Қайыпұлының (тарихта ІІІ Әбілғазы деп аталады – Ә.М., Ү.А.), 1769-1799 жылдары Жіһангер Қайыпұлының Хиуа ханы тағында отырғанын дәлелдейді. Мұның өзі ХVІІІ ғасырдағы Қазақ хандығының сыртқы саясаттағы сөзсіз жетістіктерін айғақтайды. Бұл бағыттағы шешуші қадамдар Қазақ хандығының Бас ханы Әбілқайыр ханның билігі тұсында оң шешімін тапты. Хиуалық Шир Мұхаммед бен Әмир Авазбин-мираб немесе Мунистің «Фирдиус Ал-Икбал» еңбегінде «Хиуада Әбілқайыр хан немере інісі Сары – Айғыр өлген соң, Иш-Мұхаммед би Бахадур ханды (Батыр сұлтанды – Ә.М., Ү.А.) хан етті. Ол 6 айдан соң Ақ-шейх сарайынан қашып, өзінің қазақтарына кетті» делінген [1, с.463-464]. Бұл оқиға шамамен 1728 жылдары болған. Өйткені осы жылы Әбілқайыр ханның немере інісі Тоқтамысұлы Мамай сұлтан хан болып тағайындалып, аптаға жетпейтін уақыт ішінде қайтыс болады [2, с.71]. Келесі хан

тағына Батыр сұлтан билікке келеді. Бірақ араға уақыт сала Батыр сұлтан өзбек билеушілерінің әрекеттерінен ығысып, Сыр бойындағы иелігіне оралған болатын.

Әбілқайыр хан елінің оңтүстік іргесін бекіту үшін Хиуа хандығын өзіне қосуды жоспарлағанын ешқашан жасырған емес. Мәселен, 1740 жылы 24 қаңтардағы орыс патшасына жолдаған хатында, өзінің хиуалықтар шақыруымен барып қайтқанын және парсы шахына елші жібергенін еш бүкпесіз хабарлайды. Хан осы жолы Ресейдің халықаралық беделін пайдалана, Хиуаны өзіне түкпілікті бағындыруды көздегенді. Сондықтанда ойын жүзеге асыру үшін хан өзара уағдаласқан келісім бойынша орыс патшасынан әскери қолдау сұрайды [3]. Ресейдің ашық қолдауын күтпестен мүмкіндікті қолдан шығарып алмау үшін тәуекелге бел буып, қазақтардың ертеден Хиуа билігіне таласы бар екенін алға тартып, 5 қарашада хиуалықтар қалауымен Хиуа ханы болып сайланады. 1740 жылы 7 қарашада орыс елшісі Д. Гладышев Хиуа хандығына келгенде хан сарайында тақта Әбілқайыр ханның отырғанын: «Басына қызыл жібектен сәлде ораған Әбілқайыр амбонмен (патша қақпасы алдындағы биіктеу жер) бекітілген, парсы кілемі жабылған, ханның орнында қызыл бархыт жастық жастанып отырды, айналасында қырық шақты ақсүйек Хиуа ақсақалдары отыр», – деп көзімен көргенін сипаттап жазған болатын [3, с. 178].

Қазақ ханының көршілес халықтарды өзіне қосып алып, Қазақ хандығын күшейтуді ойлаған жоспарын сезінген орыс үкіметі әрқашан да оны «сөзбен» ғана шығарып салып, ешқашан қолдау көрсетпеді. Соған қарамастан мәселені шешу мақсатында ендігі жағдайда Әбілқайыр хан Иран билеушісі Нәдір шахқа елшілік жібереді. Хан таңдауы бір кезде Хиуаны билеген Батыр хан ұлы Қайып сұлтанға түседі. Қайып Хиуаны 1715-1728 жылдары билеген Шерғазы ханның қызынан дүниеге келген-ді. Олай болса сөз жоқ, Қайып Хиуа хандарының жиені ретінде аталған хандықтың мәселесімен шұғылдануға толық құқылы болатын. Н.П. Рычков күнделік жазбасында: «Парсының патшасы Хиуа иелігіне дейінгі жерлерді жеңіп келіп, бұл жердің астанасы Хиуа қаласын да алған. Осы кезде Батырды қамқорлығына алуды сұрап, қазақ ханы Әбілқайыр Қайыпты Нәдір шахқа елші қылып жіберген», – деп хабарлайды [4, 85-86-бб.]. Сонымен, Қайып Батырұлы Әбілқайыр хан тапсырмасымен, біздіңше, 1745 жылдың көктемінде Нәдір шахқа аттанған. Оны осы жылы жазда Әбілқайыр ханға Хиуа елшілері Құдайберді инак пен Құтлы молда әкелген парсының әскербасы Хиуалық Уәйіскүл михтардың хаттары айғақтайды. Нәдір шах 1745 жылы 5 мамырда Әбілқайыр ханға: «Бізбен келісе отырып, иомут халқына соққы беруді сұрайсыз, сонымен бірге марқұм Шерғазы ханды мысалға ала отырып, Қайып сұлтанды және басқаларын қоюға болатындығына үміттенесіз, біздің әуелден сізге қайырым көрсету ойымыз бар», – десе, Хиуалық Уәйіскүл: «Сіздің жіберген елшілеріңіз шах қызметінде болып, шахтардың шахы оларға көптеген мейірім көрсетті», – деп жазады [5, 132, 142-пп.]. Қайып бастаған елшіліктің сәтті қабылданғанына куә болған Әбілқайыр хан 1746 жылы елшісі Ақмырза арқылы парсы шахына тағы хат жолдайды. Хан: «Егер орыстар тарапынан қысымға түссе, олардан қорғану мақсатында Хиуа иелігіндегі Бескала қалашығын өзіне беруді өтінеді». Елшілік сапарында Ақмырза Қайып сұлтанның шах сеніміне ие болғанын анықтайды. Бұхара хандары Үбайдолла (1702-1711), Әбілпейіз (1711-1747) сарайында кітапханашы болған Мұхаммед Вафа ибн Мұхаммед Захир Карминаги (Қазы Вафа) «Тухфат ал-хани» («Хан сыйлығы» немесе «Тарихи Рахим хан») еңбегінде Қайыптың осы кезеңдегі өмірі мен қызметі толықтырыла түседі. Еңбектен Қайыптың шах бұйрығы бойынша атақты Фирдоуси ақынның Отаны Хорасандағы (Иран) Туе қаласында қызметте болып, оның сеніміне ие болғанын байқаймыз [6, с. 45-50].

Қазақ-иран билеушілерінің сенімді мәмілегерлік қарым-қатынасының соңы 1746 жылы Хиуаның хан тағына Қайып сұлтанның бекітілуімен аяқталады. Содан Қайып Батырұлы 1746 жылдан 1757 жылға дейін Хиуаны биледі. Хорасан қолдауына ие болып Хиуа мәселесін өз пайдасына шешіп елдің оңтүстік іргесін бекітуі Әбілқайыр ханның Қазақ хандығының сыртқы саясатындағы сөзсіз жеңісі болды.

Қайып Батырұлы Хиуада хандық құрған жылдары қазақтар елдің оңтүстігінде өзіндік саясатын батыл жүргізіп, өзара келісімді жүзеге асыруға күш салады. Өйткені оңтүстік аймақта өзбек бектері мен түркімендердің, қарақалпақтардың талас-тартысы кез келген уақытта тұтанып, оған сөзсіз қазақтар тартылатын.

Қайып ханның Хиуадағы билігі күшейген сәтте оның бауыры Қарабай сұлтан алғаш рет мұрағат құжаттарына түседі. Қайып ханның 1753 жылы желтоқсан айында өзбек бектерін төңірегіне топтастырған Қораз бекті өлтіріп, кейін одан туындаған мәселелерді реттеуге қатысты құжаттарда Қарабай сұлтан есімі кездеседі. Мұрағат деректері 1754 жылы наурыз айында Қарабай сұлтан қарақалпақ, түркімен, өзбектердің толқуына байланысты Қайып ханның арнайы шақыртуымен Хиуаға келді деп тарқатады. Оның алдында Батыр хан да өз адамдарымен Хиуаға жеткен болатын. Міне осыдан кейін Қарабай сұлтан Хиуадағы саяси мәселелермен шындап айналыса бастады [7, 54-п.].

Қайып Батырұлының Хиуа хандығындағы қоғамдық-саяси қызметінің соңы 1757 жылы Хиуадағы наразылық әсерімен елге оралған сәтте хандық тұғырға інісі Қарабай сұлтанның хан болып сайлануымен аяқталды. Мұрағат деректері Қарабай сұлтанның хан сайлануынан 1 жыл бұрын Нұралы ханның қарындасына үйленіп, Әбілқайыр ханның отбасымен байланысын бекіткенін жазады [7, 60-61-п.]. Дегенмен, кейбір зерттеушілер сұлтанның Нұралы ханның Айдарханым атты қызына үйленгенін де атап өтеді [8]. Қалай болғанда да Қарабай сұлтан әкесі Батыр ханның саясатын жалғастырып, Әбілқайыр хан ұрпақтарымен болашақтағы тығыз қарым-қатынастың берік негізін қалайды.

Қарабай сұлтанның Хиуаға хан сайлануы тарихының өзі ерекше қызық. Мунис өз еңбегінде: «Халық наразылығына ұшыраған Қайып хан Хиуаға онымен көрісуге келген әкесі Батыр сұлтанға қосылып, орнына інісі Қарабай сұлтанды хан сайлады. Көп ұзамай Гүрлен әмірлері сұлтанның бауыры Байбөріні (Бөрі сұлтанды – *Ә.М., Ү.А.*) өлтірді. Содан ханды орнынан түсіріп, оны әкесі және үлкен ағасына жібереді. Ол елді 4 ай басқарды», – деп нақтылай түседі. Міне осы хандық таққа аз уақытқа отырса да хиуалықтар Қарабай сұлтанға «Абдолла хан» есімін беріп үлгерген.

Тақтан күшпен босатылған соң Қарабай хан Бұхара хандығының билеушісі Мұхамед Рахымның бұйрығымен Бұхараға алдырылады. Онымен бірге Қайып ханның отбасы мүшелері де бірге келеді. Дегенмен араға біраз уақыт сала Мұхамед Рахым қазақ ханын, оның отбасын босатқандай. Зерттеуші Ж. Исмурзиннің пікірінше, мұндай қадам арқылы Бұхара ханы Ресеймен жасалатын сауда-саттықты дамытуды және оған Батыр хан ұрпақтарын пайдалануды көздегенді деген түйін жасайды [9, 55-57-бб.]. Расында да сауда керуендерінің қазақ елінің оңтүстігінен тыныш өтіп Ресейге жетуі үшін, сөз жоқ, алдымен беделді қазақ сұлтандарының қолдауы қажет болатын.

Қарабай сұлтанның есімі осыдан соң 1761 жылы қыркүйекте Хиуаға өзінен соң сайланған Темірғазы ханның Орынборға шыққан керуенін тоқтатуымен қайта мұрағатқа түседі. Сұлтан жанында Кіші жүздегі Байұлы шеркеш Тұрмамбет, адай Асан палуан, алаша Байқара басқарған қазақтар болатын. Суыт хабар Орынбор губернаторы А.Р. Давыдовқа да жетеді. Араға уақыт сала Нұралы хан орыс әкімшілігіне керуенді тоқтату себебін Бөрі сұлтанның өлімінің кегі ретінде деп түсіндіреді [10].

Хиуа тағына отырған Темірғазы хан да толыққанды беделге ие бола алмады. Ол 1764 жылы өлтіріліп, орнына қазақ сұлтаны Жәнібектің немере інісі Тәуке сұлтан бекітіледі. Міне, осы тұста Хиуа бектерімен келісудің реті туып, Қарабай сұлтан Хиуаға келіп, екіжақты келіссөз жүргізеді. Ол бойынша хиуалықтар жоғарыдан келе жатқан керуенді тоқтатпауға ал қазақтар Бөрі сұлтанның өліміне құн талап етпейтін болады [9, 61-б.].

XVIII ғасырдың 60-шы жылдары Қарабай сұлтан өзге ел билеушілерімен бірге өз елшілерін көршілес мемлекеттерге аттандыра бастады. Мәселен ол Нұралы хан,

әкесі Батыр, ағасы Қайыптармен бірге Цин патшасына Долыбай бастаған елшілерін жіберген. Қытайтанушы Б. Еженханұлы қазақ елшілері қатарында Долыбайдан басқа Батыр ханнан Болат, Тоқ сұлтаннан Тоқтаған батыр, Есімсұлтаннан Елшібай, Бөкей сұлтаннан Болат барлығы 7 елші 7 арғымақты сыйға алып, Цин еліне барған деген деректі тарқата түседі [11].

Осы тұста Қарабай сұлтан қайынағасы Нұралы хан және оның бауырларымен бірге қазақ-түркімен қарым-қатынасын реттеуге күш салады. Дегенмен ол қазақ-түркімен арасында болған шайқаста ауыр жараланып, 200 қазақпен бірге түркімендер қолына түсіп те қалады. Бұл оқиға 1766 жылы қыркүйек айында болған. Мұндай хабар Нұралы ханның 1767 жылы 17 ақпандағы Орынбор губернаторы А.А. Путятинге, түркімен старшындарының 1767 жылы 6 мамырда орыс патшасы ІІ Екатеринаға жолдаған хаттарымен дәлелдене түседі. Тарихи құжаттардан байқағанымыз екі жақ талас-тартыс себебін өзінше түсіндіреді. Ең бастысы шиеленісті мәселеге хиуалықтар май құя түскен. Ал орыс үкіметі мұндай жағдайда әдеттегідей сырттан бақылаушы ғана болып қалады. Осы жылы 7 маусымдағы Айшуақ сұлтанның вице-канцлер А.М. Гольцинге жолдаған хатында түркімендердің келісімге келіп, тұтқындарды босатқаны баяндалса, Досалы сұлтан хиуалықтардың Нұралы ханның бір ұлын өздеріне хан ретінде шақырғаны белгілі болады. Бұл жай жоғарыдағы талас-тартыста қазақтардың талабының дұрыстығын дәлелдейді [12, 10-17-пп., 50-58-пп.]. Бұл тарихи оқиға Қазақ хандығының сыртқы-ішкі саяси мәселелерін дербес өзара мәмілеге келіп шеше алғанын нақты дәйектей түседі.

XVIII ғасырдың 60-70 жылдарында Қарабай сұлтан 12 ата Байұлының шеркеш руымен бірге көшіп-қонған. Оған осы рудың беделді биі Тұрмамбет сынды ел ақсақалдары қолдау көрсеткен. Кейбір деректер сұлтанды аталған рудың ханы деп те көрсетеді.

Аталған тарихи кезеңді зерттеуші Н. Бекмаханова Е. Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі кезінде шеркеш руы қазақтарының көтеріліске қатысқаны туралы жазады. Мәселен орыстарға тұтқынға түскен Тойоғлы Сейітқұлұлы 1774 жылы 18 қаңтарда берген жауабында Нұралы ханның күйеу баласы Қарабай төре ұлысындағы Тұрмамбет Басұрмановтың қарауындағы Кіші жүз қазағы екенін мойындаған. Тойоғлы Сейітқұлұлы берген жауабында Қарабай төренің мыңға жуық түтінмен Жайық өзенінің арғы жағын мекендеп, жазда Орынбордың далалық бетіндегі Жем өзені бойында, ал қыста Жайық өзенінің сағаларында, Нұралы ханның қыстауынан алты күндік, теңізге жақын Атырау деп аталатын жерді жайлайтынын хабарлаған [13].

Қарабай сұлтан ата жолымен Әлімұлы руларымен де тығыз байланыс ұстаған. Тарихшы И.В. Ерофееваның пікірінше, Қарабай сұлтан кейін Әлімұлы руларының біразын басқарып, ел ішінде едәуір беделге ие болған. Орыс деректері Қарабай сұлтанды Мір сұлтан Қарабай деп атайды. Сұлтанның қоғамдық-саяси қызметі XVIII ғасырдың 80-шы жылдары ерекше жандана түскен. Ол орыс мұрағаттарында Нұралы хан 1786 жылы көктемде патша шенеуніктерімен қазақ-орыс шекарасына кездесуге келіп, сол жерде Ресейде күштеп қалдырылуға шешім қабылданған кезеңде айрықша көзге түсе бастады. Біздіңше, орыс мұрағатындайқын көрінуі сұлтанның ағасы Қайып ханның Кіші жүз ханы тағына негізгі үміткер ретінде жиі атала басталуына байланысты болса керек.

1786 жылы 9 наурызда Кіші жүзде ел игілері жиналған үлкен Кеңес өтеді. Кеңеске Сырым батыр, шекті Мұрат би, адай Асан би, табын Тіленші би, масқар Дөнен батыр, кете Көккөз би, Әбдіжәлел қожа, беріш Төлек батыр, Саржала би, Байгелді би, Бөдене би, есентемір Байсары батыр және өзге де мыңға жуық қазақтармен бірге Қарабай сұлтан ұлымен қатысқан. Міне осында Орынбордан әдейі келген адъютант М. Черкасский мен ахун М. Хұсайынов Әбдіжәлел қожаға Қарабай сұлтанның ағасы Қайып ханды О.А. Игельстроммен жақынырақ

таныстыруды ұсынады. Мақсат елдегі беделді Батыр сұлтанның ұрпақтарын өз жақтаушылары қатарына тарту болатын.

1786 жылдың 3 маусымда патша үкіметі Нұралы ханды хандық тақтан айырып, Уфаға жер аударады. Содан Нұралы хан Уфа қаласына 1786 жылы 22 шілдеде жеткізілген. Мұндай жағдай сөзсіз барша қазақты толғандырған. Өйткені дәстүрлі хандық басқару орнына болашақта мүлдем бейтаныс орыстық жүйені енгізу қазақ үшін ақылға сыйымсыз болатын. Мұны сезінген Қайып сұлтан інісі Қарабай арқылы шілде-тамыз айларында Сырым батырмен кездеседі.

Қайып хан кездесу турасында 1786 жылы 7 қыркүйекте Елек қорғанынан 60 шақырым төменгі Елек өзені жанындағы ордасынан Орынбор губернаторы О.А. Игельстромға жолдаған хатында: «Мұндағы халықтың игілігі мен тыныштықты қалауы және олармен ортақ келісім үшін орныма туған інім Қарабай сұлтанды қалдырып, өзімнің шалғайдағы мекенімнен осында келдім. Менің мекенім қаншалықты шалғайда болса да, екі жақты игілік пен тыныштық үшін мүмкіндігімше асықпауға тырысамын», – деп Кіші жүздің хандық билігінің тағдырының ел үшін маңыздырақ екенін түсіндіреді.

1786 жылы 24 қыркүйекте Қайып хан Елек өзені бойындағы Кіші жүздің старшын, би, батырларының Кеңесіне қатысады. Кеңес барысында қазақтардың Қайып Батырұлын Нұралы ханның орнына таңдағаны белгілі болады. Ал 25 қыркүйекте жалғасқан Кеңеске Қарабай сұлтанда келеді. Кеңес барысында М. Бекчурин, М. Хұсайынов Қайып хан, інісі Қарабай, Қайыпхан ұлы Жиһангер, Сейітғали сұлтандарға патша «бодандығын» қабылдаудың артықшылығы мен тиімділігін насихаттайды. Орыс елшілері кейін кездесу туралы толтырған жазбасында «олар бодандықты қабылдады» деп қорытады. Мұның өзі ел игілерінің Ресей түсінігіндегі «бодандықты» қабылдамағанымен, Қазақ хандығы мүддесі үшін орыс әкімшілігімен ортақ келісімге келгенін айғақтайды.

Кеңес соңында 1786 жылы 30 қыркүйекте Қарабай сұлтан, Көккөз би, Толыбай би бастаған Кіші жүздің беделді 120 старшыны М. Бекчурин, М. Хұсайыновпен бірге Орынборға аттанады. Қазақ елшілері қазан айының басында О.А. Игельстроммен кездеседі. Губернатор 1786 жылы 9 қазанда Кіші жүзге кері қайтарылған қазақтар арқылы Қайып ханға хат жолдайды. О.А. Игельстром: «Сіздің інііз Қарабай сұлтанның Сырдарияға қыстауға кететінінзді естідім» дей келе, «Сіздің Кеңестің патша сарайына жіберуді қалаған депутаттарыңыздысайлап, тізімін маған жіберсеңіз», – деп өзінің Қайып ханмен өзара байланысты қолдайтынын жасырмайды. Қайып ханның назар аударарлық тұлға екенін сезініп, О.А. Игельстром М. Бекчурин мен М. Хұсайыновқа Қайып ханның ата-тегін анықтауды тапсырады. Нәтижесінде Шыңғыс хан – Лашын хан – Тоғым хан – Шығай хан – Хұсырау хан – Есім хан – Жиһангер хан – Қайып хан – Батыр сұлтан – одан Қайып, Құдайменді, Қарабай сұлтандар тарайтынын анықтап біледі. Міне, осындай нақты ақпараттардан соң Орынбор шенеуніктері бұл әулетке, соның ішінде Қарабай сұлтанға ерекше назар аудара бастайды.

Көп ұзамай генерал губернатор орыс патшасының хандық басқаруды жою жоспарын іс жүзіне асыру үшін қазақ-орыс мәселелерін шешу сылтауымен қазақтың ел игілерін Орынбор әкімшілігі құрған Шекаралық сот пен расправаларды қолдауға шақырады. Тарихта осылайша аты қалған Игельстром реформасы бойынша күзгі Кеңес шешіміне сәйкес Орынборда 1786 жылы 3 қазанда Шекаралық сот ашылады. Оның төрағалығына Орынбор обер-коменданты Я.М. Зенбулатов бекітіледі. Сот тікелей генерал-губернаторға бағынып, одан әрі Кіші жүздің барлық билігі соған өтуі тиісті еді. Шекаралық сотқа қазақтар атынан бастапқыда Әбдіжәлел қожа мен Қарабай сұлтанның баласы Есмұхамед ұсынылғанымен, белгісіз себептермен оның құрамына енгізілмей қалады. Сырымтанушы М.П. Вяткин: «Сотқа сайланған 7 адамның 6-уы қазақ емес еді. Сондықтан қазақ мәселесінің сотта оңды шешілуі мүмкін емес болатын», – деп дәл көрсетеді [14, с.235-237].

Осындай сәтте қазақтың игі-жақсылары қазақ-орыс шекарасындағы талас-

тартыс мәселелерді шешуге барын салады. Олардың арасында Қарабай сұлтан да көзге түседі. Мәселен, сұлтан қарым-қатынасты тұрақтандыру мақсатында тұтқынға алынған казак-орыстарды кейін қайтару шараларында, енді бірде казак даласынан орыс әскерилеріне қашып кеткен тұтқындарды талап еткен ел игілерінің тізімінен көрінеді.

Қарабай сұлтан 1786 жылы қараша айында Уфа және Симбирск әкімшілігінің генерал-губернаторы О.А. Игельстромға жолдаған хатында Қаратау, Мұратбек, Көккөз, Тұрмамбет, Дөнен, Сопыра, Бөдене, Шойтас және өзге де беделді қазақтың би-батырларымен бірге жоғарыдағы мәселелердің шешілуін талап етеді.

Қарабай сұлтан қазақ-орыс шекарасындағы жайылымдарды реттеу, шекаралық орыс әскерилердің озбырлығына тыйым салу мәселелерімен де шұғылданады. О.А. Игельстром қазақтардың мұндай талаптарын мүмкіндігінше өз жоспарына пайдаланып қалуға тырысады. Сондықтан генерал-губернатор жайылым мәселесінде орыс әкімшілігімен қарым-қатынасы дұрыс деп есептелінген қазақтың игі-жақсыларын қолдап, 1786-1787 жылдың қысында 20 би-батыр және Қарабай сұлтан иелігіндегі 45.400 түтінге Еділ-Жайық қосөзен аралығын қыстауға рұқсат етеді. Олардың қатарынан атақты Сырымнан басқа маскар Дөнен Итемгенұлы 1000, қызылқұрт Жанбай Сегізбайұлының 400, ақкете Көккөз бидің 500, алаша Сопыра бидің 3000, шеркеш Жарқынбай батырдың 3000, ысық Қаратау бидің 10 000 түтінімен атақонысқа көшуге ие болғанын көруге болады. Рұқсат қағазға ие болған төре тұқымдары арасынан жалғыз Қарабай Батырұлы бар болатын. Ол 1500 түтінмен ішкі бетке өту құқығына ие болған [15, с.86-87].

Осы тұста патша үкіметі не болғанда да Қазақ хандығында орны бар Қарабай сұлтанды өз саясатын қолдаушылар қатарына тартуға барынша күш салады. Ол турасында О.А. Игельстром да өз ойын жасырмайды. 1787 жылы 9 қарашада Екатерина патшайымға жолдаған хатында генерал-губернатор Кіші жүздегі орыс реформасының сәтті жүруі үшін беделді Қарабай сұлтанға 200 руб. жалақы тағайындауды ұсынады. О.А. Игельстром: «Қайып сұлтанның туған інісі Қарабай сұлтан халқының сүйіктісі. Ол өзінің және Қайыптың балаларымен бірге қазақ старшындарын ертіп келісімге келді», – деп, сұлтанның қоғамдық белсенділігін жоғары бағалайды [15, с.102].

О.А. Игельстромның адъютанты полковник Д.А. Гранкин де Қарабай сұлтанға айрықша назар аударған. Полковник генерал губернатордың іс-әрекетін сынға алып, құрылған Шекаралық сот пен расправалардың тиімсіздігін алға тартқанымен, Кіші жүзді 4 бөлікке бөліп басқартуды жақтайды. Полковник: «Уфаға тұрақтаған Нұралы әбден қартайды. Оның өзі де ендігі жағдайда хан болуды аңсамайды. Кіші Орданы бөлшектеп Ерәлі, Айшуақ, Қайып және Қарабай сұлтандарға басқартамыз. Олар халқымен соттарды тандап алады», – деген өз ойын білдіреді [15, с.107].

1787 жылы 26 қыркүйекте М. Бекчурин, ахун М. Хұсайынов және Қарабай сұлтанның ұлы (Есмұхамед болуы керек – Ә.М., Ұ.А.) Кіші жүзге жіберіледі. Оларға қайткенде де Әлімұлы, Байұлы, Жетіру аталарына расправа құру және қазақтарға «орыс патшасына адалдық» туралы аңтын қабылдану жүктеледі [16, 30-41-пп.]. Сол күні генерал губернатор Кіші жүз старшындары мен билеріне, батырларына, мырзаларына, бүкіл халқына үндеу жолдайды. О.А. Игельстром үндеуінде осындай қадам арқылы қазақтардан қолдау табу үшін орыс тұтқынында жатқан Айшуақ сұлтанды босатқанын және көп ұзамай қамауда жатқан Жоламан, Барған, Табылды батырларды босатып, елге қайтаратынын айрықша атап өтеді. Ал Нұралы ханды елге қайтаруға сол тұста Кіші жүздегі ең беделді деген 18 адам – Сегізбай, Саржала, Айдарбек, Көккөз, Қаракөбек, Басықара, Жанұзақ, Қойкелді, Нұрмұхамбет, Сырым, Бөдене, Дөнен, Қаратау, Сопыра, Атағазы, Әбдіжәлел және Қарабай сұлтанның түскен өтінішпен танысып, оған жауап бермей қалу тиімсіз екенін ескеріп, Нұралы хан тағдыры патша қолында, ол сіздердің адалдықтарыңызға байланысты деп түсіндіруге тырысады [16, 46-47, 50-51-пп.].

Орыс үкіметімен аз уақыт ішінде қалыптасқан оң қарым-қатынасты Қарабай сұлтан елдегі белді азаматтарымен бірге ағасы Қайыпты Ресей мойындаған Кіші жүз ханы ретінде бекітуге пайдаланып қалуға барын салады. Оның бұл әрекетіне қайын жұрты Әбілқайыр хан ұрпақтары да түсіністікпен қарағандай. Өйткені құдандалы екі әулеттің арасында маңызды елдік мәселеде аса бір шиеленісті іс-әрекеттері мұрағат құжаттарында да байқалмайды. Осы саясатты іс жүзіне асыру үшін 1788 жылы күзде болған соң қазақтың би-батырларының жиналысынан соң, Қайыпты хандық таққа бекіту үшін Ресейге сұлтандар Шерғазы Қайыпұлы мен Сирек Қарабайұлы аттанады. Құрамына 40 би енгізілген қазақ елшілері 1788 жылдың 16 қазанында Орынборға жол тартады. Содан қазақ елшілері 1789 жылдың басында Санкт-Петербургке жеткен [15, с.396].

Елшілердің елге қайтуын күтпей Қарабай сұлтан өзге де ел игілерімен бірге Астраханға бағынатын Кавказ губерниясымен қарым-қатынасты жандандырады. 1789 жылы қаңтарда Кавказ губернаторы Л.С. Алексеев қазақ старшындарына беріш руынан күн төлеттіру үшін Қоңырат старшыны Әбі Мұстафаевты жіберген. Содан Сартар, Мұратай, Сатқан, Көбек, Жүніс, Бабық және өзге қазақтар беріш Бөдене би бастауымен өзара кеңесіп, келісімге қол жеткізеді. Ә. Мұстафаев сапар барысында Қайып хан, Қарабай сұлтан, Сырым батыр, Бөдене би, Көккөз би, Дөнен бименкездескен. Кейін қазақтар Астрахан обер-коменданты А.О. Базинге жазған хатында үш мәселені көтереді. Біріншіден, үш жыл бойы қазақтарға қокан-лоқы жасамаған атаман Д. Донсковтың қайта басталған озбырлығын тоқтату. 1789 жылы атаман Д. Донсков 530 жылқыны қуып алып, 1 қазақты өлтіріп, 7-уін Орал қаласына айдап әкеткен. Екіншіден, екі жақтан да тұтқындар алмасып, қуып алынған малдарды қайтару, сауда ісін жандандыру. Бұл мәселені шешу үшін қазақтар 1 молда мен Амандық батырды жіберген. Үшіншіден, мешіт салу. Кейін осы мәселелерді арнайы талқылаған қазақтар Жем бойына мешіт салдыруға қарсылық білдірген. Молда Таймас Сейітовтің айтуынша, көпшілік Сырым батырға: «Бүгін мешіт болса, ертең орыстар қала салады», – деп рұқсат бермеген. Қазақтар бұл арқылы орыстарды Жем бойына қалай болғанда да ішкерілеп жібермеуді көздеген.

1789 жылы сәуір айында Астраханға Қарабай сұлтан баласы Есенғазы мен 9 старшынды аттандырады. Қазақтар елшілігінің басты мақсаты екі ортадағы талас мәселелерді бейбіт жолмен шешумен бірге, Астрахан облысының кейбір жерлеріне мал жайлау мәселесін талқылау деп түсіндіріледі. Мұның барлығы 1789 жылдың қысы мен көктеміндегі Астрахан бағытындағы мәселеге Қайып хан, бауыры Қарабай сұлтан және Сырым батырдың араласуымен барша қазақтың қамы үшін өзара ортақ мәмілеге келгенін дәлелдейді [17, 156-157-бб.].

1789 жылы шамамен қазан айы басында Қайып хан қайтыс болады. Ол турасында О.А. Игельстром осы жылдың 31 қазанында Ресей Мемлекеттік кеңесіне хабарлаған-ды [9, 79-б.]. Губернатор хатындағы ақпаратты 1822 жылы сәуір айында Ресейде, ендігі жағдайда Қайып ханның немересі Арынғазы сұлтанды хан ретінде бекіту мәселесімен жүрген Қаражігіт Бектауұлы, Шүкірәлі Сұлтанмұхаметұлы, Жүсіп Сырымұлы және сұлтан Ильяс Әбілғазыұлы, Бармақ Болпашұының орыс патшасы І Александрге жолдаған хаты дәлелдей түседі. Хатта қазақтардың Қайып сұлтанды хан ретінде сайлап, Орынбор губернаторы О.А. Игельстромның қолдау туралы уәдесін алған соң орыс патшасының бекітуі үшін Шерғазы мен Сирек сұлтанның 1788 жылы күзде Санкт-Петербургке арнайы елшілікке жіберілгені, бірақ көп ұзамай елі сенген Қайып Батырұлының қайтыс болғанын жазады. Дегенмен араға уақыт сала қазақтар Қайып хан орнына ұлы Әбілғазы сұлтанды ұсынған. Одан әрі хатта: «Әбілғазы сұлтан бұл уақытта Қарақалпақтар ханы болатын. Ал оны жұрты бізге жібермеді», – деп анық жазылған [15, с.396-397].

Сонымен Қайып хан қайтыс болған соң Батыр хан ұрпақтарының үлкені болып Қарабай сұлтан қалған. Батыр ханның өзге ұлдары Сырдақ, Тоқтамыс сұлтандар еш жерде аталмайды. Оның өз аталастарынан ерекшелігі әу бастан

жоғарыда жазғанымыздай Әбілқайыр хан ұрпақтарымен тығыз қарым-қатынасы болатын. 1790 жылы тамыз айында Уфаға жер аударылып, елден қашық қалада үсталған Нұралы хан да қайтыс болды. Мұның өзі Кіші жүздегі хандық таққа жаңа үміткерлерді шығарды. Соның бірі Нұралы ханның үлкен ұлы Есім сұлтан болатын. Қарабай сұлтан ішкі-сыртқы мүмкіндіктерді есепке алып, 1000-ға жуық қазақпен 1790 жылы қараша айында Есімді хан көтеруге қатысады. Ноғай старшыны Құрбанғали Забирдің хабарына сенсек хан сайлауға Байұлы – шеркеш Тұрмамбет, алаша Сопыра, Азамат, Әлімұлының бас старшыны шекті Мұратбек, Тоқтамыс және өзге де елге белгілі тұлғалар белсенділік танытқан. Дегенмен, барша қазақ рулары қатыспаған мұндай сайлауға Сырым бастаған би-батырлар бірден қарсы шыққан [18, 485, 493-494-пп.].

1791 жылы 29 қаңтарда патша үкіметі хандық билікті әбден әлсірету мақсатында Кіші жүз ханы етіп 70 жастан асқан Ерәлі Әбілқайырұлын бекітеді. Қазақ қоғамымен келісілмеген мұндай біржақты шешім сөзсіз ел наразылығын туғызады. Сырым батыр бастаған қазақ рулары Ресейге қарсы үдере көтерілсе, келесілері патша үкіметіне қарсылық ретінде Жайық өзені бойынан Сырдария өзені бағытына көше бастайды. Мәселен, Қарабай сұлтан інісі Дәуқара мен баласы Есенғазы, Байұлдарынан беріш – қаратоқай Амандық батыр, таз Ақман, шеркеш Аллаберген, беріш – бегіс Матай, Әлімұлынан шекті Үсен Тентек малдарын Нарын құмынан Жайықтың Бұқар бетіне көшіреді. Ол турасында 1792 жылдың 19 ақпанында Топайлы қорғанының жүзбасы Хрущев Орынборға хабар салады [19, 5-6, 55-56-пп.].

Бұл кезеңде Ресейде қазақ рулары атынан жүрген Шерғазы Қайыпұлы елінің аманатын орындауға күш салады. Ол орыс әскерилері мен шекарадағы казак-орыстардың қазақтарға озбырлығын орыс үкіметіне жеткізіп, оны тоқтатуды талап етеді. Шерғазы сұлтан Орынбор губернаторы А.А. Пеутлингтің де саясатының қыр-сырын сезініп, елдегі Қарабай сұлтанның толық мәлімет алып отырған. Ол турасында 1793 жылы 22 қазанда атаман Д. Донсков шекаралық экспедицияға хабарлайды. Атаманға жолдаған хатында Есім сұлтан Қарабай сұлтанның немере інісі Шерғазымен үнемі байланыста болғанын ашық айтады [20, 252-254-пп.]. Есім сұлтанның хаты Қарабай сұлтанның Сырым батыр бастаған ел игілерінің саясатын қолдап, қазақ-орыс мәселелерін ашық талқылайтын Елек өзені бойындағы Кеңесті қолдаушылар қатарында болғанын дәлелдейді. Сырым бастауымен болған жиынға қатысқан 1700 адамның қатарында Қарабай сұлтанның ұлы Есмұхамед, Қайып ханның балалары Әбілғазы хан, Тұңғаша, Жолбарысқазы болады. Елек қорғанындағы кездесуге жоғарыда аталған сұлтандармен бірге Шерғазы сұлтан және Нұралы хан ұлы Есенғали, Есім сұлтан ұлы Қара қатысады. Өкінішке орай екі жаққа да тиімді осындай кездесуге Орынбор губернаторы кедергі жасауға барын салады. Соған қарамастан Шерғазы сұлтан 1794 жылдың басында Петербургке оралып, нақты дәлелдермен қазақ-орыс шекарасындағы Орынбор әкімшілігінің озбырлығын жеткізеді [17, 173-174-бб.].

1794 жылы 10 маусымда Ерәлі хан қайтыс болады. Күн тәртібіне жаңа хан сайлау мәселесі қайта көтеріледі. Ендігі жағдайда патша саясаткерлері Есім сұлтанды қолдап шыға келсе, Сырым бастаған би-батырлар, Қайып хан ұрпақтары – Әбілғазы, Шерғазы, Бұрқан және өзгелері хан сайлау Кеңесін ел ортасында арнайы өткізуді ұсынады. Әрине Орынбор әкімшілігі Әлімұлы рулары арасында өтетін Кеңесте өз ұсыныстары өтпейтінін жақсы білгендіктен одан бірден бас тартады. Бұл арада Қарабай сұлтанның нақты саясатын дәйектейтін мұрағат деректері кездеспеді. Дегенмен оның осыған дейін ағасы Қайып ханның саясатын қолдағанын және кейінгі Шерғазы, Әбілғазы сынды ұрпақтарымен тығыз қарым-қатынасын ескерсек, біздіңше, Ресей жоспарына іш тарта қоймағандай. Қазақ қоғамындағы белді тұлғалардың қарсылығына қарамастан Есім сұлтан 1795 жылы 9 мамырда Уфа қаласына келіп, губернатор С.К. Вязмитиновпен кездеседі. 16

мамырда губернатор патшаға сұлтанды қолдайтынын хабарлайды. Араға уақыт сала 17 қыркүйекте Есім патша шешімімен хан сайланады. С.К. Вязмитинов граф П.А. Зубовқа жолдаған хатында «Сұлтан, би-батырлар, мырзалар бір ауыздан Есім сұлтанды таңдады», – деп жазып, қазақ даласындағы шындықты бүркемеледі [17, 179-б.]. Дегенмен орыс зерттеушілері Л. Мейер, И.И. Крафт, М.А. Терентьев сол заманда-ақ Есім сұлтанды қазақтардың аз бөлігінің, ал басым көпшілігінің Қарабай сұлтанның немере інісі Әбілғазы Қайыпұлын қолдағанын жазған болатын [21].

Патша үкіметінің Батыр хан ұрпақтарына сенімсіздігі Әбілқайыр хан заманынан қалыптасқан болатын. Өйткені олар негізінен елдің оңтүстігінде орналасып, үнемі Хиуа, Бұхара хандықтарында өз саясатын жүргізіп әу-бастан-ақ қазақтардың Ресеймен байланысына аса сақтықпен қарағанды. Тарихшы Ү.Т. Ахметова мұрағат деректеріне сүйене отыра «Орыс саясаткерлері Қайып ханды «әрқашанда Ресей мүддесіне қызмет жасамады», «О.А. Игельстром ұсынысымен Қайыпқа берілген 300 руб. жалақыны оның ешбір баласы алған емес» деп ой түйіп, бірден Әбілғазыға қолдау көрсетпеу туралы шешім қабылдаған», – деген Ресей саясаткерлерінің қорытынды шығарғанын атап өтеді [22, 35-б.].

Бұл жылдары Қарабай сұлтан, біздіңше, Жайық өзені бойын жағалай жайлап Нұралы хан ұрпақтарымен қарым-қатынасын сақтаған. Батыр хан ұрпақтарынан сол тұста Кіші жүз хандығы саясатына белсене араласқан Шерғазы сұлтан Есім хан сайланған соң бірден Симбирскіге, кейін Санкт-Петербургке шақырылып, 1798 жылдың маусы-шілде айларына дейін елге жіберілмесе, Әбілғазы хан Кіші жүздің оңтүстігінде тұрақтаған-ды. Сондықтан Қарабай сұлтан елдегі Батыр ұрпақтарының үлкені ретінде өзара әулеттік байланысты үйлестіруші және ақылшысы болды деуімізге әбден болады.

Сырым батыр бастаған ұлт-азаттық қозғалыс жалғасып, 1797 жылы 27 наурыз айында Есім хан өлтірілген кезеңде де Қарабай сұлтанның қоғамдық-саяси қызметі орыс мұрағатында толыққанды көрініс таппады. Соған қарағанда, сұлтан ендігі жағдайда бейтараптық саясат ұстанып, хандық тақ мәселесінде аса белсенділік таныта қоймағандай. Ол, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, көпшілік мойындаған ағасы Қайып хан саяси аренадан кеткен соң Орынбор әкімшілігінің Батыр ұрпақтарынан хан сайламайтынын толық түсінді дей аламыз. Екінші жағынан оның Әбілқайыр хан ұрпақтарымен де тығыз байланысын жалғастырды. Қарабай сұлтан бір жағынан Әбілқайыр ханның күйеу баласы болса, екінші жағынан XVIII ғасырдың соңғы ширегінде айрықша көзге түсе бастаған Бөкей сұлтанның қайын атасы болатын. Ол турасында Жанұзақ жыраудың Жөңгір ханға арнаған толғауында:

Ал Шыңғыс ханның әулеті,
Хандар өтті хан соңы,
Хан ұлының кенжесі
Патша иемнің ана сойын сұрасаң,

Қарабай ханның нәсілі, – делінеді. Толғауды негізге алған зерттеушілер Жөңгір ханның анасы Атан ханым Қарабай хан тұқымынан деп есептейді [23].

Расында да XIX ғасырдағы Бөкей хандығы тарихындағы Қарабай сұлтан және оның ұрпақтарының қоғамдық-саяси қызметтері Қарабай-Бөкей арасындағы ерекше қарым-қатынасты дәлелдейді. Олай болса Бөкейдің екінші әйелі, Жөңгір ханның анасы Атан ханым Қарабай Батырұлының қызы. Одан әрі әулеттік байланысты күшейтуге Атан ханым да өз үлесін қосқан. Араға уақыт сала Бөкей Нұралыұлының бірінші әйелінен туған үлкен ұлы Тәуке сұлтан Жібек Қарабайқызына үйленеді. Кейін 1840 жылы 3 маусымда Тәуке сұлтанға толтырылған жеке ісқағазда оның 41 жаста, ал Жібектің 46 жаста екені анық жазылған [24, с. 574, 941]. Жібек ханыммен шамалас Айымжан Қарабайқызы Нұралы ханның Әбілғазы атты ұлына айттырылған-ды. Соңғы жылдары Атырау облысы Махамбет ауданы Алға селосы маңындағы Нұралы хан ұрпақтары жерленген Жаналы қауымынан табылған

күлпытаста: «Нұралы ханның ұлы Әбілғазы ханның халалы (адал әйелі) Қарабай сұлтанның қызы Айымжан 61 жасында 1845 жылда опат болды», – делінген [25, 78-79-бб.].

Атан ханымда өле-өлгенше әкесі Қарабай сұлтан ұрпақтарын қамқорлаған. Атан ханымның қайтыс болған жылы да нақты анықталды дей алмаймыз. Өйткені күлпытасты оқыған зерттеушілердің бірі 1818 жылды көрсетсе, этнограф Серік Әжіғали Атан ханым 1823/1824 жылдары 52 жасында қайтыс болып, Бөкей хан кесенесінен қашық емес жерде жерленгендеп есептейді [26, с. 169].

Мұрағаттық деректер Қарабай сұлтанның әулеттің туыстық байланыстарын қазақ қоғамында шебер үйлестіргенін айғақтайды. Қарабай сұлтан 1800 жылы 1 тамызда Қаракөз атты қызын Орынбор мұсылмандары діни басқармасының тұңғыш мүфтиі Мұхамеджан Хұсайыновке, онымен шамалас Меңді атты қызын болашақ Кіші жүздің патша үкіметі бекітетін ханы Жантөре Айшуақұлына тұрмысқа береді [17, 222-б.]. Сөз жоқ мұндай байланыстар Қарабай сұлтанның саяси мүмкіндігін арттыра түскен-ді. Мәселен, қызының Мұхамеджан Хұсайыновпен Орынбор қаласында өткен неке кию рәсіміне қазақ қоғамының белді билеушілері қатынасқан.

Қарабай сұлтан Бөкей сұлтанның қазақ руларын Еділ-Жайық өзендері аралығына көшіру саясатын толық қолдады. Араға уақыт сала осы Қарабай сұлтанның Бөкей жанына көшуіне рұқсат алу үшін Санкт-Петербургке Қарабайдың әйелі Сыезі ханым мен Мұхамеджан Хұсайыновтың әйелі аттанады. Кейін белгілі болғандай Сыезі Хиуадан Санкт-Петербургке жетуі үшін 4000 руб. жұмсаған. Кейін орыс саясаткерлері ханым мен мүфти әйеліне бриллиант сырға сыйға тартқан [27, 1-12-пп.]. Қарабай сұлтан өзінің көшу мәселесін бірден шешпегенімен оның ұрпақтары көп ұзамай көппен бірге Бөкей артынан 1802 жылы қос өзен аралығына көше бастаған.

1805 жылы түркімендер ханы Пірәлі Нұралыұлы қайтыс болып жаңа хан сайлау мәселесі көтерілген шақта патша үкіметі қайтадан Батыр хан ұрпақтарына назар аударады. Ресейдің сыртқы істер министрі А.А. Чарторыйский мәселені анықтауды Кавказдың бас басқарушысы генерал Цициановқа жүктейді. Сыртқы істер министрлігі жаңа хан сайлауда Кіші, ия Орта жүз сұлтандарынан таңдау маңыздылығына, бірақ Кіші жүзден және Бөкей хан бауырларынан таңдамау мәселесіне айрықша назар аударып, Орынбор мүфтиі М. Хұсайыновпен ақылдасу қажеттілігіне нұсқау береді. Содан 1805 жылы 8 қыркүйекте А.А. Чарторыйский мүфтиге арнайы нұсқаулық береді. Нұсқаулықта мүфтиге алдын-ала Астрахандағы түркімендермен ақылдасу жүктеледі.

1806 жылы 15 наурызда мүфти патша шенеуніктеріне «Түркімендер және олардың Ресей, Иран, Хиуа, Бұхарамен қарым-қатынасы» атты жазбасын тапсырады. Жазбада: «Түркімен халқының ханын таңдауда Шыңғыс хан тегінен 2 адамды ұсынамын. Бірі Батыр ханның ұлы Қайып хан ұлы Шерғазы сұлтан, екіншісі Қарабай сұлтанның ұлы Мұхамед (біздіңше Әлмұхамед – Ә.М., Ұ.А.) сұлтан. Олардың бірі түркімендерге хан сайланса, екіншісі, Хиуада хан болуға халықты өзіне бас идіруге үлгермей ме» делінген [28, с. 172-173].

Осы тұста Әлмұхамед Қарабайұлы Жантөре хан, Бөкей, Бекғали, Шығай, Өзбекғали, Артыққали Нұралыұлдары, Қара Есімұлы, Алғазы Айшуақұлы, Әбілмүмін Ағымұлы сынды беделді сұлтандармен қатар ел ішіндегі барымтаны тоқтатуда көзге түседі. Олар 1807, 1808 жылдары Жантөре хан мен Орман сұлтанның Орынборға, Бөкейдің Астрахан әкімшілігіне жолдаған шағымдарын да ұмытып, араларында болған бүкіл наразылықты тоқтатып, алдағы уақытта бейбіт әрі тыныш өмір сүруге, аталған талап-шағымдарын ешқандай басшылыққа жөнелтпепуді міндеттеріне алады. Нәтижесінде 1808 жылы 26 наурызда аталған беделді тұлғалармен қатар Хан кеңесінің мүшесі Үкі Төлепұлы, Байұлы және Жетіру руларының 20 старшыны мөр, таңбасын басып, куәлік береді [29].

1808 жылы 26 қараша мен 17 желтоқсан аралығында Қарабай сұлтанның ұлы

Нүрке бастаған шеркеш руының күн бөлімі Сарайшық қорғанына аманат ретінде Досқар Нүркеевті қалдырып, барлығы 5985 басты құрайтын сиыр, қой, жылқы, түйесін 105 бақташысымен бірге Нарын құмына қыстауға көшеді [24, с. 156].

Қарабай сұлтан өмірінің соңғы сәтінде ғана 1810 жылдың басында Ішкі ордаға көшуге шешім қабылдап, Бөкей сұлтан жанына өтіп алады. Оның Бөкей карамағына ешбір рұқсатсыз өтіп алуы Г.С. Волконский бастаған Орынборды да толғандырған. Ол турасында губернатор Бөкейге арнайы хат жолдайды. Оған назар аудармаған Қарабай сұлтан губернаторға 1810 жылы 1 ақпанда хат жолдап, өзінің жасының ұлғайғанын алға тартып, ұлы Нүрке сұлтанды Бұқар беттегі шеркеш руына басқарушы етіп бекітуін сұрайды. Көп ұзамай 23 наурызда губернатор карт сұлтанға «қазақтардың әрі-бері орын ауыстыруы шекаралық орыс билігінің келісімінсіз болмайды дегенімен», оның өтінішін аяқсыз қалдырмай Нүрке сұлтанды бекітеді. Нүрке сұлтан басқаратын шеркеш руы қазақтары 1808 жылдан бері қыз мезгілінде Нарын құмын қыстайтын [30,4-6-пп.]. Айта кетер бір мәселе, Қарабай сұлтан баласы Нүркені Бөкей ордасы тарихын жазушылар еш негізсіз Жолбарыс сұлтанның ұрпағы деп көрсетеді [24, с. 158].

Сонымен 1810 жылдың жазында Қарабай сұлтан өмірден озады. Бұл жөнінде Бөкей сұлтан 1810 жылы 11 тамызда Орынбор коменданты полковник А.С. Тарарыкинге хабарлаған [31, 284-п.]. Мұндай нақты дерекке кездеспеген шежіре түзушілер 1804 жылы [32, 196-б.], тарихшы И.В. Ерофеева бірде 1804 жылдан кейін қайтыс болған десе [33, с.15], келесі зерттеуінде, «Материалы по истории КазССР. IV томдағы» 1822 жазылған хатты негізге алып сұлтанды 1822 жылы [33, с.15] қайтыс болған деп жазып келеді.

Қарабай сұлтан қазақ тарихында ұрпағы кең тараған тұлға ретінде атағы қалды. Сұлтан өз шежіресін жасап, мүфти М. Хұсайыновқа тапсырған. 1803 жылы арнайы жасалған шежіреде сұлтан «27 ұлының бар екенін және өз тегінің Шыңғыс ханнан бастау алып, Шығай хан – Жөңгір хан – Хысырау сұлтан – Есім хан – Құдайменді хан – Ер Қайып хан – Батыр хан» деп мақтанышпен ашық тізбектей шежіресін тарқатады. Сұлтан шежіресінде 19 ұлының аты-жөні, олардан тараған немере-шөберелері рет-ретімен беріліп, барлығы 147 еркек кіндік тіркелген. Қарабай сұлтан ұлдары есімдері – Сирек, Ноғай, Қабыл, Абыл, Есенғазы, Есмұхамед, Шоқай, Асан, Жолды, Дос, Есқазы, Құлтай, Қасым, Әлмұхамед, Әбілғазы, Ермәмбет, Нүрке, Байтөре, Досқазы деп бірінен соң бірі жазылады. Жазба сұлтанның өз қолынан шығып, оны жақсы білетін мүфтидің басшылығымен аударылғандықтан, біздіңше, осы маңызды шежіреге толық сенуге болады деп есептейміз. Дегенмен неге екені белгісіз 27 ұлдың ішінен 8 жас сұлтанның есімі шежіреде аталмайды [33, с.135-139]. Соңғы жылдары төрелер шежіресін жинақтаушылар жоғарыдағы тізімге Тыным мен Есенғалиды қосып, Әбілқайыр хан тегі Айдарханымынан Есқазы, Есенғазы, Досқазы мен Әбілғазы туылған деп жазып жүргенін алға тартамыз [32, 196, 198-бб.]. Бұған біздің қосарымыз орыс деректерінде жас сұлтандар есімдері кейде түрліше жазылған. Мәселен, бізге кездескен деректер қатарында Сармұхамед (біздіңше Есмұхамед – *Ә.М., Ү.А.*), Есенғали (біздіңше Есенғазы – *Ә.М., Ү.А.*), Құлман (біздіңше Құлтай – *Ә.М., Ү.А.*), Нүрке (біздіңше Нүрке – *Ә.М., Ү.А.*), Мұхамед (біздіңше Әлмұхамед – *Ә.М., Ү.А.*), Ешқазы есімі екі жерде аталады (біздіңше бірі – Есенғазы, екіншісі – Есқазы – *Ә.М., Ү.А.*) т.т. Ал Қарабай сұлтанның тараған қыздардан бізге белгілісі Атан, Айымжан, Қаракөз, Менді, Жібек.

Қарабай сұлтан дүниеден озғанымен оның ұрпақтары елдің алдында болды. Мәселен, Әбілғазы Қарабайұлы 1809 жылы қаза тапқан Кіші жүз ханы Жантөре Айшуақұлының орнына Бөкей Нұралыұлын сайлау күн тәртібіне көтерілген уақытта Байұлы руларының сұлтандары, би-батырларын қолдаған. Осы мәселені арнайы көтерген қазақтың игілері Орынбор әскери губернаторы Г.С. Волконскийге 1811 жылдың 17 қыркүйегінде хат жолдап, «Сұлтан Бөкей Нұралыұлының мінезі жайлы, парасатты, екі беттегі (Жайық өзенінің) бізге тең қызмет етеді, оның әділ

билігі арқасында Ордада тыныштық пен бейбітшілік орнайды деп иланыш артып, мөріміз бен таңбамызды саламыз» деген ойларын ашық білдіреді [34].

Қарабай сұлтан ұрпақтары арасынан өзгелерден бұрынырақ мұрағатқа түскен Есенғазы сұлтан кейінірек барша қазаққа белгілі немере бауыры Арынғазы Әбілғазылымен тығыз байланыс ұстаған. Ол 1820 жылғы 25 қыркүйектегі П.К. Эссеннің Шығай сұлтанға жолдаған хатында көрініс табады. Әскери губернатор хатында Есенғазы сұлтан қарамағындағы 2333, сұлтан Елтай Нұралыұлы басқаратын 600, тана руы старшыны Есенгелді Жанмүрзин қарауындағы 1570, беріш руының биі Байғали Өмірзақұлы билігіндегі 1000 түтіннің Кіші жүзге көшуге ниет еткенін хабарлап, оны толық анықтауды тапсырады. Кейін 1821 жылғы 1 қаңтардағы Шығай сұлтанның жауап хатында Есенғазының шеркеш руының биі Бекмамбет Тұрмамбетұлымен бірге екені және олардың көшуді жоспарламағаны анықталады [24, с.215-219]. Осы Есенғазы сұлтан кейін Жәңгірдің хан сайлануына да қатысады. Сол үшін ол П.К. Эссеннің Орал қаласында 1824 жылғы 25 маусымда ұйымдастырған түскі асына шақырту алған. Хан сайлау тізімінде Нұралы ұрпақтары арасында Қарабай ұрпақтарынан жалғыз Есенғазының болғанын байқаймыз [24, с.219-219, 245-246].

1829 жылғы қараша айындағы Астрахан азаматтық губернаторы А.С. Осиповке жолданған рапортта Әбілғазы Қарабайұлымен қатар бауыры Құлтай сұлтан аталады. Рапорт бойынша олардың Нұралы хан немерелері Сүйінішқали мен Қуанышқали сұлтандармен бірге жайлап, қыс кезінде Н.Б. Юсупов жерлерін тұрақтағаны белгілі болады. Құлтай Қарабайұлының қызы Үлпешке шеркеш руының басқарушысы Меңдікерей Бөкейұлы үйленген. Ал Есенғазы Қарабайұлы, оның ұлы Ақай сұлтан Тоғым Шығайұлымен қатарлас көшіп-қонған [24, с.326, 358, 573].

XIX ғасырдың ортасында Қарабай сұлтан ұрпақтары ішінен Қасымнан 1805 жылы туылған Бажақ сұлтан ерекше көзге түседі. Ол Бөкей ханның Қазынасына үйленіп, өзінің алғырлығымен ел алдына шығады. Кейін Бажақ сұлтан Баймұхамед Айшуақұлының 1821 жылы туылған Жанбөбек атты қызына үйленеді. Сұлтан 1853 жылдан алаша және жаппас руы қазақтарының бір бөлігінің, кейін Ішкі орданың Қалмақ бөлімінің басқарушысы болады. 1879 жылдың қыркүйегі мен 1880 жылдың наурызы аралығында Меккеге қажылыққа барып қайтады.

1844 жылы 24-27 қарашасында Ішкі орданы аралау мақсатында Бажақ сұлтанның үйіне тұрақтап әңгіме-дүкен құрған барон Ф.А. Булер: «Бажақ Қароймекенінде тұрады. Сұлтан ханның қарындасына үйленген. Ол ру басқарушы емес, өз қарамағында хан жылқыларының үйірлерін ұстайды» деп жазады. Барон күнделігінен сұлтанның білімге құштарлығын, ұлының хан ордасындағы училищесінде оқитынын аңғарамыз. Бұл арада әңгіме болып отырған оқушы 1830 жылы туылған Қарабайдың шөбересі Мұхамедғали Бажақұлы еді. Мұхамедғали сұлтан 1844-1845 жылдары Неплюев кадет корпусында оқуын жалғастырады. Бірақ денсаулығына байланысты аяқтай алмайды. Кейін кете руы және Каспий маңындағы қазақтардың 2 бөлімін басқарады. Ол 1856 жылы Москвада өткізілген II Александрды таққа отырғызуға қатысқан Ішкі орда депутаттарының қатарында болады [24, с. 422-425, 741, 962, 1020].

Ішкі орданы уақытша басқару Кеңесінің төрағасы Л. Плотников: «Ол 1862 жылдан Қалмақ бөлімінің басқарушысы болып, 5 жыл іскерлігімен көзге түсті. 1867 жылы мамыр айында үкіметтің қазақтардың басқару жүйесі орнына орыстық жүйені енгізу барысында амалсыздан босатылды», – деп Бажақ Қасымұлын жоғары бағалайды [35, с. 330-331].

Жоғарыда аталған Қарабай сұлтан ұлдары ішінен XIX ғасырдың ортасында Нұрке сұлтан туралы 1850 жылы 26 қазанда Орынбор Шекаралық комиссиясында Кіші жүздің Бағыс бөлігінің белгілі қазақтарын қамтыған ақпаратта «Қарабаев Нүрке, сұлтан, ешқандай қызметте емес. Жасы 70-те. Шеркеш руымен бірге. Көшіп-қону тұрағы: жазда – Ойыл, Қиыл өзені бойлары, қыста – Гурьев қаласы маңы. Отбасында 4 әйелі, 1 ұлы бар», – делінген [35, с. 133]. Мұның өзі Қарабай

сұлтанның кейбір ұлдарының Кіші жүз жерінде тұрақтап, Бөкейлікке түкпілікті көшпегенін айғақтайды. Соңғы жылдары Бұқар беттен табылған төрелер қауымындағы құлыптаста «Шеркеш ішінде ...? руғының Нүрке Қарабай ұғлы уфат 80 йашында 1853 йылда ...? басында, бу тасыны қылдырды ұғлы Бисенбі мырза (Төре таңба басылған)», – деген жолдар жазылған. Мұның өзі жоғарыдағы орыс дерегіне жаңаша анықтаулар қоса түскенін байқатады [25, 78-79-бб.].

Қарабай сұлтан есімі тарихымызда жапырағы жайылған әулетімен ғана емес, сонымен бірге өзін қолдаған төлеңгіттерімен де қалады. Мәселен, 1852 жылы 29 наурызда Орынбор шекаралық комиссиясына Ішкі ордадағы төлеңгіттер туралы хабарында сұлтандар Әділ, Меңдікерей Бөкейұлдары мен Шоқы Нұралыұлы: «Ордадағы төлеңгіттер екі бөлімге бөлінеді. Бірі Қарабай хан қызметшілерінен тарағандар. Олар Жәңгір ханға зекет, соғым төледі. Екіншілері Нұралы хан қызметшілерінен тарағандар. Нұралы хан қызметшілерінен тарағандар зекет, соғым төлемегенімен, хан шешімімен ахунға салық төлейтін», – деп тарқата түседі [24, с. 807]. Осыдан сәл бұрын 1852 жылғы 28 ақпанындағы Орынбор шекаралық комиссияның шешімінде Ордада олардан өзге төлеңгіттер жоқ және ендігі жағдайда болмауы тиіс деп бекітілгенді. Мұның өзі Орынбор шекаралық комиссиясының бір кезеңде Нұралы және Қарабай төлеңгіттеріне берген артықшылықтарын дәлелдей түседі.

Ел ішіндегі шежірені жинақтаған зерттеуші А. Шамғонов: «XVIII ғасырдың соңында Қарабай сұлтанның төлеңгіттері Бөкей сұлтанның маңайына топтасады. 1801 жылы Бөкей сұлтанмен бірге Жайықтан өткен алғашқы төлеңгіттер де осы Қарабай төлеңгіттері болады. 1810 жылы Қарабай сұлтан өз төлеңгіттерімен Бөкей ордасына өткен. Олар Сасықтау деген жерге қоныстанады. Олардың Сасықтау (Қойқын) төлеңгіттері деп аталуы сондықтан. Қарабай немесе Сасықтау төлеңгіттері төре таңбасын алғандықтан, оларды төре төлеңгіттері деп те атайды. Осылайша Кіші жүздегі Қарабай төлеңгіті – Бөкейліктегі Сасықтау немесе Қойқын төлеңгіті болып табылады», – деп өзіндік ізденіс қорытындыларын ұсынады [36].

Тарихымызда Қарабай сұлтан есімі халық жадында қалған жер-су аттары арқылы да сақталып отыр. Мәселен, Атырау облысы Махамбет ауданы Алға селосы маңындағы Қарабай елді-мекені осы Қарабай сұлтанның есімімен байланысты болуы мүмкін.

Қорыта келгенде, мұрағат құжаттары тарихымызда қоғамдық-саяси қызметімен, әулеттік кең саяси байланыстарымен және Қазақ хандығының сыртқы қарым-қатынасында танылған Қарабай сұлтан, оның ұрпақтары туралы мол деректер жинақтаған. Оның біраз бөлігі осы мақалада талданды. Оны әрі қарай тереңдете зерттеу болашақ міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Материалы по истории Казахских ханств в XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – Алма-Ата: Наука, 1969. – 652 с.

2 Қасымбаев Ж. Абулхаир хан и Надир шах // Ізденіс - Поиск. – 2001. – №2. – 70-75-бб.

3 Рычков П.И., Рычков Н.П. Капитан жазбалары. – Алматы, 1995. – 85-86-бб.

4 Казахско-русские отношения XVI-XVIII веках. – Алма-Ата: АН КазССР, 1961. – 740 с.

5 РИССМ. 122-к., 128/1-т., 1745, 3-іс.

6 Тулибаева Ж.М. Казахстан и Бухарское ханство в XVIII – пер. половине XIX в. – Алматы. 2001. – С. 45-50.

7 РИССМ. 125-к., 125/1-т., 1753-1754, 1-іс, 54-п.; РИССМ. 122-к., 122/1-т., 1758, 4-іс.

8 Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII-середине XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. – Алматы: Издание Института философии МН-АН, 1997. – 160

с.; Қазақ хандары және олардың ұрпақтары. Табулдин Г.Ж., Өмірзақов Р.Қ., Оловинцов А.Г. – Көкшетау: «Мир печати» ЖК, 2013. – 544 б.

9 Исмурзин Ж. А. Батырұлы Қайып хан және оның әулетінің тарихы «1745-1860 жж.»: т.ғ.к. ... дисс. – Орал, 2008. – 188 б.

10 РФ ОрОММ. 3-қ., 1-т., 6- іс., 7-8-пп.; 64-іс., 15-20-пп.

11 Еженханұлы Б. Записки Цяньлунского чиновника // Казахстанская правда. – 2013. – 17 мая.

12 РИССМ. 122-қ., 122/2-т., 1766-1769, 18-іс.

13 Бекмаханова Н. Көктемір туралы аңыз. – Алматы: Жалын, 1983. – 184 б.

14 Вяткин М.П. Батыр Срым. – М.: Изд-во АН СССР, 1947. – 390 с.

15 Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828 гг.). – М.-Л.: Изд. АН СССР, 1940. – Т. IV. – 543 с.

16 РИССМ. 122-қ., 122/3-т., 1786-1787, 12-іс.

17 Мұқтар Ә.Қ. Азаттық таңы жолында. – Алматы: «Ғылым», 2001. – 258 б.

18 РФ ОрОММ. 5-қ., 1-т., 29-іс.

19 РФ ОрОММ. 5-қ., 1-т., 44-іс.

20 РФ ОрОММ. 5-қ., 1- т., 47-іс.

21 Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства // Материалы для географии и статистики России. – СПб.: Тип. Э. Веймара и Ф. Персона, 1865. – с. 22; Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. – СПб.: Типо-литография П.Н. Жаринова, 1898. – С.50; Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. – СПб.: Типо-литография Н.М. Родионова, 1902. – Т.1. – С.72

22 Ахметова Ү. Арынғазы хан (1786-1833). – Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2004. – 168 б.

23 Аллаярулы Ж. Қазақ хандығына 550 жыл: Бөкей ханды толық зерттеп, күрметтеу - бүгінгі ұрпақ парызы // [inform.kz /kaz /article/ 2823224](http://inform.kz/kaz/article/2823224)

24 История Букеевского ханства. 1801-1852 гг. Сборник документов и материалов / Сост. Б.Т. Жанаев, В.А. Иночкин, С.Х. Сагнаева. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 1120 с.

25 Байдаулетов Ф. Жаналы қорымындағы құлыптастар құпиясы // DANAKaz. – 2016. – №4-5 (28). – 78-79 б.

26 Атан ханымның басында айшықты ақ кесене // <http://serper.kz/?p=4769> (2013-04-08); Ажигали С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона). – Алматы: Ғылым, 2002. – 654 с.

27 РМТМ. 1291-қ., 81-т., 7-іс.

28 Русско-туркменские отношения в XVIII-XIX вв. (сборник архивных документов). – Ашхабад: Изд. АН Туркменской ССР, 1963. – 585 с.

29 ҚРОММ. 4-қ., 1-т., 208-іс., 305-306-пп.; Аллаярулы Ж. Үкі би және оның заманы // danakaz.kz/olketanu-5

30 ҚРОММ. 4-қ., 1-т., 222-іс.

31 РФ ОрОММ. 6-қ., 10-т., 689-іс.

32 Табулдин Г.Ж., Өмірзақов Р.Қ., Оловинцов А.Г. Қазақ хандары және олардың ұрпақтары. – Көкшетау: «Мир печати» ЖК, 2013. – 544 б.

33 Ерофеева И. Родословные казахских ханов и кожа XVIII-XIX вв. (история, историография, источники). – Алматы: ТОО «Print-S», 2003. – 178 с.

34 РФ ОрОММ. 6-қ., 10-т., 716-іс

35 История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. О почетнейших и влиятельнейших ордынках. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – Т.VIII. – Часть 2. – 962 с.

36 Шамғонов А. Төлеңгіттер қауымы және Бөкей ордасында төлеңгіт руының қалыптасуы // <http://e-history.kz>. Пайдаланған уақыты: 24.01.2016

References

1 Materialy po istorii Kazahskih khanstv v XV-XVIII vekov (Iz vlecheniya iz persidskih i tyurkskih sochineniy). – Alma-Ata: Nauka, 1969. – 652 s.

2 Kassymbaev Zh. Abulkhair khan i Nadir shakh // Izdenis - Poisk. – 2001. – №2.

3 Rychkov P.I., Rychkov N.P. Kapitan zhazbalary. – Almaty, 1995. – 85-86-bb.

- 4 Kazakhsko-russkie otnosheniya XVI-XVIII vekah. – Alma-Ata: AN KazSSR, 1961. – 740 s.
- 5 RISSM. 122-к., 128/1-т., 1745, 3-ис
- 6 Tulibaeva Zh.M. Kazakhstan i Bukharskoe khanstvo v XVIII – per. polovine XIX v. – Almaty. 2001. – S. 45-50
- 7 RISSM. 125-к., 125/1-т., 1753-1754, 1-ис, 54-п.; RISSM. 122-к., 122/1-т., 1758, 4-ис
- 8 Erofeeva I.V. Kazakhskie khany i khanskie dinastii v XVIII-seredine XIX vv. // Kul'tura i istoriya Central'noy Azii i Kazakhstana: problemy i perspektivy issledovaniya. – Almaty: Izdanie Instituta filosofii MN-AN, 1997. – 160 s.; Kazak khandary zhane olardyn urpaktary. Tabuldin G.Zh., Omirzakov R.K., Olovincov A.G. – Kokshetau: «Mir pechati» ZhK, 2013. – 544 b.
- 9 Ismurzin Zh. A. Batyruly Kayyp khan zhane onyn auletin tarikhyy «1745-1860 zhzh.»: t.g.k. ... diss. – Oral, 2008. – 188 b.
- 10 RF OrOMM. 3-к., 1-т., 6-ис., 7-8-pp.; 64-ис., 15-20-pp.
- 11 Ezhenkhanuly B. Zapiski Cian'lunskogo chinovnika // Kazakhstanskaya pravda. – 2013. – 17 maya.
- 12 RISSM. 122-к., 122/2-т., 1766-1769, 18-ис
- 13 Bekmakhanova N. Koktemir turaly anyz. – Almaty: Zhaly, 1983. – 184 b.
- 14 Vyatkin M.P. Batyr Srym. – M.L.: Izd-vo AN SSSR, 1947. – 390 s.
- 15 Materialy po istorii Kazakhskoy SSR (1785-1828 gg.). – M.-L.: Izd. AN SSSR, 1940. – T. IV. – 543 s.
- 16 RISSM. 122-к., 122/3-т., 1786-1787, 12-ис.
- 17 Muqtar A.K. Azattyq tany zholyn. – Almaty: «Gylym», 2001. – 258 b.
- 18 RF OrOMM. 5-к., 1-т., 29-ис.
- 19 RF OrOMM. 5-к., 1-т., 44-ис.
- 20 RF OrOMM. 5-к., 1-т., 47-ис.
- 21 Meyer L. Kirgizskaya step' Orenburgskogo vedomstva // Materialy dlya geografii i statistiki Rossii. – SPb.: Tip. Je. Veimara i F. Persona, 1865. – s. 22; Kraft I.I. Sbornik uzakoneniy o kirgizah stepnykh oblastey. – SPb.: Tipo-litografiya P.N. Zharinova, 1898. – S.50; Terent'yev M.A. Istoriya zavoevaniya Sredney Azii. – SPb.: Tipo-litografiya N.M. Rodionova, 1902. – T.1. – S.72
- 22 Akhmetova U. Aryngazy khan (1786-1833). – Agtobe: «A-Poligrafiya» ZhShS, 2004. – 168 b.
- 23 Allazharuly Zh. Kazak khandygyna 550 zhyl: Bokey khandy tolyk zerttep, kurmetteu - bugingi urpak paryzy // inform.kz /kaz /article/ 2823224
- 24 Istoriya Bukeyevskogo khanstva. 1801-1852 gg. Sbornik dokumentov i materialov / Sost. B.T. Zhanaev, V.A. Inochkin, S.H. Sagnaeva. – Almaty: Dajk-Press, 2002. – 1120 s.
- 25 Baydauletov F. Zhanaly korymyndagy kulyptastar kupiyasy // DANakaz. – 2016. – №4-5(28). – 78-79-bb.
- 26 Atan hanymnyn basynda ayshykyt ak kesene // <http://serper.kz/?p=4769> (2013-04-08); Azhigali S.E. Arhitektura kochevnikov – fenomen istorii i kul'tury Evrazii (pamyatniki Aralo-Kaspiyskogo regiona). – Almaty: Gylym, 2002. – 654 s.
- 27 RMTM. 1291-к., 81-т., 7-ис.
- 28 Russko-turkmenskies otnosheniya v XVIII-XIX vv. (sbornik arkhivnykh dokumentov). – Ashkhabad: Izd. AN Turkmenskoy SSR, 1963. – 585 s.
- 29 KROMM. 4-к., 1-т., 208-ис., 305-306-pp.; Allazharuly Zh. Uki bi zhane onyn zamany // danakaz.kz/olketanu-5
- 30 KROMM. 4-к., 1-т., 222-ис.
- 31 RF OrOMM. 6-к., 10-т., 689-ис.
- 32 Tabuldin G.Zh., Omirzakov R.K., Olovincov A.G. Kazak khandary zhane olardyn urpaktary. – Kokshetau: «Mir pechati» ZhK, 2013. – 544 b.
- 33 Erofeeva I. Rodoslovnye kazakhskih khanov i kozha XVIII-XIX vv. (istoriya, istoriografiya, istochniki). – Almaty: TOO «Print-S», 2003. – 178 s.

34 RF OrOMM. 6-к., 10-т., 716-is

35 Istoriya Kazakhstana v russkikh istochnikah XVI-XX vekov. O pochetneishih i vliyatel'nykh ordynakh. – Almaty: Dajk-Press, 2006. – Т. VIII. – Chast' 2. – 962 s.

36 Shamgonov A. Tolengitter kauymy zhane Boky ordasynda tolengit ruynyn kalypasuy // <http://e-history.kz>. Paidalangan uakyty: 24.01.2016

А.К. Муктар¹

У.Т. Ахметова¹

¹Атырауский институт нефти и газа
г. Атырау, Казахстан

ИЗ ИСТОРИИ КАРАБАЙ СУЛТАНА И ЕГО ПОТОМКОВ

Аннотация

В статье исследуется общественно-политическая деятельность султана Карабай Батырулы, также его потомков. Карабай султан внук старшего хана Казахского ханства Кайыпа, сын Батыр хана. Он 1757 году был избран ханом Хивы и правил ханством всего 4 месяца. После возвращения в Младший жуз он управлял казахскими родами. Карабай султан поддержал национально-освободительное движения Сырым батыра, политику Букей хана.

Ключевые слова: Казахское ханство, Хивинское ханство, Российская империя, Карабай султан, Букеевская орда

A.K. Muktar¹

U.T. Akhmetova¹

¹Atyrau Oil and Gas Institute

FROM THE HISTORY OF KARABAY SULTAN AND HIS DESCENDANTS

Annotation

The article examines the social and political activity of the Sultan Karabay Batyruly, as well as his descendants. Karabay Sultan was the grandson of a senior Kazakh Khan Kaiyp, the son of Batyr Khan. He was elected the Khan of Khiva in 1757, and he ruled the Khanate only 4 months. After his return to Junior Juz he ruled the Kazakh tribes. Karabay Sultan supported the national liberation movement of Syrym batyr and the policy of Bukey Khan.

Keywords: Kazakh Khanate, Khiva Khanate, Russian Empire, Karabay Sultan, Bukey horde

УДК 391[395+94](574)

К.К. Абуев¹

Г.Т. Каженова¹

¹Кокшетауский государственный университет им. Ш. Уалиханова,
г. Кокшетау, Казахстан

КАЗАХИ И КАЗАКИ В НАУЧНОМ НАСЛЕДИИ Ч. ВАЛИХАНОВА

Аннотация

В данной статье рассматриваются проблемы взаимоотношений казахов и казаков, нашедших отражение в научном наследии Ч. Валиханова. Приведены выводы ученого о последствиях кризиса кочевого хозяйства, связанные с экспроприацией земель у кочевников-казахов в пользу казачества. Рассмотрены

Таким образом, ЮНЕСКО и другие заинтересованные организации призывает население всего мира обратить внимание на неудовлетворительное состояние аудиовизуальных архивных документов, на важность сохранения ценных архивных аудиовизуальных документов для будущих поколений и принятие необходимых мер по восстановлению и обеспечению долгосрочного хранения таких материалов.

Список использованной литературы

- 1 <http://anydaylife.com/calendar/323>
- 2 <http://www.unesco.org>
- 3 <http://unesdoc.unesco.org/images/0010/001096/109612eo.pdf>
- 4 <http://portal.unesco.org/ci/en/files/7746/10448729330glossary.pdf/glossary.pdf>
- 5 <http://unesdoc.unesco.org/images/0013/001364/136477e.pdf>
- 6 Кино: Энциклопедический словарь/Гл. ред. С.И. Юткевич; Редкол.: Ю.С. Афанасьев, В.Е. Баскаков, И.В. Вайсфельд и др. – М.: Сов. энциклопедия, 1987. – 640 с., 96 л. ил.
- 7 <http://www.iasa-web.org/tc04/index.htm>
- 8 <http://www.arsc-audio.org>
- 9 <http://www.arsc-audio.org/Directory2006-031.pdf>

References

- 1 <http://anydaylife.com/calendar/323>
- 2 <http://www.unesco.org>
- 3 <http://unesdoc.unesco.org/images/0010/001096/109612eo.pdf>
- 4 <http://portal.unesco.org/ci/en/files/7746/10448729330glossary.pdf/glossary.pdf>

- 5 <http://unesdoc.unesco.org/images/0013/001364/136477e.pdf>
6 Kino: Enciklopedicheskiy slovar'/Gl. red. S.I. Yutkevich; Redkol.: Yu.S. Afanas'ev, V.E. Baskakov, I.V. Vaisfel'd i dr. – M.: Sov. enciklopediya, 1987. – 640 s., 96 l. il.
7 <http://www.iasa-web.org/tc04/index.htm>
8 <http://www.arsc-audio.org>
9 <http://www.arsc-audio.org/Directory2006-031.pdf>

Г.Ә. Сексенбаева¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР ЖӘНЕ АУДИОВИЗУАЛДЫ МҰРА

Түйін

Мақалада аудиовизуалды мұраларды сақтайтын халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне баса назар аударылады. Олардың негізгі функциясы осы мұраны сақтап қалу үшін қоғамның назарын аудару; осы мұраның жеке жергілікті, ұлттық немесе халықаралық аспектілерімен танысу үшін мүмкіншіліктер жасау; аудиовизуалды мұрағаттарға деген қолжетімділікті қамтамасыз ету; аудиовизуалды мұраларға деген бұқаралық ақпарат құралдарының назарын аударту; жалпы мәдени мұра аясында аудиовизуалды мұралардың статусын көтеру; қауіп төніп тұрған аудиовизуалды мұраларға ерекше көңіл бөлу. Қызметтің түрлі формалары арқылы болашақ ұрпаққа қоғамның экономикалық, саяси және әлеуметтік дамуы туралы ерекше мәлімет беретін аудиовизуалды мұралардың маңыздылығына деген қызығушылықтарын оятып, сонымен қатар, ұзақ мерзімге олардың консервациясын қамтамасыз етеді.

Түйін сөздер: аудиовизуалды мұра, аудиовизуалды құжаттар, мәдени мұра, сандық технологиялар, тасымалдауыштардың ескіруі, аудиовизуалды архивтеу, аудиомұраны сақтау және консервациялау, мұрағаттық ақпаратқа қолжетімділік.

G.A. Seksenbayeva¹

¹al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan

INTERNATIONAL ORGANISATIONS AND AUDIOVISUAL HERITAGE

Summary

The article points out the activity of international non-governmental organizations which involved in the preservation of the audiovisual heritage. Their main function is to attract the public attention to necessity of preserving that heritage; creating opportunities to become familiar with some local, national or international aspects of this heritage; to ensure the availability of audiovisual archives; attracting media attention to heritage issues; enhancing the status of audiovisual heritage in the framework of the common cultural heritage; they pay special attention to the audiovisual heritage which is under threat nowadays. Using various forms of activity they help to raise awareness of the significance of audiovisual heritage preservation for future generations. These are often unique testimonies reflect the economic, political and social development of any society and must be conserved for the long term.

Keywords: audiovisual heritage, audiovisual documents, cultural heritage, digital technologies, aging of media, audiovisual archiving, preservation and conservation audio heritage, access to archival information.

С.У. Бақторазов¹

¹М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті,
Тараз қ., Қазақстан

КЕҢЕСТІК БИЛІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫ ӘУЛИЕАТА ӨңІРІНДЕ ҚАЛЫПТАСҚАН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АХУАЛ

Аннотация

Қарастырылып отырған кезеңдегі Әулиеата өңірінің жаңа билік құрылымдары, экономикалық жағдайы, 1917 жылғы қуаншылыққа байланысты, әсіресе, жергілікті халықтың ауыр күйі қарастырылады. Сонымен қатар қарама-қайшы мәселелер, бір жағынан, Патша және Уақытша өкіметтердің бұрынғы саясатын жүргізіп, салықтар мен салымдарды күштеп тартып алуы, екінші жағынан, жұмысшылар мен шаруалар жағында тұрған өкімет ретінде жаңа биліктің артықшылықтары көрсетіледі.

Өлкедегі қиындықтарға қарамай билеуші партияға, яғни БК(б)П-ның өлкелік филиалы ретіндегі Түркістан Коммунистік партиясына саяси кеңістікті игеру үшін белсенді күрес жүргізу қажеттілігі, Әулиеата уезіндегі іс-қимылдар негізінде сипатталады. Оларға өздерінің ықпалын елді мекендердің барлығында болмаса да көпшілігінде бекітіп, билеуші партия мен қалыптасып келе жатқан билік құрылымдары саясатының маңызды материалдық ресурсына айналдырды.

Мақалада идеологиялық көзқарастары мен саяси ұстанымдары, әртүрлі саяси күштердің Әулиеата өңіріндегі қоғамдық-саяси ахуалы да сипатталады.

Түйін сөздер: Әулиеата өңірі, Уақытша өкімет, БК(б)П, Түркістан Коммунистік партиясы, саяси кеңістік, қоғамдық-саяси ахуал.

Петроградтағы Қазан төңкерісі барысындағы большевиктердің жеңісі мен осыдан кейінгі Ташкенттегі қарулы көтеріліс нәтижесінде 1917 жылдың 1 қарашасындағы Кеңес үкіметінің орнауы Сырдария облысының территориясында Уақытша үкіметтің толықтай құлатылуына алып келді. Большевиктердің жергілікті халық арасындағы әлсіздігі елдің және өңірдің орталықтарындағы биліктің харизматикалық мазмұнда болуымен реттелінді. Тіпті қарсылық көрсетуге мүмкіншіліктері бар күштердің өзі Кеңес үкіметінің орнауын ұрыс-керіссіз мойындады.

Құбылмалы, тұрақсыз саяси жағдайға қатаң қысы мен құрғақшылығы қосымша болған 1917 жыл мен азамат соғысының аумалы-төкпелі 1918 жылы Түркістан казактарына жеңіл тиген жоқ. 1918 жылдың 30 қыркүйегіндегі Әулиеата уездік комиссарының баяндамасында уезд жағдайы мынадай мазмұнда беріледі: «Маған сеніп тапсырылған Әулиеата уезі төрт бөлімшеден тұрады: Таулық (Горный), Аса, Шу және Меркі, онда 43 қырғыз болысы мен 75 орыс селениесі; олардың ішінде 21-і ескі, 54-і жаңа». Осы селениелердің 15-і жеке және 60-ы 12 болысқа біріктірілген; 5 селение неміс – менониттік, 4 селение түземдік, 2 поселок дүнген, 1 селение татарлардікі; барлығы жеке селениелер 87. Қазіргі уақытта шамалап есептегенде халықтың саны 200 мың адамды құрайды. Аштықтан өлген түземдіктер қазіргі уақытта, яғни 1917 және 1918 жылдың алғашқы жартысында 60 мың төңірегінде. 1917 жылдың 1 қаңтарына дейінгі статистикалық мәлімет бойынша халықтың саны 300 мың адам болған [1].

Бұл арада уездің саяси кеңістіктегі параметрі айқындалып-ақ тұр: көп ұлттық құрамы, елді-мекендердің көп екендігі сол кезеңді алғанда, жалпы халықтың санының көптігі. Сонымен қатар большевиктер үкімет басына келуінің жергілікті халыққа бірден қырғын әкеліп, 60 мыңдай адамның аштан өлгендігін осы құжат көрсетіп тұр.

Ары қарай баяндамада «1) түземдік халықтан 1917 жылғы салықтың көлемі... Барлығы 297, 381 р. 79 к. 2) Биылғы жылға халықтан алынатын салыққа байланысты төлем қағаздары (окладные листы) таратылып берілген жоқ; Қаланың әртүрлі мекемелеріндегі қарыз 100 мың рубль. Бұларды менің орнымдағылар қоғамдық қордан берген екен. Қоғамдық қордың 4 кассасы босаған, ол әлі де бос» [2]. Берілген құжат уездегі экономикалық жағдайдың ауырлығын көрсетеді, мұның өзі тиісінше жаңа үкіметтің нығаю мүмкіндігін, оның беделге ие болуын тежеді, себебі олар өз іс-қимылдарын сүйкімсіз іс-шаралардан – өткен жылы төленбеген салымдар мен осы жылғы салықтарды жинаумен бастаған еді. Жергілікті үкіметтің «халықтың төленбеген салымдарын үш жылға соза тұру әрекеті» жүзеге аспай, Ташкенттен тез арада төленбеген салымдарды да, сонымен қатар осы жылғы салықтарды да тез өндіру туралы нұсқау түсті. Түземдік және орыс халқының экономикалық жағдайы, 1917 жылғы егіннің болмауына байланысты, әсіресе алғашқыларыныкіөте ауыр, сондықтан да олардың 1917 жылғы төленбеген салым мен осы жылғы салықты төлей ала ма оны болашақ көрсетеді» [3]. Осылай жаңа билік құрылымдарына тікелей қарама-қайшы мәселелерді – бір жағынан Патша және Уақытша Үкіметтердің бұрынғы бағытын жүргізіп, салықтар мен салымдарды күштеп тартып алуға, екінші жағынан жұмысшылар мен шаруалар жағында тұрған Үкімет ретінде жаңа биліктің артықшылықтарын дәлелдеуі керек болды.

Жалпы, партиялық және Кеңестік органдардың билік өкілеттіліктеріндегі ерекшелігі олардың билік пен саясаттағы ресурстарының тым жұтандығы болатын. Бірінші дүние жүзілік және азамат соғысы жылдарындағы экономикалық тұралаудың салдарынан материалдық және қаржы ресурстары жетімсіз болды. Лайықты кадрлардың жетіспеуі орын алды және соңында саясаттың ерекше ресурсы ретіндегі «саяси уақыт» ресурсы күрмеуге келмеуі себепті, алға қойылған қайта құруларды жүргізуді өте қысқа тарихи мерзім ішінде жүзеге асыру қажеттілігі туды.

Биліктің мезо-микро деңгейлері қалаларда өзіндік ыңғаймен бір-біріне кірігіп жатты, бұған салыстырмалы түрде ұйымдасу деңгейі жоғары уездік, қалалық комитет қызметі әсер етті. Қалалық ұйымдардың мүшелерінің аз болуы кәсіподақтарда, кооперациялар мен басқа да ұйымдарда коммунистік фракция құру мәселесін күн тәртібіне қойды. Осылай, Әулиеата уезінде, Уқалком аталған ұйымдардағы партиялық ықпалды күшейтуге тырысты. Сонымен қатар коммунист – мұсылмандар арасындағы жұмыс, олардың аздығына қарамай жекеше жүргізілді, әйел мұсылмандар арасындағы жұмыс та жолға қойылды.

БК(б)П – қызметінде жергілікті халықты партия және кеңес құрылымдарының орталық деңгейіне тарту маңызды орын алды. Әулиеата уезінде «РК(б)П-ның Әулиеата уездік-қалалық мұсылман ұйымдарының бюросы» делінген қаланың өміріне белсенді араласып отырған мұсылман коммунистерінің ұйымы қызмет жасады. Осылай 1919 жылдың 20 қазанында Қошмамбетовтың төрағалық етуімен «Қазан революциясы мерекесіне арналған манифестацияға екі жауапты шешен тағайындау мәселесі тыңдалды, ... Жауапты шешендер ретінде жол. Абланов, жол. Сармолдаев тағайындалсын». Осы мәжілісте Коллегияның халық шаруашылығы бөлімі бюросына өкіл ретінде Ж.Ж. Фахрутдинов пен Бабаназаров делегат ретінде жіберілді [4]. Бюро түйткүл мәселелерді де, дәлірек айтсақ ЧК(ТК) төрағасы Краснокутскийдің Шақпақ болысының төрт үй қырғызының 208 қойы мен 4 түйесін айдап кеткендігі туралы фактіні қарастырды. Бюро мынаны атап өтті: ТК сонымен қатар Упрдот (уездік азық-түлік бөлімшесі) төрағасы ретінде кедей малшылардың соңғы жинап-тергенін тартып ала отырып мұның ешбір заңдылыққа қиыспайтындығын айтуымыз керек, себебі малшының артық малын алу үшін оның 200 қойы мен 4 жылқысы болуы керек... Біздіңше бұл жерде мал қорғаушысыз қырғыздардың қолынан тартып алынып отыр, себебі бюроға уездегі шаруалардың арасында мың қой және жүздеген ірі қара малдары бар адамдардың бар екендігі

белгілі, әйтсе де ТК және Упрдот (уездік азық-түлік бөлімшесі) төрағасы ол бай шаруаларды білсе де (көрмегендей) білмегендей болған» [5]. Кеңестік органдарда жергілікті халықтың тең өкілдігі болуы туралы мәселеге де үлкен маңыз берілді. РК(б)П-ның төртінші Түркістан өлкелік төтенше съезінің қарарларында өлкелік және жергілікті Кеңестер съездерінің талаптары бойынша өкілдіктердің тепе-теңдік принципін қатаң сақтау жөнінде қадап айтылады, мұның өзі Кеңес Конституциясында көрсетілген ережелерді сақтай отырып жүзеге асу керектігі ескертіледі.

Анығында тепе-теңділік жағдайы бұрын да болған еді, онда Әулиеата Кеңестік құрамына «орыстардан» 10 адам, «Кеңес мүшесі болып түземдіктерден» – 14 адам кірген болатын. Әйтсе де Кеңестің атқару комитетінде оның 14 мүшесінің тек үшеуі ғана жергілікті халықтың өкілдері болды – большевиктерден Рысқұлов пен Қошмамбетов, солшыл эсерлерден Жұмағұлов [6].

РК(б)П ТКП жалпы қоғамдағы, соның ішінде Түркістан өлкесіндегі әйел-мұсылмандар мәселесін барынша белсенді түрде қолға алды. Бірінші партияда жоқ мұсылман әйелдерінің конференциясы 1921 жылдың 9 наурызында Әулиеата қаласында өтті. Қаланың ірі саяси белсенділері Абланов, Ахметжанов, Рахманберды және Палийлер делегаттарды конференцияның ашылуымен құттықтады. «Москвадағы жалпыресейлік мұсылман әйелдері съезі» туралы мәселені қарап конференция съезге өзінің қызығушылығын танытты және Кеңес үкіметін қолдайтындығын білдірді.

Облыстық конференцияға делегаттар сайланып, оларды конференцияның төралқасының төрайымы Серікбаева таныстырды. Конференцияға жиналған делегаттар мұсылман әйелдер ұйымын құру мәселесін уақыт оздырмайтын қажеттілік деп қарауды өз қаулыларында атап көрсетті [7]. Кейіннен ТКП Сырдария облыстық комитеті (Сыробком) жанынан әйелдердің аудандар мен қалалардағы белсенді жұмысын ырғақтандырып отыратын әйелдер бөлімі (женотдел) құрылып, ол әйелдер ұйымдарының Кеңестік мекемелер мен байланысын нығайтуға негізделді, себебі бұл іс «... мекемелердегі әйелдер арасында нашар жүргізілген, бірақ іс-шаралар қолданылуда... Бұл байланыстардың жақсаруы күтілуде». Жергілікті халық арасындағы жұмысқа ерекше мән берілді. Облыстық партия мектебі жанында әйелдер секциясы жұмыс істеп, сонымен қатар «Шығыс арасындағы университеттің бөлімшесі жанынан әйел жұмысшылар үшін 3 айлық мектеп ашылып, онда 32 курсант есепте болды» [8].

Әйтсе де 20-шы жылдардың басында партиялық ықпал барынша әлсіз еді. 1921 жылдың сәуірінде өткен IV Әулиеата уездік-қалалық конференциясында «...Уездік партия ұйымының тым әлсіздігі, партия жұмысының уезде де, қалада да әлсіз екендігі, Уқалкомның жетекшілік ролінің жоққа тән екендігі, онсыз коммунистік ұйымдар мен басқа да партия ұйымдары күнін көре алмай кететіндігі... Уқалкомға мынадай ұсыныстар: «...қала мен уезде коммунистік бастауыш ұйымдарын құруға барлық күш-жігерді жұмсауды, ал коммунистік фракция олардың кәсіподақтары жанынан жастарды, мұсылмандар мен орыстар одағын және әйелдерді қоса отырып сенбіліктер ұйымдастыру қажеттілігі айтылды [9]. БКП(б) қызметінің келесі маңызды бағыты Түркістан Республикасы территориясында едәуір мөлшерде қалып қойған австро-венгрия армиясының әскери тұтқындарымен істелінген жұмыс болды. Олардың біразы Кеңес үкіметі орнауы және азамат соғысында жеңу кезеңдерінде большевиктер позициясының нығаюына едәуір үлес қосты, сонымен қатар 20-жылдардың басында да келелі қызметтер атқарды. Әулиеата қалалық партия ұйымында 60-тан аса РКП(б)-ның шетелдік мүшесі болғандығын, олардың қала коммунистерінің жалпы санының 10%-ін құрағанын айтуымызға болады [10]. Осы кезеңді зерттеуге арналған еңбектерде әскери тұтқындардан ірі әскери құрылымдар (1500 адамға дейін) құрылып, олардың Кеңестік Түркістан армиясындағы жетекшілік ролі айтылады [11].

Солшыл эсерлер партиясы да өзіндік құрылым құрып, орталық органдар мен бастауыш ұйымдарды біріктіруге әрекет жасады. Әйтсе де орта деңгейдегі билік буынының болмауынан, сонымен қатар 1918 жылдың шілдесіндегі көтеріліске шығу әрекеттерінің сәтсіздікке ұшырауы солшыл эсерлердің саясаттағы саудасын бітіріп, большевиктер үстем болған еді. Осы орайда РКП(б) Әулиеата уездік комитетінің мына шешімі қызығушылық тудыратындай, онда Мерке ауылындағы Кеңестердің жергілікті атқару комитетінің құрамы туралы хабар берілген: «... солшыл эсерлерден түземдік халықтың байлары пролетариат идеясын жүзеге асыруға кедергі келтіріп отыр». Уком Кеңес құрамына кірген манаптар мен байларды қамап, Кеңестің өзін қайта сайлауға шешім қабылдады [12]. Бұл факт тіпті азамат соғысы жағдайында, протокол 1919 жылдың қазанында жазылған, большевиктердің шектен тыс саяси іс-шаралар қолдануға дейін барып, олардың саяси шабуылды одан әріге өрістетуге мықтап бет бұрғанын көрсетсе керек. Перовск және Черняев уездерінің большевиктері де осындай позицияда болды.

Келесі осындай бір құрылымға біріккен оппозициялық күш басмашылар қозғалысы болды. Ұйымдастырылуы жағынан ол Түркістан АКСР-ның кейбір аудандарында белгілі дәрежедегі саяси және кей жағдайда әскери-саяси күш ретінде белгілі болды.

Кеңес үкіметінің басмашылар қозғалысына қарсы қарулы қарсылық ұйымдастыруымен шектелді, бұл үшін барлықтай дерлік коммунистер мен комсомолдар ирегулярлық өзін-өзі қорғау отрядтарына біріктіріліп, қаруландырылды. Жекелей алсақ Әулиеата атқару комитеті қалалық және уездік милицияның нығаюына ерекше назар аударып, арнайы атты бақылау тобын жарақтап отырды, олар дер кезінде қарулы басмашылардың келгендігінен хабар беріп тұрған еді. Әулиеата уезін басмашылар жорықтары ерекше мазалай қойған жоқ – мұндай күндерде оларға қарсы саны жағынан басым милиционерлер отрядтары мен қарулы коммунистер жіберіліп, бұл не басмашылардың талқандалуымен, не олардың қашып кетуімен аяқталады [13]. 1919 жылдың 11 қыркүйегінде Қарымбай Қошмамбетов бастаған Әулиеата социалистік ротасымен гарнизон бөлімшелері бірігіп Байғазы басмашыларын талқандайды [14].

Құрылымы жағынан әлсіз, бірақ зерттеліп отырған кезеңдегі Сырдария облысындағы пәрменді күш ретінде – переселендік деревнядағы кулактар мен казактардың отырықшы және көшпелі ауылдардағы феодал-бай элементтері болды. Оларды, 20-жылдардың соңына дейін ауылдық жерлерде алдыңғы қатарлы позицияда болды деуге негіз бар, бұған бірқатар объективті факторлар әсер етпей қойған жоқ.

Бірінші кезекте, олардың экономикалық жағдайының бақуаттылығына байланысты, ауыл халқының әлсіз әлеуметтік топтары оларға тәуелділікте болатын. Егер қоғамдағы экономикалық жағынан күшті топтар саяси тұрғысында да әлсіз болмайды десек, онда аталған топтың биліктің микро деңгейіндегі саяси күрес тәжірибесінің барлығын, олардың экономикалық тұрғыдан алғанда өздерінен әлсіз тұрған топтарға әсер ете алғандығын айта аламыз. Оларға кеңістіктік саяси фактор да жұмыс істеді. Егер ауылдың партия ұяшықтары сан жағынан аз болып, саяси тәжірибесі жетіспей жатса, бұл кемшіліктерді түзету үшін оларға өңір орталықтарынан әртүрлі өкілдер жіберілетін. Олардың келгенінен кеткенінің тездігі және экономикалық бақуатты топтар белсенділерінің үнемі өз орнында болуы жағдайды тез-ақ қалпына келтіретін. Сырдария облысының территориялық жағынан кең көлемділігі, жекелеген уездермен қатынастың, транспорт пен басқа да коммуникацияның жоқтығы, әлсіздігі кулактар мен феодал-бай элементтердің ықпалының сақталынып, тіпті кейбір жағдайда нығаюына да мүмкіндік берді.

Олардың микро деңгейлік биліктегі саяси тактикасы кедей шаруалардың өздеріне тәуелділігін нығайтып, осы үшін жергілікті билік органдарына өз адамдарын өткізіп, саяси тұрғыда да өз ойларын жүзеге асыру болды. Осылай БКП(б)-

ның 1927 жылы Әулиеата қаласында өткен XII уездік партия конференциясының баяндамасында «Кеңестердің сайлауын өткізу кезінде байлар сайлау кампаниясы басталмай тұрып-ақ қамданып, кедейлерді өздері жағына шығару үшін жұмыс жүргізген болатын, ол үшін байлар кедейлерге уақытша материалдық көмек көрсеткенсіді, сайлау жүріп жатқан кезде оларға сауынға малдар берді, қарызға, негізінен қой және т.с.с. беріп отырды. Осындай әрекеттерімен байлар кедейлердің ішінен өздерінің айтқанынан шықпайтын, өздеріне тәуелді адамдарды Кеңестер құрамына өткізе алды. Бұл ауылдық Кеңестің аты, затына сай еместігі еді». Ары қарай пайдаланып отырған құжатта: «...байдың кедейге материалдық көмек беруі арқасында Кеңесте өз адамдарын ұстап отыруы кереғар жағдай тудырып, кедей бай берген малды, неге Кеңес үкіметі бермейді деген екіұдай пікірде болды. Сонымен қатар құжаттар «Сайлауда жеңіліс тапқан жағдайда байлар кеңестерді өз жағына қаратудың басқа түрін де пайдаланды, яғни ауылдың әкімшілік құрамының басшыларын өз жағына қаратқысы келді. Мұндай оқиға Меркі болысының №2-ші ауылында болып, онда ауылдық Кеңестің төрағасы сол ауылдың байынан сауын сиыр алып, осы арқылы өзін байға тәуелді етіп қояды» [15]. Бұл құжаттың 1927 жылмен белгіленгенін ескерсек, онда Кеңес үкіметінің жағдайы Қазан төңкерісінен 10 жыл кейін де қалыптасып болмағандығын айтудымызға болады.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

- 1 Жамбыл облыстық мемлекеттік мұрағаты ЖОММ. 50-қ., 2-т., 16-іс, 12-13-пп.
- 2 ЖОММ. 50-қ., 2-т., 16-іс, 13-14-пп.
- 3 ЖОММ. 50-қ., 2-т., 16-іс, 14-п.
- 4 ЖОММ. 10-қ., 1-т., 22-іс, 1-п.
- 5 ЖОММ. 10-қ., 1-т., 22-іс, 2-п.
- 6 ЖОММ. 10-қ., 1-т., 8-іс, 3-б.; 10-қ., 1-т., 22-іс, 2-п.
- 7 ЖОММ. 10-қ., 1-т., 76-іс, 3-п.
- 8 ЖОММ. 10-қ., 1-т., 188-іс, 8-п.
- 9 ЖОММ. 10-қ., 1-т., 76-іс, 1-2-пп.
- 10 ЖОММ. 10-қ., 1-т., 71-іс, 16-17-пп.
- 11 Садыкова Б. История Туркестанского легиона в документах. — Алматы: Кайнар. — 2002. — 248 с.
- 12 ЖОММ. 50-қ., 2-т., 17-іс, 18-19-пп.
- 13 ЖОММ. 10-қ., 1-т., 63-іс.
- 14 Қуанышбаев М. Дала перзенті. — Алматы: Қазақстан, 1990. — 240 б.
- 15 ЖОММ. 10-қ., 1-т., 467-іс, 19-п.

References

- 1 ZhOMM. 50-q., 2-t., 16-is, 12-13-pp.
- 2 ZhOMM. 50-q., 2-t., 16-is, 13-14-pp.
- 3 ZhOMM. 50-q., 2-t., 16-is, 14-p.
- 4 ZhOMM. 10-q., 1-t., 22-is, 1-p.
- 5 ZhOMM. 10-q., 1-t., 22-is, 2-p.
- 6 ZhOMM. 10-q., 1-t., 8-is, 3-b.; 10-k., 1-t., 22-is, 2-p.
- 7 ZhOMM. 10-q., 1-t., 76-is, 3-p.
- 8 ZhOMM. 10-q., 1-t., 188-is, 8-p.
- 9 ZhOMM. 10-q., 1-t., 76-is, 1-2-pp.
- 10 ZhOMM. 10-q., 1-t., 71-is, 16-17-pp.
- 11 Sadykova B. Istoriya Turkestanskogo legiona v dokumentakh. — Almaty: Kajnar. — 2002. — 248 s.
- 12 ZhOMM. 50-q., 2-t., 17-is, 18-19-pp.
- 13 ZhOMM. 10-q., 1-t., 63-is.
- 14 Kuanyshbaev M. Dala perzenti. — Almaty: Kazakhstan, 1990. — 240 b.
- 15 ZhOMM. 10-q., 1-t., 467-is, 19-p.

С.У. Бахторазов¹

¹Таразский государственный университет имени М.Х. Дулати,
г. Тараз, Казахстан

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ УСТАНОВИВШЕЕСЯ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В АУЛИЕАТИНСКОМ КРАЕ

Резюме

В исследуемый период новым властным структурам Аулиеатинского края в связи с крайне тяжелым экономическим положением туземного и русского населения, в особенности первого, созданного неурожаем 1917 года, приходилось решать прямо противоположные задачи – с одной стороны проводить прежний курс Царского и Временного правительств в виде выколачивания налогов и податей, а с другой – доказывать преимущества новой власти, как власти стоящей на стороне рабочих и крестьян.

В данном конкретном случае предстояло освоить политическое пространство Аулиеатинского уезда – закрепить свое влияние во всех или в большинстве населенных пунктов исходя из того, что последнее является важнейшим материальным ресурсом политики доминирующей партии – каковой являлась Коммунистическая партия Туркестана, как краевой филиал ВКП(б) и сложившихся властных структур.

В статье рассмотрены общественно-политическое положение разноразправленных по идеологическим представлениям и целевым политическим установкам политических сил действовавших в Аулиеатинском крае.

Ключевые слова: Аулиеатинский край, Временное правительство, ВКП(б), Коммунистическая партия Туркестана, политическое пространство, общественно-политическое положение.

S.U. Bakhtorazov¹

¹M. Kh. Dulati Taraz State University,
Taraz, Kazakhstan

SOCIO-POLITICAL SITUATION ESTABLISHED IN THE FIRST YEARS OF SOVIET POWER IN AULIEATINSKIY COUNTY

Summary

In the analyzed period, the new power structures of Aulieatinskiy County due to the dire economic situation of the native and Russian populations, especially the first one, which was caused by the poor harvest of 1917, had to deal with opposite objectives – on the one hand they had to hold the same course of Tsar and the Provisional Government in the form of extortion of taxes and duties, and on the other hand they had to prove the benefits of the new government as the government which stands on the side of the workers and peasants.

In this particular case, it was necessary for them to master the political space Aulieatinskiy County – consolidate their influence in all or most of the settlements, reasoning from the fact that this is the most important material resource of the policy of dominant party – which is the Communist Party of Turkestan, as the regional branch of the CPSU (b), and the formed power structures.

The article deals with the socio-political state of political forces upholding divergent ideological views and political target settings which operated in the Aulieatinskiy County.

Keywords: Aulieatinskiy County of the Provisional Government, the CPSU(b), the Communist Party of Turkestan, political space, socio-political situation.

¹Тараз мемлекеттік педагогикалық институты
Тараз қ, Қазақстан

ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ-САЯСИ ҰЙЫМДАРДЫҢ АҚПАН ТӨҢКЕРІСІНЕН КЕЙІНГІ ҚЫЗМЕТІ

Аннотация

Мақалада Ақпан төңкерісінен кейін Түркістан өлкесіндегі ұлттық интеллигенция өкілдерінің саяси іс-әрекеттері, Сырдария облысының қалалары мен шет елді мекендерінде ұлттық, кәсіби және саяси белгілеріне негізделген саяси топтар мен қозғалыстардың пайда болуы және олардың ара қатынасы қарастырылады. Автор өлкедегі, әсіресе Ташкент қаласында құрылған жергілікті халықтардың ұлттық қозғалысын бейнелейтін саяси ұйымдардың бағдарламалары мен нақтылы іс-әрекеттерінде өзара бірлік пен түсіністік әлсіз болғанына тоқталады.

Түйін сөздер: Түркістан өлкесі, Ақпан төңкерісі, ұлттық интеллигенция, Уақытша үкімет, жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңесі, Шура-и-Исламия.

1917 жылғы ақпан айының соңында Ресей империясының астанасы Петроградта басталған революциялық толқулар 28 ақпанда монархияның құлауына әкелді. Елде буржуазиялық-демократиялық революция жеңіске жетті.

Ресейді ешбір шектеусіз 300 жылдан астам билеп келген Романовтар әулетінің саяси биліктен айырылуы елдегі патшалық өкіметтің құлауын және ел орталығында буржуазиялық-демократиялық саяси партияның жеңіске жеткендігін бейнеледі.

1917 жылғы наурыздың 2-сінде патшалық тәртіп ресми түрде тарих сахнасынан кетті де, елдегі билік Ресей буржуазиясы мен буржуазияланған помещиктердің мақсат-мүдделерін білдіруші Уақытша үкіметтің қолына көшті.

Ел орталығында революция жеңіске жеткен алғашқы айларда Петроград жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңесі – Петросовет іс жүзінде мемлекет астанасындағы екінші өкімет рөлін атқаруға ұмтылды. Өйткені, оны революцияның басты қозғаушы күші болған қаруланған халық бұқарасы: жұмысшылар, солдаттар және матростар қолдады.

Бір жағынан Уақытша үкімет, екінші жағынан Петроград және солдат депутаттарының Кеңесі жер-жерлерге өз өкілдерін тез аттандырып жатты: Уақытша үкімет бүкіл ел көлемінде құлатылған патшалық билік жүйесін өз әкімшілік жүйесімен алмастыруды ойластырса, Петроград кеңесі жергілікті жерлерде жұмысшы, солдат депутаттары Кеңесінің жүйесін құруға ұмтылды. Басқа сөзбен айтқанда, мемлекет астанасында қосөкіметтілік орнап, оның әрқайсысы түптеп келгенде елдегі өкімет билігін өз қолына түгелдей алуды мақсат етті.

Патша өкіметінің құлап, елде республикалық саяси жүйенің қалыптаса бастауын күллі империя халқының басым көпшілігі сияқты, Түркістан мен Қазақстанды мекендеген халықтар да, жалпы алғанда, қуанышпен қарсы алды. Патша үкіметі мен оның жергілікті органдарының құлатылуын, облыстар мен уезд орталықтарында патша әкімшілігінің неғұрлым реакцияшыл өкілдерінің тұтқындалуы мен қызметтерінен қуылуын Түркістан мен Қазақстан халықтары әрі келешекке деген жақсы үмітпен қабылдады. Жер-жерден Петроградтағы Уақытша үкімет пен Петросоветтің атына халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарының атынан жолдаған құттықтау телеграммалар тасқын болып ағылды. Мұның өзі бір жағынан, құлатылған патша үкіметіне және оның жергілікті өкілдеріне деген халық өшпенділігінің көрінісі болса, екінші жағынан Уақытша үкімет пен Петросовет ел

ішінде әділ саясат жүргізеді деп, оларға аңқаулықпен сенгендігінің белгісі болды [1, 193-б.].

Халық бұқарасының талабымен жер-жерлерде жұмысшылар мен солдаттардың тікелей араласуымен губернаторлар, уезд бастықтары, полиция мекемелерінің, округтік соттар мен прокуратура бастықтары, т.с.с. ескі мемлекеттік, басқарушы және жазалаушы органдардың жетекшілері орындарынан түсірілді немесе бас бостандықтарынан айырылды. Мәселен, 1917 жылғы 30 наурызда Түркістан өлкесінің атышулы генерал-губернаторы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті аяусыз басып-жаншуды ұйымдастырушылардың бірі Куропаткин орнынан алынып, өз үйінде қамауда ұсталды; Пішпек гарнизонының бастығы Рукин Жетісу облыстық губернаторына 26 наурыз күні жолдаған телеграммасында былай депті: «Өкімет халық пен солдаттардың қолында. Бұрынғы қызмет адамдарына өшпенділіктің шегі жоқ... Сізді де, Куропаткинді де ешбір елейтін емес» [2, 16-б.].

Түркістан өлкесіне, оның ішінде, Сырдария облысына ортақ осындай жағдайдың қалыптасуын Уақытша үкімет пен оның жергілікті органдары, сол сияқты Петросовет пен оның ықпалы нәтижесінде құрыла бастаған жер-жердегі кеңестер жүйесі өздерінің қол жеткізген саяси жеңістерінің қатарына жатқызды.

Бір сөзбен айтқанда Уақытша үкімет пен Петросовет арасындағы текетірес пен саяси бәсеке патша үкіметі құлай салып-ақ басталып кетті.

«Жаңа ұрық сеуіп келе жатқан» Кеңестердің әлсіздігін пайдаланған ресейлік буржуазия Уақытша үкіметті нығайтуды, оны түбінде елдегі бірден-бір атқарушы өкімет органына айналдыру үшін оның жер-жердегі органдарын құру ісін қолдарына алды. Ал Ресей социал-демократтарды, ең алдымен большевиктер мен олардың көсемі В.И. Ленин «заңға емес, бұқараның тікелей бастамасына сүйенетін» Кеңестерді өздерінің өкімет үшін күрестерінің басты құралына айналдыруды ойластырды.

Уақытша үкімет империяның Түркістан мен Қазақстан сияқты отарлы аймақтарына кадеттерден, оларға іш тартқан ұлттық-демократиялық интеллигенция өкілдерінен, ұсақ буржуазияшыл партия мүшелерінен (мәселен, эсерлерден) өз комиссарларын тағайындады [3, 20-б.]. Ал Петроград Кеңесі жер-жерлерге өзінің төтенше өкілдерін аттандырумен болды.

Петроградтағы Ақпан төңкерісінің жеңісі, Уақытша үкімет пен Петроград Кеңесінің арасындағы текетірес жөніндегі телеграммалар Қазақстанға наурыз айының басында жетті. Көп кешікпей мұндай хабарлар барлық аймақтарға белгілі болды.

Революция жеңіске жеткен сәтте майданның қара жұмысына алынғандарға жан-жақты көмек беру үшін Минск қаласында жүрген ұлттық-демократиялық интеллигенцияның жетекшісі Әлихан Бөкейханов наурыз айының басында Қазақстанның біраз қалаларындағы өз жақтастарына жеделхаттар жолдап, елде болып жатқан өзгерістерге баға берді. Мұндай жеделхаттың алғашқыларының бірін сол кезде Петроградта болған Мұстафа Шоқай да алды. Ұлттық революция көсемі жеделхатында өз жақтастарын Уақытша үкіметті жақтауға шақыра отырып, сонымен бірге жер-жерлерде облыстық, уездік, болыстық қазақ комитеттерін құру үшін шұғыл түрде сайлау өткізу қажеттігін баса көрсетті [4, 159-б.]. Әлихан Бөкейхановтың өз жақтастарына қазақ комитеттерін шұғыл құру туралы нұсқаулары оларды Уақытша үкіметті қолдау жөніндегі кеңестермен қатар айтылғанына қарамастан, ондай ұлт мекемелерін құру елде қалыптаса бастаған қосөкіметтіліктің аясына симайтын еді. Кейінгі оқиғалар көрсеткеніндей, қазақ комитеттері сөз жүзінде Уақытша үкіметті қолдағанымен, оның барлық іс-әрекеті ұлттық мүдделерге қызмет етті: «Алаш» партиясының бағдарламалық мақсат-мүдделерін жүзеге асыруға, алаш автономиясын жариялап оның үкіметі – Алашорданы құруға, ұлттық милиция жасақтарын ұйымдастыруға, өлкедегі жер мәселесін әділ шешу ісіне белсенді түрде ат салысты [5, 25-б.].

1917 жылғы Ақпан төңкерісі берген мүмкіндіктерді толық пайдалану арқылы ұлттық интеллигенция өкілдері саяси іс-әрекет сахнасына белсенді түрде шыға бастады. Әлихан Бөкейханов 1917 жылғы наурыз айының басында Уақытша үкіметтің Торғай облысындағы комиссары болып тағайындалса, сәуір айының басында Мұхаметжан Тынышбаев, одан кейін Мұстафа Шоқай Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің құрамына енгізілді. Жаһанша Досмұхамедов, Халел Ғаббасов, Жақып Ақбаев, Асфендияр Кенжин, Әзімхан Кенесарин, т.б. Қазақстан мен Түркістанның жекелеген уездері және қалаларындағы Уақытша үкіметтің Атқару Комитеттеріне мүше болды [6, 124-б.; 7, 30-б.].

Уақытша өкіметтің Қазақстан мен Түркістандағы облыстық, уездік басқару органдарына мүше болған айтылмыш ресми үкіметтің шенеуніктерінің міндеттерін атқарумен қатар, ұлттық мүдде мәселелерін де ойдан шығарған жоқ.

Ал Қазақстандағы казак-орыс әскерлерінің билеуші топтары жаңадан құрыла бастаған Уақытша үкіметтің жергілікті органдарына, жаңадан ұйымдаса бастаған Кеңестерге (олардың қатарында казак депутаттарының кеңестері де бар), жеңілген облыстық және уездік казак комитеттеріне менсінбей қарап, казак-орыс станицаларындағы билік тізгінін бұрынғысынша өз қолдарында қалдыруға бар күштерін салды.

Дәл осы кезде көпұлтты Сырдария облысының қалалары мен шет елді мекендерінде ұлттық, кәсіби және саяси белгілеріне негізделген саяси кері топтар мен қозғалыстар пайда бола бастады. Мәселен, Жетісу мен Сырдария облыстарында мұсылман діндес, түрік тілдес халықтардың қоғамдық қозғалысына басшылық жасау мақсатында «Құрылтай» атты комитет құрылды. Оның басшылығы Жетісу облысының орталығы Верный (Алматы) қаласына орналасты да, оған «Тазетдинов и К°» сауда үйінің қожасы Зайтдин Қажы Тазетдинов жетекшілік етті. Негізінен өзбек, ұйғыр саудагерлері мен діндарларының бастамасымен «Шуро-и-Исламия» («Ислам кеңесі», одан сәл кейін ұлттық-демократиялық казак, қырғыз зиялыларының комитеттері (1917 жылғы шілдеден «Алаш» партиясының жергілікті бөлімшелері болып құрылған) пайда болды [8, 76-б.]. Бұл істе казак Ыбырайым Жайнаков, қырғыз Ишаналы Арабаев, т.б. белсенділік көрсетті.

Түркістан өлкесінің орталығы Ташкент қаласының саяси өмірі күрт нашарлады. Мұндағы саяси өмірдің өзіне тән ерекшеліктердің бірі, бір жағынан Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің құрамында негізінде кадет партиясының мүшелері мен оның жақтастары көпшілік орынға ие болса (олардың қатарында Әлихан Бөкейханов, Мұхаметжан Тынышбаев және Мұстафа Шоқай сияқты казак халқының өкілдері де бар), екіншіден, осы комитетпен текетіресте болған Ташкент Кеңесінің құрамында эсерлер мен социал-демократтардың қанатының (негізінен большевиктердің) көпшілік орынға ие болуына байланысты еді.

Мүшелері түгелге дейін «еуропалықтардан» (негізінен орыс халқының өкілдерінен) тұратын Ташкент Кеңесі өкімет билігіне жергілікті халықтардың («мұсылман» халықтарының) өкілдерін жолатпау бағытын ұстады.

Өлке орталығында қалыптасқан осындай саяси жағдайда (белгілі дәрежеде соған жауап ретінде) жергілікті халықтардың саясатқа белсенді түрде араласа бастаған өкілдері екі саяси ұйым құрды. Олардың біріншісі қоғамдық-саяси өмір мәселелеріне белгілі дәрежеде консервативтік бағыт ұстаған «Ғұламалар одағы» («Улема жаннаты») болса, екіншісі қоғамды буржуазиялық-демократиялық тұрғыда өзгеруге бейім тұрған «Ислам кеңесі» («Шуро-ислам») еді. 1917 жылғы наурыз айында осы екі ұйым Ташкент қаласында Түркістанның мұсылмандар конгресін шақырды. Ал бұл конгресс өзінің кезегінде Түркістан мұсылмандарының орталық комитетін («Туркестон мусулмани шурози») сайлады. Бұл комитет қысқаша «Ұлттық орталық» («Милли маркез») деп те аталады. 1917 жылғы сәуір айында Петроградтан Түркістанға оралған Мұстафа Шоқай «Ұлттық

орталықтың» төрағалығына сайланып, оның құрамына Түркістан өлкесінің Мұхаметжан Тынышбаев, Ораз Сардар сияқты белгілі қайраткерлері енгізілді.

Ақпан төңкерісі жеңіске жеткен жағдайдағы «Ұлттық орталықты» басқарған Мұстафа Шоқайдың Ресейге көзқарасын сепаратистік емес, автономистік деп бағалауға болады. Дәл сол кезде ол Түркістанның Ресейден бөлінуін емес, оның демократиялық федеративтік Ресейдің автономиялы республикасы болуды қалады [4, 21-22-бб.].

Түркістандағы орыс емес халықтардың Ақпан төңкерісінен кейін саяси белсенділігінің артқандығын жергілікті ұлт тілдерінде газеттердің шығарыла бастауынан анық көруге болады. 1917 жылғы көктемнің басынан Ташкентте жартылай татар, жартылай өзбек тілінде «Ұлұғ Түркістан» («Ұлы Түркістан») атты газет шыға бастады. «Түркістан татарларының бюросы» атынан шығып тұрған осы басылымның редакциялық алқасына 1917 жылғы сәуірден мүше болған Мұстафа Шоқай оның беттерінде Түркістан халықтарының бірлігі туралы идеяны белсенді түрде насихаттады.

Мұстафа Шоқай кейін, шетелдік эмиграцияда жүрген кезінде, жариялаған (1936-1937 жж.) «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» атты еңбегінде Ақпан төңкерісі жеңіске жеткен кездегі ұлттық-мемлекеттік құрылысқа деген көзқарасын былай білдірген еді: «Біз әлі ұлттық тағдырымыздың мәселелерін ұлттық тәуелсіздік тұрғысынан көтере қоймағанбыз. Тек бәріміз орыс патшалығы жойылып, мемлекет құрылысы өзгереді деген пікірде едік... Көп ұзамай орыс революциясының оқиғалары біздің осы тәтті үмітіміздің тас-талқанын шығарды. Орыс революцияшыл демократтары іс жүзінде сынақтан өте алмады. Олар патшалық заманда орыстан өзге халықтардың өкілдерін жатырқамағанымен, билікке қолы жеткен кезде оларды шеттетіп, маңайына жолатпай қойды» [9, 44-б.].

Уақытша үкіметтің алғашқы қадамдары, оның Түркістан өлкесі сияқты отарлы аймақтар жөніндегі ішкі саясатының жаңа бағытында құлатылған патша үкіметінің осы саладағы іс-әрекеттерімен салыстырғанда жаңа, сапалы өзгерістер байқалмады. Сондықтан да ұлт аймақтарында, оның ішінде Түркістанда пайда бола бастаған саяси күштер жаңа жағдайға орай әрекет етті.

Мәселен, «Ұлұғ Түркістан» газетінің 1917 жылғы 30-ы сәуірдегі санындағы редакциялық мақаласында жаңа саяси жағдайдағы «татарлардың, сарттардың, казактардың бір болуы» туралы айтылды. Бұл Мұстафа Шоқай сол кездің өзінде уағыздай бастаған түрік тілдес, мұсылман діндес Түркістан халықтарының бірлігі туралы идеяның көрінісі еді.

Осы идея 1917 жылғы маусым айында Ташкент қаласында шыға бастаған «Бірлік туы» газетінде де тұрақты әрі кең түрде насихатталды. Бұл газетті шығаруға Мұстафа Шоқай мен Сұлтанбек Қожанов мұрындық болды, ал оның мерзімді баспасөз органы болып қалыптасуына «Қазак» газетінің редакциясында мол тәжірибе жинақтаған Міржақып Дулатов онды рөл атқарды.

Газеттің редакциялық алқасына қол ұшын беріп, оның жекелеген сандарын шығаруға қатынасқандар қатарында Тоқтабаев Ш, Ақаев Серікбай, Өтегенов Садық, Кенесарин Әзімхан, Бориев Кумуш-әли (ұлты түркмен), т.б. болды.

Ақпан төңкерісіне дейін патша үкіметіне сенімсіз адам ретінде саясат мәселелеріне араласуына тыйм салынған Көлбай Төгісов, қазақтың зиялы қауымының басқа өкілдері сияқты, енді өзінің саяси белсенділігін күшейте түсті. Ол Сырдария облысының тұрғындары арасында патшалық тәртіптің құлағаны, Ресейде демократиялық республика орнағандығын, ескі қоғамдық-мемлекеттік жүйе мен буржуазиялық мәндегі республикалық мемлекеттің негізгі айырмашылықтарын түсіндіруге ат салысты. Наурыз айының бірінші жартысында Көлбай Тоғысов облыстың Ташкент, Қазалы сияқты қалаларымен Қауыншы, Ниязбек, Зинчеата, Желал-Төбе, Ишанбазар, т.б. ірілі-ұсақты елді

мекендерінде өткен митингтерде сөз сөйлеп, елдің орталығы мен оның ұлт аймақтарында орын алған өзгерістерге талдау жасады.

Зерттеуші Б. Елкеевтің пікірі бойынша К. Тоғысов сол кездегі мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары мен облыс тұрғындарының көптеген мәжілістерінде сөйлеген сөздерінде халықтың назарын Ресейдің орталық аймақтары мен шет өңірлерінде демократиялық Республикаға тән тәртіп орнату, орыс демократтары мен еңбекші мұсылмандардың революцияшыл іс-әрекеттеріне қолдау көрсету, жергілікті басқару орындарына халық мүддесін қорғайтын адамдарды сайлау қажеттігіне басты назар аударған [10, 109-б.].

1917 жылғы сәуір-мамыр айларында Көлбай Тоғысов Сырдария облысының қалалары мен басқа елді мекендерінде «Шуро-исламия» партиясының ұйымдарын құруға Петроградтан Түркістанға оралған Мұстафа Шоқайға көмектесті және айтылмыш партияның Ташкент ұйымына мүше болды. Осы ұйымның атынан ол мұсылмандардың бүкілресейлік съезіне делегат болып қатынасып, оның атқару комитетінің құрамына сайланды [11, 15-б.; 12, 232-б.].

Ақпан төңкерісінен кейін Түркістан өлкесіндегі, әсіресе, өлке және Сырдария облысының орталығы болған Ташкент қаласында құрылған жергілікті халықтардың ұлттық қозғалысын бейнелейтін саяси ұйымдардың бағдарламалары мен нақтылы іс-әрекеттерінде бірлік пен түсіністік әлсіз болды. Сол кездегі саяси қозғалыстардың қайнаған ортасында болған Мұстафа Шоқайдың пікірінше мұндай жағдайдың «Шуро-Исламия» мен «Ғұламалар одағына» тікелей қатынасы болды. Осыған орай М. Шоқай «1917 жыл естеліктерінде...» былай деп жазды: «Өлкелік ұйымдар деп аталған, шындығында да бүкіл өлке тұрғындарының көңіл-күйіне ықпал жасамақ болған екі мықты ұйым – «Шуро-и-Исламия» мен «Ғұлама қоғамы» бір-бірімен қатты қырқысып жатты.

Муннавар Қары басқарған «Шуро-и-Исламия» жаңа дәуір талабымен өлкенің бағыныштылық тәуелсіздігінен туған жағдайын ескеріп, реформа жасау жоспарын ортаға салды...Сералы Лапин басқаратын «Ғұлама қоғамы» мәселеге басқаша қарады... «Ғұлама қоғамы» Ресей федерациясынан автономия беруді талап етті. Олардың арасындағы араздық біздің жалпы ұлттық мүддемізді бәсеңдетіп, жұмысымызды былықтырды» [8, 127-б.].

Зерттеуші К. Есмағамбетов «Шуро-и-Улемаға» деген көзқарасын былай білдіреді: «Дегенмен идеялық ұстанымдарының бірбеткейлігіне қарамастан «Улема» қоғамының мүшелері халықтың ұлттық сана-сезімін оятып, этностық бірегейлігі идеясын орнықтыруға, саяси белсенділігін арттыруға өз үлестерін қосады. Отарлық жүйені қайта қалпына келтіруге тырысқан ұлы державалық шовинизмге қарсы жергілікті халық мүддесін басты қорғаушы Ұлттық орталық болады» [13, 107-б.].

Лапин Сералы Мұңайтпасұлы (1868, Ақмешіт – 1919, Самарқан) – ағартушы, адвокат, сәулет өнері тарихын зерттеуші, 1891 жылы Петербург университетінің заң факультетін бітірген. Ақпан төңкерісі жеңіске жетісімен Ақмешітте (Перовск) «Халық өкілдері кеңесі» атты ұйым құрды [10, 129-131-бб.].

Мұның үстіне облыстың басқа өңірлерінде ұлттық ұйымдар көп жағдайда рулық белгілер «негізінде құрылғандықтан» [8, 90-б.] олар бірін-бірі түсінбей, кейде іс-әрекеттерінде карама-қайшылыққа тап болып, нәтижесінде жергілікті жұмысшы және солдат депутаттарының ықпалына оңай түсіп отырды.

Мұстафа Шоқайдың мойындауынша, 1917 жылғы көктемде Түркістан ұлттық қозғалысының басшылары өзара түсінісе алмағандықтарымен қатар, өз қызметін өлке орталығымен шектеді. «Біз, Түркістандықтар, - деп жазды кейін Мұстафа Шоқай, - өлкелік комитеттерден ары аса алмадық, мұның үстіне ұйымдардың біразы бір-бірімен керісуден басқа ештеңенің жөнін білмейтін. Әрбір аудандық немесе облыстық ұйым өзін ғана мықты санап, бұл мәселе туралы басқалардың аузын аштырмайтын...Бір-бірімен керісіп, тартысып жатқан ұйымдар саяси және

идеологиялық бағдарлама түрғысынан емес, тек басшыларының бір-бірімен жеке қарсылығына байланысты тартысатын» [8, 128-б.].

Мұстафа Шоқай мен оның жақтастары басқарған демократиялық қозғалыс, Мұстафа Шоқайдың сөзімен айтсақ, Ақпан «...революциясы берген мүмкіндіктерді ұлттық мүддеге пайдалана алмады» [10, 224-б.].

Осының салдарынан Түркістан өлкесінде, оның басты аймағының бірі Сырдария облысында да, саны көп, сапасы жоқ көптеген ұйымдар төрағасы Мұстафа Шоқай болған «Ұлттық орталықтың» («Милли маркез») басшылығымен мықтап топтаса алмады. Сондықтан да, дейді Мұстафа Шоқай, біз көп болсақ та мықты ұйым құра алмадық. Тек заңды, орынды талаптарымызды жүзеге асыра алмайтын көпшілік болдық та қалдық. Бүкіл мекеме аппаратын, қарулы күштерді және басқа да құрамдарды қолына ұстаған аз санды орыстардың күші басым болатын» [10, 128-б.].

«Саны аз, күші басым» Түркістандағы орыс халқының өкілдерінен тұратын Ташкент жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңесі, сол сияқты өлкенің облыстары мен уезд орталықтарында құрылған кеңестер біртіндеп, күн өткен сайын өлкенің саясат сахынасындағы Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті мен оның жергілікті органдарына қарсы тұратын негізгі ұйымдарға айнала бастады. Ал мұның өзі Ақпан төңкерісінен кейін өлкеде қалыптасқан «көпөкіметтіліктің» қосөкіметтілікке ұласа бастағанның көрінісі еді. Түркістандық ұлттық ұйымдардың, деп жазды Мұстафа Шоқай, дәрменсіздігін «жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңестері де түсінген болатын. Сондықтан да бізді көзге ілмеді. Көпшіліктің 96-98 процентін құрғанымызбен жұмысшы және солдат депутаттары Кеңестеріне қарсы күресе алмай, Уақытша үкімет комитетінен одақтас іздеп жүруінің қандай екендігін айқын көрсетеді» [10, 124-б.].

Ақпан төңкерісі жеңіске жеткеннен кейінгі екі-үш айда орын алған оқиғалар анық көрсеткеніндей, өлкеде алғашқы кезде орнаған «көпөкіметтілік» біртіндеп қосөкіметтілікке ұласа бастады. Уақытша үкіметтің Түркістандық комитеті өлкенің облыстары мен уездерінде, солармен қатар жекелеген болыстарында Уақытша үкіметтің жергілікті органдары болып табылатын атқару комитеттер жүйесін құру ісіне белсенді түрде кірісті. Кей жерлерде олар азаматтық комитеттер болып та аталды.

1917 жылғы 7-і сәуірде Уақытша үкімет өзінің өкілетті органы ретінде Түркістан комитетін құрды. Оның құрамына кадет Щепкин, меньшевик Елпатьевский, қазақтың ұлттық-демократиялық зиялыларының жетекшісі Ә. Бөкейханов, т.б. енді. Ал сол жылғы 17-і сәуірде өзінің Сырдария облысындағы комиссары етіп бұрынғы уезд бастығы подполковник Тризнаны тағайындады [5, 146-б.]. Уақытша үкіметтің Түркістан комитетімен бір мезгілде Ташкентте жұмысшы депутаттарының Кеңесі пайда болды. Ташкент жұмысшы депутаттарының Кеңесі облыстың жекелеген қалаларына орналасқан гарнизон солдаттары тарапынан қолдау тапты [14, 36-п.].

Түркістан өлкесінің генерал-губернаторының және оның сыбайластарының өкімет билігінен тайдырылуы туралы хабарды өлкенің ірілі-ұсақты елді мекендерінде халық қуанышпен қарсы алды. 1917 жылғы сәуір айының басында Әулиеатада өткен қалалық митингте және одан кейін болған қалалық жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің мәжілісінде «уезд бастығын, оның көмекшілері мен приставтарды тұтқындау» туралы қаулы қабылданды [15, 48-б.]. Осымен мазмұндас қаулы-қарарлар уездің ауыл-селоларында өткен халықтық жиналыстар мен саяси басқосуларда да жаппай қабылданып жатты. Көптеген болыстар да жаңадан құрылған атқару комитеттер көпшіліктің талап етуімен халықтың қаһарына ұшыраған болыс басшылары мен ауыл старшындарын тұтқындап немесе оларды соған дейін атқарып келген қызметтерінен жаппай қуумен болды. Мәселен, Шаповалов болыстық атқару комитеті Әулиеата уездік комитетінің атына 1917 жылғы 9-ы сәуірде «бұрынғы өкімет кезінде халықты қатыгездікпен қорлап келген

Лукьян Терновой тұтқынға алынып, Әулиеата түрмесіне жөнелтілгені» туралы хабарлаған [16, 144-п.].

Черняев уезінің Қошқарата болысының дихандарының талабына сәйкес бұрынғы болыс басшысы «патша үкіметінің қошаметшіл қызметкері ретінде» орнынан тайдырылып, болыстағы уақытша үкіметтің комиссары болып Мақұлбек Шерімов тағайындалса, осыған үксас себептермен Қарабастау болысының комиссары болып Жұмаш Керімбаев, Мақпал болысының комиссарлығына Мандыбай Сарықұлов, Ащыбұлақ болысының комиссарлығына Арзыбай Әйнеков тағайындалды [17, 19-п.].

Халықтың құлаған патша үкіметіне деген өшпенділігін шебер пайдаланған Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті мен облыстық және уездің комиссарлары ауыл, село, болыс деңгейіндегі билік пен басқару жүйесін осылайша белсенді түрде құра бастады.

Дегенмен де, кейбір болыстарда Уақытша үкіметтің болыстық комиссарларын сайлау айтарлықтай қиыншылықтарға кездесіп отырды. Атап айтқанда, Уақытша үкіметтің Әулиеата уездік комиссарының қалауымен Шокпар болысының бұрынғы басшысы штабс-капитан Жабагин 1917 жылғы сәуірде орнынан түсіріліп, болыстық комиссар қызметіне көпшіліктің қалауымен Төртоқа Түгірбековты тағайындау жөнінде қаулы қабылданды. Алайда Жабагин бұл шешіммен келіспей, болыс кеңсесін жаңа комиссарға тапсырудан бас тартты. Ол мұнымен де шектелмей, 30-да астам өз руластарын қаруландырып, жаңа тағайындалған болыстық комиссарды өлтірем деп қорқытты. Жұмысшы және солдат депутаттарының облыстық кеңесі Жабагинді жақтады. Нәтижесінде Жабагин Шокпар болыстық комиссары болып тағайындалды [2, 67-б.]. Облыстық кеңестің араласуымен жекелеген болыстарда Уақытша үкіметтің бірнеше комиссарларын қайтадан сайлау орын алды.

Уақытша үкіметтің жергілікті жүйесінің басты өкілеттеріне айналған уездік және Сырдария облыстық кеңестерінің комитеттерінің талап етуімен бұрынғы болыс басшылары мен ауыл старшындарын Уақытша үкіметтің комиссарларымен алмастыруға арналған сайлауларда орын алған кемшіліктер мен заңсыздықтарды тексеретін комиссиялар негізінен Сырдария облыстық жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесінің атына түскен арыздар негізінде ұйымдастырылды. Облыстық кеңестің 1917 жылғы 27 және 31 мамыр күндері өткен мәліметтерінде Әулиеата уезінің 11 болысынан Уақытша үкіметтің жергілікті органдарын (атқарушы комитеттері мен комиссарларын) сайлауда орын алған заңсыздықтар жөніндегі арыздар қаралды. Нәтижесінде атқару комитеттеріне сайланған депутаттар мен тағайындалған болыстық және ауылдық комиссарлардың уәкілдіктерін тексеруге арналған мандат комиссиялары құрылды [18, 26-27-пп.]. Барлық уездік комиссарларға, олардың қатарында Әулиеата уезінің комиссарына да, айтылған мәселелер жөнінде арнаулы хаттар жөнелтілді. Алайда облыстық және уездік деңгейдегі барлық билікті өз қолдарына шоғырландыра бастаған Уақытша үкіметтің органдары Сырдария облыстық Кеңестің ескертпелерін «жүре тындап», тіпті каперіне де алуды қойды. Орталықта билікті өз қолына алған Уақытша үкімет жергілікті жерлерде атын өзгерткенімен заты бұрынғыша қалған атқарушы қоғамдық-саяси жүйе арқылы құлаған патша үкіметінің отарлау саясатын жалғастырумен болды. Ақпан революциясының алғашқы күндерінде пайда болған халықтық милиция таңдамалы милициямен алмастырылды. Отаршыл, өктемшіл де, озбыр саясатты жүзеге асыруға машықталған жергілікті басқару жүйесі іс жүзінде бұрынғысынша қалдырылды.

Орта Азия жағдайында аса үлкен маңызды жер мен су мәселесі шешілмей, шиеленіскен жағдайда қала берді: сан мыңдаған гектар жерлер латифундистердің меншігінде болды; 1917 жылғы 7-і маусымда қабылданған «Сырдария облысындағы су комитеттері туралы ережеге» сай егістікке су беру құқығы бұрынғысынша арық-ақсақалдарының (мирабтардың) құзырында қалды.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың барысы мен нәтижесінде Сырдария облысында шиеленіскен ұлтаралық (ең алдымен қазақ-орыс, қырғыз-орыс,) қатынастар шешілмеді, тіпті кей жерлерде олар Уақытша үкіметтің жергілікті органдары жол берген қателіктерден өрши түсті.

- 12 Петров К.И. Очерк происхождения киргизского народа. – Фрунзе: АН КССР, 1963. – 148 с.
- 13 Абрамзон С.М. Этнический состав киргизского населения северной Киргизии // Труды киргизской археолого-этнографической экспедиции (сокр. ТКАЭЭ). – Т. IV. – М., 1960. – 367 с.
- 14 Винников Я.Р. Родоплеменной состав и расселение киргизов на территории Южной Киргизии // ТКАЭЭ. – Т. I. – М., 1956. – 183 с.
- 15 Аристов Н.А. Труды по истории и этническому составу тюркских племен. – Бишкек: Сорос-Кыргызстан, 2003. – 460 с.

16 Материалы по истории кыргызов и Кыргызстана. (Извлечения из китайских источников II в. до н.э. – XVIII в.). // МИКК. – Т. 2. – Бишкек, 2003. – 260 с.

References

- 1 Zuev Yu.A. Istoricheskaya proekciya kazakhskih genealogicheskikh predaniy // Kazakhstan v epokhu feodalizma. – Alma-Ata: Nauka, 1981. 365 s.
- 2 Bernshtam A.N. Social'no-ekonomicheskii stroy orkhono-eniseyskikh tyurok VI-VIII vekov. – M.; L.: Izd-vo AN SSSR, 1946. – 209 s.
- 3 Rashid ad-Din. Sbornik letopisey. T. I. Rashid ad-Din. Sbornik letopisey. – T.I. Kn. 1 / Per. s persidskogo L.A. Khetagurova. – M.; L.: Izd-vo AN SSSR, 1952. – 222 s.
- 4 Mokeyev A. Kyrgyzy na Altaye i na Tyan'-Shane. – Bishkek: Izd-vo Kyrg.-Turets. Un-ta «Manas», 2010, 279 str.
- 5 Materialy po istorii kyrgyzov i Kyrgyzstana. (Iz vlecheniya iz kitayskikh istochnikov II v. do n. e. – XVIII v.). // MIKK. – Т. 2. – Bishkek, 2003, 260 str.; Materialy po istorii kirgizov i Kirgizii. - Vyp. I. – М., 1973. – 280 s.
- 6 Soltonoev B. Kyrgyz tarykhy. – Bishkek: Ushkun, 2003. – 447 b.
- 7 Istoriya Kirgizskoy SSR s drevneyshih vremen do serediny XIX v. – Т. 1. – Frunze: Kyrgyzstan, 1984. – 798 s.
- 8 Jesenkul Torokan uulu. Kyrgyzdyn kyskacha sanzhyrasy. – Т. 1. – Bishkek, 1995. – 225 b.
- 9 Zakirov S. Kyrgyz sanzhyrasy. – Bishkek: Kyrgyz enciclopediyasiynyn Bash redakciyas, 1996, 430 b.
- 10 Saif ad-Din Akhsikendi. Madzhmu at-tavarih // MIKK. – Vyp. 1. – М.: Nauka, 1973.
- 11 Klyashtornyi S.G., Savinov D.G. Stepnye imperii drevney Evrazii. – SPb: Filologicheskii facul'tet SPbGU, 2005. – 346 s.
- 12 Petrov K.I. Ocherk proiskhozhdeniya kirgizskogo naroda. – Frunze: AN KSSR, 1963. – 148 s.
- 13 Abramzon S.M. Etnicheskii sostav kirgizskogo naseleniya severnoy Kirgizii // Trudy kirgizskoy arkheologo-etnograficheskoy ekspedicii (sokr. TKAJeJe). – Т. IV. – М., 1960. – 367 s.
- 14 Vinnikov Ya.R. Rodoplenennyy sostav i rasselenie kirgizov na territorii Yuzhnoy Kirgizii // TKAEE. – Т. I. – М., 1956. – 183 s.
- 15 Aristov N.A. Trudy po istorii i etnicheskomu sostavu tyurkskikh plemen. – Bishkek: Soros-Kyrgyzstan, 2003. – 460 s.
- 16 Materialy po istorii kyrgyzov i Kyrgyzstana. (Iz vlecheniya iz kitayskikh istochnikov II v. do n.e. – XVIII v.). // MIKK. – Т. 2. – Bishkek, 2003. – 260 s.

Т.Д. Жұманалиев¹

¹Ж. Баласағұн атындағы Қырғызстан ұлттық университеті
Бішкек, Қырғызстан

XVI-XVIII ғ. Ортасындағы Тяньшань маңы көшпелілерінің қосарлы этносаяси ұйымы

Мақалада қосарлы жүйенің қалыптасу мәселелері, оның құрылымы, көшпелі қоғамдағы рөлі мен орны қарастырылады. Қосарлы жүйенің өзгешелігі көшпелі қоғамдағы рулық-тайпалық ұйым мен әскери-әкімшілік жүйенің үйлесімділігі, олардың бірлесе қызмет етуінде. Сөйте отырып, екеуі бірде бірін-бірі толықтырса, бірде өзара қарама-қайшылықтары да туындап отырған. Ішінара, бір жағынан түменбасылықтары негізінде орталықтандырылса, екінші жағынан рулық-тайпалық құрылымдардың бөлінуі байқалады.

Түйін сөздер: қосарлы жүйе, оң және сол қанат, рулық-тайпалық құрылымдар, әскери-әкімшілік жүйе, басқарудың көшпелілік түрпаты

T.D. Jumanaliev¹

¹Zh. Balasagyn Kyrgyz National University,
Bishkek, Kyrgyzstan

DUAL ETHNOPOLITICAL ORGANIZATION OF THE NOMADS OF TIEN SHAN IN THE XVI-MIDDLE XVIII CENTURY

Annotation

The article deals with the problem of the formation of the dual system, its structure, role and place in a nomadic society. Specificity of the dual system is a combination of tribal organizations and the military administrative system, and their co-operation in nomadic societies, with both forms complementing each other, and sometimes conflicting, in particular, on the one hand, on the basis of ten thousand warriors unit centralization, and on the other segmentation of tribal divisions.

Keywords: dual system, the right and left wings, tribal divisions, military-administrative system, nomadic type of government.

ӘОЖ 351.852.1(574)

А.Ф. Ибраева¹
З.Е. Колумбаева²

¹М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
²«Тұран-Астана» университеті

КЕҢЕС КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН МУЗЕЙЛЕРІНІҢ ҚОРЛАРЫН ЖАБДЫҚТАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Ғылыми мақала кеңес кезеңіндегі музей қорларын жабдықтау мен толықтырудың бағыттары мен ерекшеліктеріне арналған. Кеңес кезеңінде музей қорлары жабдықталуында екі бағытты байқауға болады: бірінші, дәстүрлі, революцияға дейінгі қалыптасқан дәстүр бойынша әр музей саласына қарай қорларын жабдықтау (экспедиция, жекелеген адамдардан, түрлі мекемелерден келіп түскен заттар арқылы); екінші, дәстүрлі бағытта жинақтау материалдары өзгере бастағандығымен ерекшеленді. Қорлардың заттармен жабдықталуындағы тарихи-археологиялық, этнографиялық, палеонтологиялық сұраныстың орнына тарихи-революциялық, таптық ұстанымдардың қалыптасуына негіз болған заттарға деген сұраныстың басым болғандығын көрсетеді.

Түйін сөздер: революция, кеңес кезеңі, музей, қор, экспедиция, жабдықтау, коллекция, тарихи-өлкетану, музейлік заттар.

1920 жылдардың басында дүбірлі тарихи оқиғалардан кейін республика көлемінде қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, жаңа социалистік қоғамдық құрылысқа көшуде қиыншылықтар күрделі болды. Дегенмен, өлкедеге саяси, әлеуметтік-экономикалық үдерістердің әсерімен музейлер өмірінде де жандану байқалды. Кеңес үкіметі орнаған алғашқы кезеңде музейлердің коллекциялық қорының қалыптасуы мен толығыуына Қазақстанды зерттеу қоғамының үлесі зор. Оның құрамында тарихшылар А.П. Чулошинков,

А.П. Гра, Ә.А. Диваев, С.М. Петров, А.Л. Мелков, И.В. Мелкова, А.А. Четыркина, И.М. Расторгуев, Н.А. Чулошникова жаратылыстану ғылымдарының өкілдері Л.П. Лошкарев, М.И. Рожанец, В.Е. Тележников еңбек етті. Қоғамының мәжілістерінде этнограф ғалым А.А. Четыркинаның «Қазақ оюларының үлгілері», А.Л. Мелкованың «Қазақ ауылдарына жазғы саяхаттың нәтижелері», А.П. Чулошниковтың «Өлкенің XV ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың басына дейінгі мәдениетінің жалпы жағдайы», Д. Букиничтің «Торғай және Қостанай уездеріндегі қазақтардың құлпы тастары мен зираттарының сәулеттік көріністері» тақырыптары бойынша ғылыми экспедицияларының нәтижелері баяндалған есептері тыңдалған [1].

Музей қызметкері А. Четыркина Ақтөбе, Торғай, Амангелді аудандарын, Қостанай, Батыс Қазақстан, Гурьев, Семей облыстарынан музей қажеттілігі үшін этнографиялық бұйымдар жинаған. Заттардың ішінде Ақтөбе губерниясы Түзтөбе болысы 187-ші ауылдан алынған киімдер өте құнды болып табылады. Олардың арасында 61 сом 8 тиынға ер адамның, 35 сом 42 тиынға әйелдің киімдері сатылып алынған [2]. Киімдердің ішінде орта ауқаты бар бір қазақтың бойында жеті бөлек киімі болатындығы жақсы көрсетілген. Атап айтсақ, қара шұғадан сырып шытпен астарлаған «жалбағай» бұл күндері кездесе қоймайтын сирек зат. Оны қатты боранда жел мен қардан қорғану үшін тымақтың сыртынан киген. Орталық Қазақстан мен Торғай төңірегіне тән «жалбағайға» ұқсас «далбағай» деген бас киім Оңтүстікте кездеседі [2, 63-п.]. Жинақталған құндылықтар Орынбор музейінің қорына өткізілді. А.Л. Мелков жинағының ішінде әйелдердің кеудеге салынатын «өңіржиек» немесе «алқа» аталатын зат әшекейлері, жасалу шеберлігі жағынан қолөнердің ғажайып туындысы. Өңір жиектің біреуі Гурьев жағының адайларынан, екіншісі бұрынғы Орынбор губерниясы, Буырты болысынан әкелінген. Қыздардың шашбауларына тағатын салпыншақты шолпылар мен ауқымды әсем сырға, тас көзді жалпақ күміс білезік, оған ілмеліп тасталған күсмұрын күміс жүзіктер, алтын-күміс шұбартпалар музейдің этнографиялық коллекциялар қорын толықтыра түсті [3].

Қоғам мүшелері Орынбор өлкетану музейінің Қырғыз (қазақ) ХАК-ы құрамына берілгеннен кейін музей жәдігерлері толық тізімделіп, өткізілуіне айтарлы үлесін қосты. 1921 жылы 10 қаңтар күні жәдігерлерді қабылдау аяқталып, арнайы актіге қол қойылды. Осы акті бойынша Қазақстанға музей ғимаратымен қоса мынадай жәдігерлер берілді:

– тарихи-мәдени бөлім бойынша: а) археологиядан – 622, ә) нумизматикадан – 853 күміс және мыс тиындар, қағаз ақшалар, 45 медаль, 18 несиелік билет, б) қару-жарақтан – 18 жеңіл зеңбірек, 14 мылтық, 12 тапанша, 4 садақ, 32 қылыш, 8 сауыт, 3 дулыға, в) этнографиядан – 18 әр халықтар киім-кешегі, 62 бас киім мен әйел әшекейлері, 97 үй жиһаздары, 63 қытай жапон халықтары жиһаздары, г) қоғамдық тұрмыстан 65 фарфор ыдыс, 19 гравюра, 9 картина, 62 ескі құжаттар;

– табиғат бөлімі бойынша: а) геология және минералогиядан – 2000, ә) палеонтологиядан – 140, б) зоологиядан – 502 құстар, 63 сүтқоректілер 20 бауырымен жорғалаушылар тұлыптары. Осы жәдігерлермен қатар қорында 7356 кітабы бар музей кітапханасы да берілді [4].

XX ғасырдың 20-шы жылдарының басында Қырғыз (Қазақ) АКСР Орталық музейінде қызмет атқарған қазақтың аяулы азаматтарының бірі белгілі ғалым, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов болды. Музей қорын жабдықтауға және ғылыми сұрыптауға қосқан үлесі жайлы мәліметтер мұрағат қорларында сақталған. Мәселен, музейдің ғылыми кеңесшісі болған А. Байтұрсыновтың Орталық музей қорының бейнелеу өнері коллекциялық қорының негізгі бөлігін құраған Н. Хлудовтың туындыларын ғылыми сұрыптау қорытындысы туралы мәлімет сақталған. Онда мынадай қызықты жәйттерді кездестіруге болады: «Н. Хлудовтың суреттерінен қазақ халқының тұрмысы тек суреттегі күйінде кездесуі мүмкін,

не мүлдем кездеспейді. Мүмкін, суретшіні қазақтардың қарапайым тұрмысы қызықтырмаған болуы керек, не болмаса «жартылай жабайы» деп санайтын ол қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен, әдет-ғұрпын үстіртін білген. Осындай көзқарас төмендегі суретші туындыларында орын алған:

– Қазақ ерлері мен әйелдерін жалаң аяқ суреттеу. Әдетте қазақ әйелдері жалаң аяқ жұмыс істемейді, ал ерлері тек сирек жағдайларда ғана. 12-13 жастағы балалар жалаң аяқ жүруі мүмкін.

– Қазақ қыздарының бас киімсіз, шаштарын шығыңқы суреттеу. Әдетте қазақ қыздары бас киімсіз жүрмейді. 3) Жалғыз киіз үйлердің суреттелуі. Қазақтар ауыл болып өмір сүреді. Бірнеше ауылдардың топтасуы шаруашылық түріне байланысты. Бұдан шығатын қорытынды Хлудовтың суреттері орындалуы жағынан керемет, мазмұны жағынан шынайылықтан ауытқыған кемшіліктерге толы» [5].

Қазақ тұрмыс-тіршілігін білетін ғалымның сын-ескертпелері орынды деп пайымдауға болады. Бүгінгі таңда ҚР Орталық Мемлекеттік музейінің қорында Н. Хлудовтың туындылары музейдің бейнелеу өнері қорының негізгі бөлігін құрап отыр. Суретшінің толық туындылар жинағымен музей қызметкерлері әзірлеген еңбектен танысуға болады [6].

Орталықта болып жатқан іс-шаралар лебі жергілікті жерлерге де әсерін тигізіп, Қазақстан музейлері қызметін жаңа қоғам талаптарына сай етіп құруға белсенді кірісті. Қырғыз (қазақ) өлкесінің Орталық өлкетану музейі мемлекеттендіріліп, қызметін өлкетану бағытына икемдеп, ғылыми-қор жинақтау жұмысын ойдағыдай жүзеге асырып жатты. Сонымен қатар, Кеңес өкіметінің алғашқы он жылдығында Қостанайда, Оралда, Көкшетауда, Шымкентте, Ақмолада, Петропавлда ұйымдастырылған музейлер жаңа қоғам талаптарына сай өз жұмыстарын қалыптастырды. 1920 наурызында негізі қаланған Көкшетау музейіне жинақталған түрлі заттардан археологиялық, палеонтологиялық, жаратылыстану, тарихи, жағрафиялық және этнографиялық бөлімдер ашылса, ондағы жәдігердің саны небәрі 130 ғана болған. Тек, тамыз айында Шучье ауылының құрметті ұстазы И.С. Хохловты музейдің меңгерушісі етіп тағайындаумен, оның жұмысы ілгері жылжыды. Музей ісін жандандыру бағытында аянбай қызмет атқарған И. Хохловтың еңбегінің арқасында 1926 жылы музей қорындағы заттар саны 1956-ға жетті. Оның ішінде археологиядан 793, палеонтологиядан 76, жаратылыстанудан 685, этнографиядан 91, жағрафиядан 40, технологиядан 6, өнерден 100 жәдігер болған. Музей қорындағы бүкіл заттардың құны 3000 сомға бағаланған [7].

Музейдегі қор жабдықтау жұмысы ғылыми экспедиция жабдықтау арқылы жүзеге асырылып отырды. Мәселен, И. Хохлов бастаған музей қызметкерлері Көкшетаудан 20 шақырым қашықтықта орналасқан Шеңгелді өзенінің маңындағы көне бейітке зерттеу жұмыстарын жүргізіп, одан ұзын басты адамның қаңқасы мен бірге жерленген найзаның ұштары, сүйектен және мыстан жасалған жебелер, аң тістерінен тізбектелген моншақтар, екі жақсы өңделген тас (үтіктегіш, қол балға), жоғарғы жағы өрнектеліп қара саздан жасалған шағын ыдыс, сынған ыдыс қалдықтары, жылқының екі бас сүйегі (жылқылар мәйітпен бірге арнайы жерленген болуы керек), аңның мүйізі, ине немесе біз түріндегі сүйек, мыс пластиналар, сүйектер және тастар табылды. Музей жұмысының негізгі бағыты өлкетанулық болғандықтан бұл заттардың музей үшін маңызы өте зор еді [6, 194-п.].

Жетісу, Сырдария және Оңтүстік Қазақстан музейлері қорларының жабдықталуында белгілі профессорлар Д.И. Нечкин, А.А. Семенов, Б.П. Денике, Гориздо-Кульчицкийлердің үлесі зор болды. Мысалы, 1922-1923 жылдары профессор Гориздо-Кульчицкий бастаған экспедиция Шымкент уезінде болып, балықтар, жәндіктер мен өсімдіктер түрлерін жинастырса, профессор Н.Н. Кузнецов басқарған экспедиция Жетісу өңірінен 3 мыңнан аса жәндік түрлерін Жетісу музейіне жинап тапсырды. Бұл заттар ғалымдар үшін өлке табиғаты жайында берері мол құнды

деректерге айналды [8]. Мемлекет тарапынан музейлерді қаржылай қамтамасыз етуде қиындықтар болғандықтан, бұл міндетті 1922 жылға дейін музей ісі және өнер, табиғат пен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Түркістан комитеті мойнына алып, тек 1922 жылдың 12 маусымнан бастап, № 45 Түркеспубликасының Кеңестік халық комитетінің декретіне сәйкес жергілікті дәрежедегі музейлерді қаржыландыру жергілікті бюджеттің негізінде жүргізілетін болды.

1925 жылдың 1 сәуірінде музейге меңгеруші болып, өлкетанушы, ғалым Б.П. Тризна тағайындалады. 1924-1925 жылдарға берген есебінде музейдің сол кезеңдегі ауыр жағдайы туралы былай деп жазады: «1920 жылы негізі қаланған Шымкент музейі 1924 жылдың 1 қазанында ешкімге керексіз аянышты халде кешуде. Музей жылумен қамтамасыз етілмегендіктен тонсыз, пимасыз отыру мүмкін емес. Меңгерушіге және күзетшіге берілетін жалақы бірде Ташкенттен, бірде Шымкенттен үзілді-кесілді төленеді» [9]. Музей жұмысын дамытуға жергілікті өлкетанушы-ғалымдар М.А. Быков, Т.А. Шпота, Б.П. Тризна мен И.К. Шпоталар белсене ат салысты. Республиканың оңтүстігінде музей ісінің дамуына белгілі ғалым, археолог М.Е. Массонның еңбегі өте зор болды. Музей қорын жабдықтау мақсатында М.Е. Массонның ұсынысы бойынша Қазақстанның оңтүстік аудандарында бірнеше ғылыми экспедициялар ұйымдастырылып, оның қоры археологиялық, ботаникалық, зоологиялық, палеонтологиялық материалдармен толықтырылды. Сырдария музейі жұмысына өлкетанулық сипат беріліп, ол жаратылыстану-тарихи, жағрафия мен статистикалық-экономикалық және мәдени-тарихи бөлімдерге бөлініп, құрамында жалпы саны 2 мыңнан аса жәдігерлері болды [9, 41-п.].

Музейлер қорының тез қарқынмен толығын 1923-24 жылдардағы Орталық музейдің есебінен оның бөлімдерінің көбейгенін аңғару қиын емес. Атап айтсақ, бұрынғы тарихи-этнографиялық – 4730 және жаратылыстану-тарихи – 2884 бөлімдерімен қоса, ауылшаруашылығы бұйымдары – 173, мектепке дейінгі әлеуметтік тәрбие – 796 бөлімдері ашылып, музей қоры толық түскен [10]. Егер 1923 жылы музей қоры 45 затпен толықса, 1924 жылы 671 затқа көбейген. Жабдықтау түрі көбіне сыйға тарту түрінде қала берді. Мұндай жабдықтау жұмысы сол кезеңде республика көлеміндегі барлық музейлерге тән болды. Мәселен, Семей музейіне Тифлис маңынан табылған парсы мыс ақшасы сыйға тартылған [11].

Қазақ АКСР Орталық өлкелік музейінің қорына түскен жәдігерлердің қатарында: Кіші Орданың батыс бөлігінің билеушісі сұлтан Баймұхаммед Айшуақовтың 18 оғы бар қынабы – № 4372; 1869 жылы Кіші Орданың орта бөлігін билеген сұлтан Мұхамеджан Баймұхамедұлының 8 оғы бар бешпеті – № 4373; Ішкі Бөкей Ордасының ханы Жәңгірдің жұбайы Фатима ханшаның алтынмен өрнектелген барқыт бешпеті және көйлегі – № 4392; Ержан Шолақұлының малақайы (бөрік), белбеуі; Кенже Нұрмұхамедқызының күміс және алтынмен әшекейленген қызыл барқыттан тігілген сәукелесі; әшекейленген белбеу; император II Александрдың қола мүсіні – № 4397; император II Николайдың қола мүсіні – № 4398; марал мүйіздері – 4; 1332 жылғы бұхар пистолеті және т. б. заттармен музей қоры толықты. Сонымен қатар, көрме ұйымдастыру, дәріс оқу, экскурсиялық жұмыстардың дұрыс ұйымдастырылуы әртүрлі әлеуметтік топтағы музей көрерменінің санын өсіре түсті [12]. Суретші Репиннің қаламының ұшынан туындаған «Галкин-Врасский» атты суреті, 1814 жылы Париж алынғаннан кейін Наполеон сарайынан алынған сағат, «пролетариат көсемі» В.И. Лениннің портреті музей қорына түсіп құнды заттар қатарына жатқызылды. Бұдан шығатын қорытынды, мақсатты зат жинақтауға және ғылыми экспедициялар ұйымдастыруға қаржының тапшылығы, арнайы мамандардың және қажетті құралдардың жетіспеушілігі музей қорын жабдықтауда кездейсоқтық принципінің үстем болғанын аңғартады.

1928-1929-шы жылдары музей қызметкерлері Талас Алатауында, Мерке ауданында, Мойынқұмда экспедициялық-жинақтау жұмыстарын жалғастырды. Этнографиялық заттарды іздестіру мақсатында экспедиция мүшелері Мерке ауданының 37-ші ауыл тұрғындарының өмірі мен тұрмысын бейнелейтін аяқ киім, су құюға арналған ыдыстар, қобыз, тоғыз құмалақ ойыны қажеттіліктері және басқа да жәдігерлер алып қайтты. Ортағасырлық Сайрам, Сығанак, Сүрнен, Майлықөл және Жабағлы қоныстарындағы мәдени ескерткіштерді суретке түсіріліп, есепке алынды. Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі құрылысы және оның тарихи-архитектуралық ескерткіштері жайында 1930 жылы Қазақстанды зерттеу қоғамы бөлімінің мүшесі М.Е. Массон Ташкент қаласында 2000 данамен басылып шыққан монография жазды.

Орталық музей директоры А.С. Махонин, ғылыми қызметкер М.Н. Ленонтовский, лаборант П.И. Зарецкий, препаратор Мотылев, аңшылар Паршин мен Жвирблис және 2 практикант Невская мен Усенко Алматы аңшылар қорығының флорасы мен фаунасын зерттеуге барды. Нәтижесінде зоология мен ботаникадан 3 мыңдай жәдігер жиналып, 50 фотосурет және түрлі эскиздер жасалды. Музей қызметкерлері Есік өзені бойына жасаған саяхатында едәуір жәдігерлер жинап, фотосуреттер түсірді. Музей қызметкерлерінің Таушелек орман шарушылығына барған ғылыми экспедицияны музей ғылыми қызметкері М.Н. Ленонтовский басқарып, марал, доңыз, елік және т.б. аңдар атылып алынды. Экспедиция мүшелері осы өңірдің марал өсіруге қолайлы екендігі, аңшылық шаруашылығын ұйымдастыру мүмкіндігі жайында қорытындыға келді [13].

Алайда, социалистік революция жемісі және Одақ көлемінде таралып келе жатқан әкімшіл-әміршіл жүйе қоғамның қай саласы болмасын сыңаржақтылыққа бой ұрдыра бастады. Осы бағытта Кеңес үкіметінің жасаған алғашқы қадамдарының бірі 1928 жылы 27 тамызда байларды тәркілеу туралы декреттің қабылдануы еді. Онымен бірге БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті «Барлық еңбекшілерге» деген үндеу қабылдап, осы екі құжатта 5 қыркүйекте баспасөзде жарияланды. Байларды тап ретінде жою туралы іс-әрекетінің қаншалықты орасан қайғы өкелгенін тарих дәлелдеп отыр. Кезінде қазақ қоғамын жақсы білетін алаш интеллигенциясының өкілдері Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсыновтың: «Қазақтарда бай мен кедейдің арасында таптық қайшылық жоқ, оларда рулық мүдде немесе жалпықазақтық мүдде таптық мүддеден басым түсіп жатады», – деген пікірлері кейіннен, болшевиктер тарапынан «реакциялық теория» ретінде өткір сынға алынды [14].

Тап қайшылығын шиеленістірудегі Кеңес үкіметінің саясаты бірден қолға алынып, шолақ белсенділер тарапынан тез қарқынмен жүзеге асырыла бастады. Музейлер де кенже қалған жоқ. Мәселен, Петропавл Көкшетау, Оңтүстік Қазақстан тарихи-өлкетану музейі 1927-1928 жылдары ғылыми қор жабдықтау жұмысын жаңа тұрмыс талаптарына сай жасақтау қағидаттарына сөйкес бөлімдерді қайта құрудан бастады. Нәтижесінде едәуір жәдігерлер социалистік құрылыс талаптарына сай емес деп табылып, көрмеден алынды. Жаңа жәдігерлер негізінде экспозициялар құрылып, түрлі тақырыптарда көрмелер ұйымдастырылды. Жаңа көрнектемелердің негізгі идеясы бай мен кедейдің тұрмыс-тіршілігін салыстырмалы түрде көрсету қағидаттарына сүйеніп, қанаушы таптың қолданған бұйымдары қажетсіз деп танылды [2, 23-п.]. Ал, Семей тарихи-өлкетану музейінің 1926 жылғы Орталық музейге берген есебінде, тарих бөлімінде – 255, археология бөлімінде – 1489, этнография бөлімінде – 461, геология бөлімінде – 1366, зоология бөлімінде – 1769, ботаника бөлімінде – 3827, ауылшаруашылық бөлімінде – 526 және көркемсурет бөлімінде – 1433 жәдігер барлығы көрсетілген. Осы есебінде музей меңгерушісі «көрме бөлімдеріндегі жиһаздардың тозығы жеткендіктен оларды айырбастау қажет, жәдігерлер жергілікті мекемелер мен жекелеген тұрғындардың сыйлықтары негізінде қалыптасуда, мүмкіндігінше сатып алу шараларын да қарастырып отырамыз, осы істерді жүзеге асыруға қаражат бөлулеріңізді сұраймыз», – деп

жазды. 1927 жылы музей қоры 833 жәдігермен толықты [15].

Музейлер жұмысының негізгі бағыты салалық деңгейде қор жинақтау, музейлік мәні бар ескерткіштерді іріктеу, оларды зерттеу, құжаттау, талапқа сай сақтау сияқты жұмыстармен айналысты. Қазақстан музейлерінің қорында нумизматикалық заттар (алтын, күміс, мыс теңгелер мен медальдар, ақша) коллекциясы да аз болған жоқ. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік музейінің қорында Оңтүстік Қазақстан ортағасырлық қалалар орындарынан табылған ақша нұсқалары сақталған. Бүгінгі таңда олардың саны 34 мыңнан астам. Антикалық (ежелгі грек, кушан, қытай), Түркі (түргеш теңгелері), Қарахан, Алтын Орда, кейінгі орта ғасыр (шағатай, тимуридтер, шейбанидтер), Қазақ хандығы кезеңдеріне жататын бұл заттар Қазақстанның ортағасырлық тарихындағы экономикалық жағдайы, тауар-ақша қатынасы, басқа мемлекеттермен саудасаттық байланысы жайлы мол мағлұмат беретін деректік материалдар болып табылады [16].

Қазақ халқының тағдырында өткен XX ғасыр өзінің сан-алуан оқиғаларымен орын алды. Ұлттық зиялы қауым өкілдерінің саяси көзқарасының қалыптасып, қайраткер ретінде танылуына біріншіден, рухани негізді айтсақ, екіншіден, олар өмір сүрген кезеңнің өзіндік ерекшелігінде, тұрақсыздығында еді. Қазақстан музей ісінде тарихи-мәдени мұраны сақтау ісіне араласқан ұлт зиялыларының үлесін мұрағат қорларында сақталған деректер дәлелдеп отыр. Әсіресе Қазақстанның тұңғыш астанасы болған Орынбор қаласының 1924 жылғы территориялық межеллеуге байланысты Ресейдің құрамына кетуі көптеген ұлттық қазынымыздың тағдырына кері әсерін тигізгені белгілі. Жаңа астана болған Қызылорда қаласына барлық басқару органдары мен мәдени мекемелері көшірілді. Бірақ, жаңа астанада лайықты ғимараттың болмауына байланысты көптеген мекемелер алғашқы уақытта Орынбор қаласында қалып қойды. Осындай мекемелердің арасында Қазақ АКСР Орталық өлкетану музейі де болды. Бұл жағдай Орталық өлкетану музейі мен енді ұйымдастырылып жатқан Орынбор губерниялық музейінің арасында арасында жәдігерлер таласын тудырды.

РКФСР құрамына енген күннен бастап Орынбор губерниялық атқару комитеті Қазақ АКСР Орталық өлкетану музейінен Орынбор өлкесін бейнелейтін бірнеше құнды жәдігерлерді беруді талап ете бастады. Нәтижесінде Орталық музейдің қорынан бөліп берген жәдігерлеріне Орынбор губерниялық Атқару комитеті қанағаттанбай мәселені шешу Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті қарауына берілді [17].

1925 жылы 13 шілдеде Комитет Президиумы мәжілісінде Орталық музей Қазақстан табиғатын, тарихын, этнографиясы мен шаруашылығын бейнелейтін жалғыз мәдени мекеме болғандықтан музейді Қазақстан басқаруында қалдырып, ондағы Орынбор өлкесіне тиісті жәдігерлерді губерниялық атқару комитетіне беруді міндеттейтін шешім қабылдады. Бұған қанағаттанбаған Орынбор губерниялық атқару комитеті өзіне тиісті емес жәдігерлерге қайта талас тудырып, Орталық музей орналасқан ғимараттан губерниялық музей үшін бөлмелер босатуды, жәдігерлер орналасатын жиһаздарға ауыз салды. Орынборлықтарға губернияны бейнелейтін жәдігерлер берілсе де, олар оған қанағаттанбай тарихи-этнография бөлімі бойынша – 2061, жаратылыстану-тарихи бөлімі бойынша – 431, дін бөлімі бойынша – 627 жәдігерді беруді талап етті.

Орынборлықтар Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті шешімін місе тұтпай, қазақстандықтар тек өз республикасын сипаттайтын жәдігерлерді ғана алу керек деген жаңа пікірлерін алға тартты. Бұл таласты шешу қайта Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетіне шығып, оның Президиумының 1927 жылы 9 мамыр күнгі мәжілісі Қазақстан музейі қорынан Орынбор өлкесіне тиісті жәдігерлерді беріп, РКФСР ХАК-ын бір ай аралығында талас тудырып отырған жәдігерлерді анықтап шешуді міндеттеп, Орынбор губерниялық Атқару комитетінің Орталық музей орналасып отырған ғимараттан бөлмелер босатып берудегі өтінішін

заңсыз деп тапты. Қалыптасқан жағдайға байланысты мәселенің екі жақты қанағаттандыратындай шешілуі үшін, екі жақтың өкілдерінен комиссия құрылу керек деп шешті [18].

Мәдени құндылықтардан айрылып қалу қаупі төніп тұрған кезде мәселенің тиімді шешілуіне белсене араласқан ұлт зиялылары мемлекет және қоғам қайраткерлері, сол кезеңде Қазақ АКСР-ның Халық Ағарту Комиссары Токтабаев, Ғылыми-әдістемелік Кеңестің төрағасы Т. Шонанов, ғалым хатшы Махонин, Сайдалин, Кенжин сынды тұлғалардың есімдерін ерекше айтуға болады. Орынбор губерниялық Атқару комитеті қалыптасқан жағдайды Мәскеу арқылы шешуді қаласа, Қазақстан өкілдері орынборлықтарға да, өздеріне еш нұсқан келмейтіндей бағытты ұстады. 1927 жылдан бастап Қазақстан Орталық өлкетану музейінің менгерушісі қызметіне тағайындалған А. Махонин республика Халық Ағарту Комиссары О. Жандосовқа жазған хатында: «Қазіргі кезде талас тудырып отырған 472 жәдігердің 395-ін орынборлықтар беруден мүлде бас тартуда. Олардың көпшілігі еш күмәнсіз Қазақстан Орталық өлкетану музейіне берілуі тиіс. Бұл жәдігерлердің арасында қымбат тастармен безендіріліп таза күмістен жасалғандары адамзат қолөнерінің қайталанбас туындылары. Таза күмістен құйылып, өрнектеліп жасалған кішкене шараға баға беру мүлде мүмкін емес», – деп жазды [19]. Сонымен қатар, талас тудырып отырған заттардың арасында шығыс үлгісінде өрнектеліп жасалған екі күміс ыдыс – № 83, 84, тұнғыс бақсысының киімі – № 80, киік мүйізі – № 294, ерте дәуірден сақталып келе жатқан теңгелер – № 203, 209, 226, 229, генерал-губернатор Перовскийдің жиналмалы үстелі – № 73 т.б. қазақ халқының тарихы мен мәдениетін бейнелейтін құнды заттар бар еді [19, 73-п.].

Екі музей арасындағы талас тарихи-этнографиялық және тарихи-жаратылыстану жәдігерлері төңірегінде туды. Дін бөлімшесі бойынша 778 жәдігердің «бұратана» халықтар жөніндегі патша үкіметінің миссионерлік саясатын бейнелейтіндері Қазақстан Орталық өлкетану музейіне қалдырылып, қалғаны Орынбор губерниялық музейіне берілсін деген шешім қабылданды. Орынбор губерниялық атқару комитетінің сұрауы бойынша 633 әр кезең ақшалай белгілері және Орталық өлкетану музейі қорындағы 14 зеңбіректің 11-і, 11 балбал тастың 9-ы көшкен кезде қиындық тудырады деген себеппен Орынборда қалдырылды. Ол аздай Орынбор губерниялық атқару комитеті өзінің жылғы 13 ақпандағы қаулысымен музейдің мұрағаты мен кітапханасына да ауыз салды. Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесіне жолдаған хатында Халық Ағарту Комиссарының орынбасары Оликов пен Ғылыми-әдістемелік кеңестің төрағасы Т. Шонанов аталған қаулының еш негізсіз екендігін айта келіп, Орынбор губкомының іс-әрекеті Бүкілодақтық Атқару Комитетінің қаулысына қайшы келетін шешім екендігін Бүкілодақтық Атқару Комитетіне тез арада хабарлауды сұрады. Орынборлықтардың негізгі талабы музей құрамындағы кітапхана мен мұрағат қорын Орынбор музейінде қалдыру еді. Қазақстан өз тарапынан кезінде Орынбор-Торғай губернияларының тарихы қатталған деректер мен Қазақстанды зерттеу қоғамының жандануына үлес қосқан кітапхана қоры тек Қазақстанға тиесілі екенін білдірді. Мәселе Қазақстан үшін тиімді шешілгенімен, көптеген құнды деректер асығыс көшкен кезде Орынборда қалды. 1929 жылы Қазақстан Орталық өлкетану музейі Орынбор музейімен жәдігерлерін бөлісіп, жаңа астана Алматы қаласына көшіп келді [13, с. 7-9].

Байқап отырғанымыздай, патша өкіметінің өктемдік саясаты Кеңестік кезеңде жалғасын тауып, тіпті өзгелерді қойғанда музей ісінде де көрініс берді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Труды общества изучения Казахстана (Киргизского края). – Оренбург, 1925. – Т. 5. – 308 с.
- 2 Протоколы Совета Центрального музея // ҚР ОММ. 81-қ., 1-т., 1021-іс, 19-п.
- 3 Есова С., Оразбаева Н. Казахская национальная одежда. – Алматы: Жалын, 1976. – 168 с.
- 4 Переписка с научными обществами по вопросам музейного строительства // ҚР ОММ. 81-қ., 1-т., 26-іс, 22-п.

5 Заключение консультанта музея Байтурсынова по картинам Хлудова // ҚРОММ. 1308-қ., 1-т., 154-іс, 27-28-пп.

6 Хлудов Н.Г. Каталог произведений: живопись и графика. / Науч. ред. Н. Алимбай. – Алматы: Издательство ЦГМ, 2003. – 224 с.

7 Государственный архив города Кокшетау. 76 - қ., 1-т., 672 -іс, 3-п.; 76-қ., 1-т., 749-іс, 129-131-пп.

8 Известия Средне-Азиатского Комитета по делам музеев и охраны памятников старины, искусства и природы «Средазкомстарис». – Ташкент, 1926. – Вып. 1. – С.16.

9 Оңтүстік Қазақстан облыстық Мемлекеттік мұрағаты. 201-қ., 2-т., 3-іс, 39-п.; 201-қ., 2-т., 3-іс, 4-5-пп.

10 Социалистическое строительство в Казахстане в восстановительный период (1921-1925 гг.). – Алма-Ата: АН КазССР, 1962. – 560 с. – С. 505-506.

11 Труды общества изучения Киргизского края. – Оренбург, 1922. – Вып. III. – 286 с.

12 Инвентарная опись музейных экспонатов // ҚР ОММ. 81-қ., 1-т., 1316-іс, 221-п.

13 Вестник Центрального Краевого музея. – Алма-Ата: ЦГМ, 1930. – 30 с.

14 Омарбеков Т. XX ғасырдың 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 328 б.

15 Отчет о состоянии и деятельности Центрального музея за II полугодие 1925 г. // ҚР ОММ. 1308-қ., 1-т., 45-іс, 7-8-пп.

16 Базылхан Н. Монеты в фондах Центрального Государственного музея РК // Орталық музей еңбектері: музей ісі, тарих, этнология, фольклортану, антропология, деректану, нумизматика / Әлімбай Н., Смағұлов О., Самашев З., Қасқабасов С. т.б.; Ғылыми редактор Әлімбай Н. – Алматы: Ғылым, 2004. – 395 б.

17 Инвентарная опись музейных экспонатов // ҚР ОММ. 81-қ., 1-т., 1316-іс, 221-п.

18 Приказы, постановления, резолюции, инструкции // ҚР ОММ. 30-қ., 1-т., 485-іс, 79-п.

19 Годовой отчет о работе Центрального музея // ҚР ОММ. 81-қ., 1-т., 1392-іс, 69-70-пп.

References

1 Trudy obshchestva izucheniya Kazakhstana (Kirgizskogo kraja). – Orenburg, 1925. – Т. 5. – 308 s.

2 Protokoly Soveta Central'nogo muzeya // QR OMM. 81-q., 1-t., 1021-is, 19-p.

3 Yessova S., Orazbayeva N. Kazakhskaya nacional'naya odezhda. – Almaty: Zhaly, 1976. – 168 s.

4 Perepiska s nauchnymi obshchestvami po voprosam muzeynogo stroitel'stva // QR OMM. 81-q., 1-t., 26-is, 22-p.

5 Zaklyuchenie konsul'tanta muzeya Baitursynova po kartinam Hludova // QR OMM. 1308-q., 1-t., 154-is, 27-28-pp.

6 Hludov N.G. Katalog proizvedenij: zhivopis' i grafika / Nauch. red. N. Alimbaj. – Almaty: Izdatel'stvo CGM, 2003. – 224 s.

7 Gosudarstvennyi arkhiv goroda Kokshetau . 76-q., 1-t., 672-is, 3-p.; 76-q., 1-t., 749-is, 129-131-pp.

8 Izvestiya Sredne-Aziatskogo Komiteta po delam muzejev i okhrany pamyatnikov stariny, iskusstva i prirody «Sredazkomstaris». – Tashkent, 1926. – Vyp. 1. – S.16.

9 Ontustik Qazaqstan oblystyq Memlekettik muragaty. 201-q., 2-t., 3-is, 39-p.; 20-q., 2-t., 3-is, 4-5-pp.

10 Socialisticheskoe stroitel'stvo v Kazakhstane v vosstanovitel'nyi period (1921-1925 gg.). – Alma-Ata: AN KazSSR, 1962. – S. 505-506.

11 Trudy obshchestva izucheniya Kirgizskogo kraja. – Orenburg, 1922. – Vyp. III. – 286 s.

12 Inventarnaya opis' muzeynyh eksponatov // QR OMM. 81-q., 1-t., 1316-is, 221-p.

13 Vestnik Central'nogo Kraevogo muzeya. – Alma-Ata: CGM, 1930. – 30 s.

14 Omarbekov T. XX gasyrdyn 20-30 zhyldardagy Qazaqstan qasireti. – Almaty: Sanat, 1997. – 328 b.

15 Otchet o sostoyanii i deyatel'nosti Central'nogo muzeya za II polugodie 1925 g. // QR OMM. 1308-q., 1-t., 45-is, 7-8-pp.

16 Bazylkhan N. Monety v fondah Central'nogo Gosudarstvennogo muzeya RK Ortalyq muzey enbekteri: muzey isi, tarih, etnologiya, fol'klortanu, antropologiya, derektanu, numizmatika / Alimbay N., Smagulov O., Samashev Z., Qasqabassov S. t.b.; Gylymi redaktor Alimbay N. – Almaty: Gylym, 2004. – 395 b. – b. 354.

17 Inventarnaya opis' muzeynyh eksponatov // QR OMM. 81-q., 1-t., 1316-is, 221-p.

18 Prikazy, postanovleniya, rezolyucii, instrukcii // QR OMM. 30-q., 1-t., 485-is, 79-p.

19 Godovoy otchet o rabote Central'nogo muzeya // QR OMM. 81-q., 1-t., 1392-is, 69-70-pp.

А.Г. Ибраева¹
З.Е. Колумбаева²

¹Северо-Казахстанский государственный университет
им. М. Козыбаева

²Университет «Туран-Астана»

ОСОБЕННОСТИ КОМПЛЕКТОВАНИЯ ФОНДОВ КАЗАХСТАНСКИХ МУЗЕЕВ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА

Резюме

Научная статья посвящена основным направлениям и особенностям комплектования и пополнения музейных фондов Казахстана в советский период. В комплектовании музейных фондов сложилась два направления: *во-первых*, традиционное, в связи со сложившейся дореволюционной традиции, комплектование музейных фондов предметами музейного значения осуществлялось за счет поступления в результате экспедиционных исследований, личных пожертвований и т.д.; *во-вторых*, подходы в комплектовании материалов постепенно изменяются. Вместо устоявшихся традиций комплектования музейных фондов предметами историко-археологического, этнографического, палеонтологического направления, большее внимание стало уделяться предметам отражающим классовый подход.

Ключевые слова: революция, советский период, музей, фонд, экспедиция, комплектование, коллекция, историко-краеведческий, музейные предметы.

A.G. Ibraeva¹,
Z.E. Kolumbaeva²

¹M. Kozybayev North Kazakhstan State University
²«Turan-Astana» University

PECULIARITIES OF THE KAZAKHSTAN MUSEUMS STOCK REPLENISHMENT IN THE SOVIET PERIOD

Summary

The article is devoted to the main directions and features of completing and replenishment of museum funds of Kazakhstan during the Soviet period. In the completion of museum funds there were two directions: *in the first*, traditional, in connection with developed pre-revolutionary tradition the completion of museum funds with the subjects of museum value was carried out in result of expedition research, personal donations, etc.; *secondly*, the approaches of materials replenishment change gradually. Instead of the established traditions of museum funds replenishment with historical, archaeological, ethnographic, paleontological subjects, more attention is given to the subjects reflecting the class approach.

Keywords: revolution, Soviet period, museum, fund, expedition, completing, collection, local history, museum subjects.

ТАРИХ ЖӘНЕ ДЕМОГРАФИЯ ИСТОРИЯ И ДЕМОГРАФИЯ HISTORY AND DEMOGRAPHY

ӘОЖ 314.14(574)

Ж. Талдыбаев¹

¹ Астана қаласы бойынша құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің басқарма бөлімінің прокуроры

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ: ҚҰРАМЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР (1926-1959 ж.ж.)

Аңдатпа

Мақалада 1926 және 1959 жылдар аралығындағы қазақ халқының құрамы, соның ішінде жынысы, жасы және білім деңгейіндегі тарихи демографиялық өзгерістер зерттеу аралығында жүргізілген санақтар мен статистикалық мәліметтер арқылы салыстырмалы ғылыми талдаулар негізінде есептеліп, мұрағат құжаттары мен тарихи демографиялық бағыттары бойынша ғылыми еңбектер мен ғылыми зерттеулерді қарастыру негізінде жазылған. Қазақ халқының республика көлеміндегі жыныс құрамы, соның ішінде ұл немесе қызға және ерлер мен әйелдерге бөлінуі Қазақстанның аймақтары мен өңірлері және қалалары мен ауылдары бойынша қарастырылып, ғылыми жағынан тұжырымдалған есептік немесе пайыздық талдаулар арқылы қарастырылған. Сондай-ақ, қазақтардың жас құрылымы санақ аралығындағы жылдарға сәйкес, жаңадан туылған жас сәбилерден бастап қартайғандар мен қариялар арасындағы, топтарға бөлу бойынша ұл немесе қызға және ерлер мен әйелдер арқылы, есептік талдаулар негізінде салыстырмалы тұжырымдар көлемінде көрсетілген. Сонымен бірге, қазақ халқының білім деңгейінде сауатсыздықты жою мәселесінде сауат ашу орындарының көптеп ашылып, олардан сауатын ашушылардың қатарының көбеюі қарастырылса, мектептер қатарындағы білім беруде мектептер санының артып, оқитын оқушылардың санының өскені көрсетіледі. Ал орта білім және жоғары білім беру мәселелерінде орта және жоғары оқу орындарының қатары артып, олардан білім алушы қазақ жастарының саны мен үлесінің өсіп келе жатқандығы байқалып, қазақтардың білім деңгейінде тарихи демографиялық жағынан сандық немесе пайыздық негізде қарастырылып, салыстырмалы тұжырымдар жасалған ғылыми талдаулар арқылы баяндалады.

Түйін сөздер: халық, ғылым, білім, тарих, демография, құрам, жыныс, жас, сан, пайыз, үлес, санақ, мұрағат, дерек, мағұлмат, тұжырым, аймақ, өңір, қала, ауыл.

Зерттеу аралығы бойынша, 1926 және 1959 жылдарды қамтитын кеңестендіру кезеңіндегі қазақ халқының басынан өткізген қасіретті тарихын демографиялық жағынан алып қарастырғанда тарихи демографияның назар аударатын салаларының бірі халықтың құрамы болып табылады. Демек, қазақ халқының құрамы үш бағытта, негізінен – жынысындағы, жасындағы және білім деңгейіндегі демографиялық өзгерістеріне байланысты. Мысалы, қазақтың ұлдары немесе қыздарының және ерлері мен әйелдерінің арасындағы саны мен үлесі, қазақтардың жасына қарай топтарға бөлінуі және қазақтардың білім деңгейіндегі өзгерістер деген мәселелер бойынша тарихи демографиялық тұрғыдан қарастырылады. Яғни, бұл саланың зерттелу бағыттары республикамыздың аймақтары, оның ішінде қалалары мен ауылдық жерлерінде тұратын қазақтардың арасындағы жынысқа бөліну мәселесінде (сандық көрсеткіштерін демографиялық ғылыми талдаулар арқылы салыстырмалы түрде) ұл немесе қызға және ерлер мен әйелдерге бөліну негіздері көп немесе аз екендігі есептік ғылыми салыстырмалы талдаулар жүргізілу арқылы жүйеленуге

негізделетінін байқаймыз. Ал жас аралық деңгейіне қарай, топтарға бөлу арқылы дүниеге келген қазақ сәбилерін қоса отырып, бір жастағы балалардан бастап 60-тан асып, қартайғандар мен 70-тен асқан қариялар қатарындағы саны мен үлесіне есептік салыстырулар негізінде анықтап, соның арасында қай топтағылардың қатары басым немесе кем екендігін есептеулер бойынша пайыздық талдаулар жүргіземіз. Сонымен бірге білім деңгейінде қазақтардың сауаттылығын анықтауда жалпы білім берудің ішінде, бастауыш, орта, арнайы орта және жоғары білім беру мәселелерін тарихи демографиялық тұрғыдан деректік мәліметтерге сүйене отырып зерттеулер арқылы талдаулық тұжырымдар жүргізіп, демографиялық ғылыми нәтижелер бойынша қарастырамыз.

Халықтың, оның ішінде қазақ халқының табиғи өсіп-өнуі немесе демографиялық жағынан дамуы үшін оның құрамы: жынысы, жасы және білім деңгейіндегі үлес салмақтарының тепе-теңдігі мен өзгерістерінің тарихи демографиялық тұрғыдан зерттеудің маңызы зор. XX ғасырдың басындағы тарихи оқиғалар қазақ халқының өміріне мүлде жаңа өзгерістер әкелді. Қазақстандағы жүргізілген индустрияландырудың іске асырылуының қиыншылықтары, күштеп ұжымдастыру, тәркілеу немесе жер аудару іс-әрекеттері, бұған қоса 1931-1933 жылдардағы ашаршылық апаты, жаппай жазалау, асу, ату, қуғындау салдары мен репрессиялық зобаландар және Ұлы Отан соғысының шығыны мен зардаптары, тың игеру науқанының салдары қазақ халқының құрамына, соның ішінде саны мен үлесіндегі көрсеткіштеріне айтарлықтай демографиялық өзгеріс енгізді. Сонымен бірге, XX ғасырдың екінші жартысындағы тың игеру жылдарындағы көптеген ұлттардың елімізге келуі қазақ халқының тарихында ғана емес демографиялық өзгеруінде де өзіндік із қалдырғаны мәлім. Міне, осы айталғандардың бәрін сұрыптай келе демография ғылымы қандастарымыздың құрамындағы жынысы мен жасына және білім деңгейлеріне бөліну негізіндегі сандық немесе пайыздық көрсеткіштер бойынша тарихи демографиялық тұрғыдан өзіндік ой қорытуға негіз қалайды.

1926 жылы Қазақстан территориясында тұратын халықтардың 3329518-і, яғни басым бөлігі 52,1 пайызы ерлер болса, ал 3171377-і, демек азырақ бөлігі 47,9 пайызы әйелдер болып, ерлермен салыстырғанда әйелдердің қатары 158141 адамға, яғни 2,3 пайызға төменірек екені байқалса [1], 1939 жылы олардың 3203239-ы, яғни көбірек бөлігі 52,1 пайызы ерлер болса, ал 2947863-і, демек азырақ бөлігі 47,9 пайызы әйелдер болып, ерлермен салыстырғанда әйелдердің қатары 255376 адамға, яғни 4,2 пайызға төменірек екені байқлып [2], ал 1959 жылы олардың 4422184-і, яғни азырақ бөлігі 47,5 пайызы ерлер болса, ал 4887663-і, демек басымырақ бөлігі 52,5 пайызы әйелдер болып, ерлермен салыстырғанда әйелдерінің қатары 465479 адамға, демек 5,0 пайызға басымырақ екені байқалады [3].

1926 жылы қазақтардың ерлерінің саны 1953711 басымырақ, яғни 52,6 пайыз болып, әйелдерінің қатары 1759683 төменірек, демек 47,4 пайыз болса, оның ішінде ерлерінің қатарын әйелдерінің санымен салыстырғанда 194028 адамға, яғни 5,2 пайызға көбірек болған екен. Ал орыстардың ерлерінің саны 614675 төменірек, яғни 48,0 пайыз болып, әйелдерінің қатары 665404 басымырақ, демек 52,0 пайыз болса, оның ерлерінің қатарын әйелдері санымен салыстарғанда 50829 адамға, демек 4,0 пайызға азырақ болған еді. Мұнда қазақтардың ерлерінің санына қарағанда орыстардың ерлерінің қатары 1339136 адамға, яғни 4,6 пайызға төменірек болса, ал қазақтардың әйелдерінің қатарына қарағанда орыстардың әйелдерінің саны 1094279 адамға азырақ болса, керісінше үлесі 4,6 пайызға көбірек екені байқалады [1, с. 16-19]. 1939 жылы қазақтардың ерлерінің саны 1177207 басымырақ, яғни 50,6 пайыз болып, әйелдерінің қатары 1150418 төмен, демек 49,4 пайыз болса, оның ерлерінің қатарын әйелдерінің санымен салыстырғанда 26789 адамға, яғни 1,2 пайызға басым болған. Ал орыстардың ерлерінің саны 1280720 жоғары, яғни 52,3 пайыз болып, әйелдерінің қатары 1168408 төмен, демек 47,7 пайыз болса, оның

ерлерінің қатарын әйелдерінің санымен салыстырғанда 112312 адамға, демек 4,6 пайызға басымырақ болға еді. Мұнда қазақтардың ерлерінің санына қарағанда орыстардың ерлерінің қатары 103513 адамға, басымырақ болып, керісінше үлесі 1,7 пайызға азырақ болса, ал қазақтардың әйелдерінің қатарына қарағанда орыстардың әйелдерінің саны 17990 адамға, көбірек болса, керісінше үлесі 1,7 пайызға азырақ екені байқалады [4]. 1959 жылы қазақтардың ерлерінің саны 1344913 төменірек, яғни 48,1 пайыз болып, әйелдерінің қатары 145 0053 басымырақ, демек 51,9 пайыз болса, оның ерлерінің қатарын әйелдерінің санымен салыстырғанда 105140 адамға, яғни 3,8 пайызға азырақ болған екен. Ал орыстардың ерлерінің саны 1840183 төменірек, яғни 46,3 пайыз болып, әйелдерінің қатары 2134046 басымырақ, демек 53,7 пайыз болса, оның ерлерінің қатары әйелдерінің санымен салыстырғанда 293863 адамға, демек 7,4 пайызға азырақ болған еді. Мұнда қазақтардың ерлерінің санына қарағанда орыстардың ерлерінің қатары 495270 адамға, басымырақ болып, керісінше үлесі 1,8 пайызға азырақ болса, ал қазақтардың әйелдерінің қатарына қарағанда орыстардың әйелдерінің саны 683993 адамға, демек 1,8 пайызға азырақ екені байқалады [3, с. 168-185].

Қазақстан халқының 1926-1959 жылдар аралығындағы жалпы жыныс құрамында бірнеше ерекшеліктер болды. 1926-1939 жылдары кезінде әйелдерге қарағанда ерлер едәуір басым болса, 1939-1959 жылдары ішінде керісінше әйелдердің көптігі айқын көрінеді. Бұл жағдай екінші дүние жүзілік соғысқа (1939-1945 ж.ж.), әсіресе Ұлы Отан соғысына (1941-1945 ж.ж.) тікелей байланысты болды. Себебі 1,2 миллионнан астам ер азаматтар әскер қатарына шақырылды, қолына қару алып, талай қырғын шайқастарға қатысты, көпшілігі елге оралмай, олардың орны толмай қала берді. Мысалы: 1926 жылы 1000 әйелге Қазақстан бойынша 1047 [1, с. 162-163], ал 1939 жылы 1086 еркек келіп, 39 пунктке өссе [8], 1959 жылы 904 еркек қана болған [3, с. 162-163], яғни еркектердің саны 1926 жылға қарағанда 143 пункт, ал 1939 жылмен салыстырғанда 1082 пункт төмендеп кеткен. Бұл жағдай, яғни табиғи өсімге тікелей әсер ететін ерлер мен әйелдердің өзара салмағы қазақтар арасында да өз ерекшелігімен айқындала түседі. Мысалы, 1926 жылы әрбір 1000 қазақ әйеліне 1110 еркектен келген, яғни Қазақстан халқының жыныс құрамындағы жалпы деңгейге қарағанда, қазақтар арасында еркектер едәуір-63 пунктке басым болса, 1939 жылы-сол 63 пунктке төмендеп кеткен. Ол 1931-1933 жылдардағы жаппай ашаршылықтың республикадағы басқа ұлт өкілдерінен гөрі қазақтарға өте үлкен жағдай тигізгеніне, әсіресе, еркектердің көбірек құрбан болуына байланысты. Дегенмен, 1959 жылы әрбір 1000 әйелге 927 еркектен келген [3, с. 168-185], яғни 1926 жылға қарағанда 183 пункт [1, с. 16-19], ал 1939 жылмен салыстырғанда 96 пункт төмен болғанымен қазақтар жалпы республикалық деңгейден 23 пунктке асып түскен [4, 1-92-пп.]. Жалпы әйелдердің басым болуы қазақтардың табиғи өсу деңгейінің жоғарлауына мүмкіндік жасаған еді. Қаладағы қазақтар арасында 1926 жылы және 1939 жылы әйелдерден ерлер едәуір басым (58 пайыз және 56 пайыз), ал 1959 жылы әйелдермен тең (50 пайыз және 50 пайыз) болды. Ауылдағы жағдай мұнан өзгешелеу еді, 1926 жылы – 53 пайыз, 1939 жылы әйелдермен тең (50 пайыз және 50 пайыз), ал 1959 жылы әйелдерден төмен – 48 пайыз еді [1, с. 56-57]. Қазақстанның негізгі аймақтарында, олардағы қалалармен ауылдық жерлерде де осы деңгей 1926 және 1939 жылдары әйелдерге қарағанда ерлердің басымдылығы, ал 1959 жылы аздығы кейбір болмашы ауытқуларына қарамай, толық байқалады, десек те болады.

Қазақстан халқының 1926-1959 жылдары жалпы жас құрамындағы өзгерістерге келсек, 9 жасқа дейінгілер мен 15 жас арасындағы балалар қатары 1926 жылы 38,0 пайыздан, 1939 жылы 36,0 пайызға төмендеп, 1959 жылы олар 36,4 пайызға өскен. 16 мен 29 жас арасындағы жастар 1926 жылы 26,6 пайыздан 1939 жылы 27,0 пайызға жоғарлап, 1959 жылы оның қатары 26,0 пайызға кеміген. 30 бен 49-дың арасындағы ересектер ішінде 1926 жылы 22,9 пайыздан 1939 жылы 25,9 пайызға

артып, 1959 жылы олар 22,3 пайызға кеміген. 50 мен 59 жас арасындағы егде тартқандар 1926 жылы 6,1 пайыздан 1939 жылы 6,0 пайызға азайып, 1959 жылы оның қатары 7,4 пайызға жоғарлаған. 60-тан асып, қартайғандар мен 70-тен асқан қариялар саны 1926 жылы 6,4 пайыздан 1939 жылы 5,0 пайызға кеміп, 1959 жылы олар 7,8 пайызға өскен еді [3, с. 186-187].

Қазақтардың 9 жасқа дейінгілер мен 15 жас арасындағы балалар қатары 1926 жылы 35,5 пайыздан 1939 жылы 36,2 пайызға, оның ерлері 35,3 пайыздан 36,1 пайызға жоғарлап, ал әйелдері 35,5 пайыздан 36,3 пайызға артқан. 16 мен 29 жас арасындағы жастар 1926 жылы 25,5 пайыздан 1939 жылы 23,6 пайызға төмендеп, яғни ерлері 24,6 пайыздан 22,9 пайызға кеміп, әйелдері 26,6 пайыздан 24,4 пайызға азайған. 30 бен 49-дың арасындағы ересектер ішінде 1926 жылы 25,3 пайыздан 1939 жылы 27,5 пайызға жоғарлап, демек ерлері 26,3 пайыздан 29,3 пайызға өсіп, әйелдері 24,5 пайыздан 25,7 пайызға өскен. 50-мен 59 жас арасындағы егде тартқандар 1926 жылы 6,9 пайыздан, 1939 жылы 6,7 пайызға төмендеп, оның ерлері 7,3 пайыздан 6,3 пайызға кеміп, әйелдері 6,3 пайыздан 7,0 пайызға өскен. 60-тан асып, қартайғандар мен 70-тен асқан қариялар саны 1926 жылы 6,8 пайыздан [1, с. 56-57] 1939 жылы 6,0 пайызға азайып, яғни ерлері 6,5 пайыздан 5,4 пайызға төмендеп, әйелдері 7,0 пайыздан 6,6 пайызға кеміген екен [5].

1959 жылы қазақтардың некеде тұрған 1000 адам есебімен 16 жастан жоғарғылар қатары 1333 болса, оның ерлері 722-ге көбірек, әйелдері 611-ге аз. 16-19 жас аралығындағылар 326, яғни ерлері 51-ге азырақ, әйелдері 275-ке көп. 20-24 жас аралығындағылар 1171, демек ерлері 395 азырақ, әйелдері 776 көбірек. 25-29 жас аралығындағылар 1758, оның ерлері 854 азырақ, әйелдері 904 көбірек. 30-34 жас аралығындағылар 1849, яғни ерлері 947 көбірек, әйелдері 902 азырақ. 35-39 жас аралығындағылар 1824, демек ерлері 968 көбірек, әйелдері 856 азырақ. 40-44 жас аралығындағылар 1726, оның ерлері 975 көбірек, әйелдері 751 азырақ. 45-49 жас аралығындағылар 1659, яғни ерлері 978 көбірек, әйелдері 681 азырақ. 50-54 жас аралығындағылар 1573, демек ерлері 976 көбірек, әйелдері 597 азырақ. 55-59 жас аралығындағылар 1509, оның ерлері 971 көбірек, әйелдері 538 азырақ. 60 жас және одан жоғарғыларда 1204 болып, яғни ерлері 914 көбірек, әйелдері 240 азырақ екендігі байқалады [3, с. 186-187].

Қазақ халқының белгілі бір уақыт ішіндегі дамуының ірі сипаттамасы – оның білім деңгейі мен білім беру жүйелерінің дәрежесі болып табылады. Сонымен 1926-1959 жылдар аралығында кеңес үкіметі тоталитарлық социализм құрылысының өң бойында халыққа, оның арасында, қазақ халқына білім беру жүйесін жетілдіруде болды.

1926-1959 жылдары аралығындағы қазақтардың білім деңгейінің өсуі негізінде сауатсыздық пен шала сауаттылықты жоюда ғана емес, сонымен бірге жалпы білім беретін (жастар үшін) әсерме бастауыш, орталау, орта, арнайы орта және жоғары білім беру орындарын ашып, олардың жүйесін кеңейте түсу арқылы жүргізіліп, ірі табыстарға қол жеткізу көзделді.

Одақ көлеміндегі халықтар арасындағы қазақтардың жас аралық сауаттылық көрсеткіші 1926 жылы 9 жас және одан жоғарғыларда 9,1 пайыз, 9-49 жас арасындағыларда 9,9 пайыз, 50 жас және одан жоғарғыларда 5,3 пайыз болған еді. Ал 1939 жылы 9 жас және одан жоғарғыларда 61,8 пайыз, 9-49 жас аралығындағыларда 71,4 пайыз, 50 жас және одан жоғарғыларда 11,4 пайыз болған екен. Сонымен, қазақ халқының сауаттылығын жынысы жағынан алып қарастыратын болсақ, сауаттылық көрсеткіші 9 жас және одан жоғарғылардың ерлерінде 1926 жылы 15,9 пайыз, 1939 жылы 71,2 пайыз болса, әйелдерінде 1926 жылы 1,3 пайыз, 1939 жылы 51,5 пайыз болған екен. Енді 9 жас пен 49 жас аралығындағы ерлерде 1,5 пайыз 1939 жылы 61,8 пайыз болған еді. Ал 50 жас пен одан жоғарғылардың ерлерінде 1926 жылы 9,6 пайыз, 1939 жылы 20,5 пайыз болса, әйелдерінде 1926 жылы 0,3 пайыз, 1939 жылы 3,2 пайыз сауатты болды.

Республика халқының (9 жастан жоғары) сауаттылығы 1926 жылы 22,8 пайыз ғана болса [1, с. 15-19-56-61], 1939 жылы 76,3 пайызға жетті [2, с. 83]. Яғни 53,5 пайызға өсті. Соның ішінде қазақтардың сауаттылығы 7 пайыздан 61,8 пайызға жетті. Әрине қазақтардың сауаттылығы осы жылдары күрт өскенімен, олардың

бұл мәселедегі деңгейі басқа ұлт өкілдеріне қарағанда әлі де төмен болып қала берді. Мысалы, орыстардың сауаттылығы 1926 жылы 36,0 пайыз болса, 1939 жылы 83,4 пайызға жеткен еді. Қазақтар арасында әйелдерге қарағанда ерлердің сауаттылығы едәуір жоғары болды. Мысалы, 1926 жылы ерлердің сауаттылығы 12,4 пайыз болса, әйелдердікі 1,0 пайыз болды. Сол сияқты қаладағы қазақтар (24,0 пайыз) ауылдағыларға қарағанда (6,6 пайыз) едәуір жоғары деңгейде сауатты еді [6]. Демек, қазақтардың сауаттылық жағынан көрсеткішінің аз болуы араб әрпімен сауат ашқандардың ескерілмеуінен еді.

1926-1928 жылдары республикадағы сауатсыздықты жою орындарының 2 382-і қазақша, ал 3 553-і орысша болса, олардан 67 975 қазақ, 100 875 орыс сауатын ашып, білімін жетілдірген. Соның ішінде 1926-1927 жылдары 691 қазақ және 669 орыс сауатсыздықты жою орындарынан 22 258 қазақ, 11 316 орыс сауатын ашса, ал 1927-1928 жылдары олардың қатары артып, 740 қазақ және 682 орыс сауатсыздықты жою орындарынан 22 358 қазақ, 21 690 орыс сауатын ашып, білімін тереңдеткен. Демек, қазақтардың арасындағы сауатсыздыққа байланысты дерек мәліметтері көрсеткендей, 1929 жылға дейін бар болғаны республика бойынша сауат ашқан қазақтар қатары 67 975 адамға, оның үстіне, бұл жағдайдан Қазақстандық орыстарда мәз емес екенін байқаймыз.

1926-1939 жылдары аралығында сауатсыздық пен шала сауатсыздықты жоюға байланысты 6886 мектеп жұмыс істеп, онда 8273 мұғалім сабақ жүргізсе, онда оқытылғандардың қатары 39,4 мыңнан 173,5 мыңға жетті, шала сауатсыз оқытылғандардың қатары 3,5 мыңнан 136,7 мыңға дейін өсті. 1930 жылы сауатсыздықты жоятын 3285 орын жұмыс істеп, онда 350 мың адам оқыса, олардың 70 пайызы қазақтар еді. Сауатсыздыққа байланысты қазақ жұмысшыларын оқыту қолға алынды. Мысалы, Түркісіб құрылысында 1930 жылы 104 сауат ашу орнының 69-ы қазақша болып, оларда 2700 адам оқыды. 1931 жылы 154 сауат ашу орнында 4684 адам оқыса, оның 49,3 пайызы қазақтар еді. 1931 жылы қазақ жұмысшылары басым болған Ембі кәсіпшілігінде 30-дан аса сауат ашу орындары мен ересектер мектептері жұмыс істеп, онда 879 адам оқыды. Сонымен бірге 1930 жылдары республикадан тыс жерлердегі қазақтар арасындағы сауатсыздықты жою ісі дамыды. 1934 жылы Кузнецк металлургия комбинатындағы сауатсыз қазақтардың 48,0 пайызы, ал Кемеров қаласы кәсіпорындарындағы сауатсыз қазақтардың 91,0 пайызы оқуға тартылып, шала сауатты 1107 қазаққа сабақ берілген [7].

1926-1959 жылдары аралығында қазақтардың сауаттылығын жоюда ғана емес, сонымен бірге жалпы білімін көтеруде, әсіресе бастауыш-орта, арнайы-орта және жоғары білім беруде ірі табыстарға қол жетті.

Зерттеу аралығы бойынша республика көлеміндегі қазақ халқының білім деңгейіне байланысты жалпы білім беретін мектептердің және олардың қатарындағы оқушылардың саны мен оларға дәріс берген мұғалімдерге келсек, Қазақстандағы жалпы мектептер 1926 жылы 3344 болса, 1939 жылы бастауыш, орталау және орта мектептер 7790-ға жетті, ал оның қатары 1959 жылы 9497-ге жеткен еді. Оның ішінде 1926 жылы бастауыш мектептер басым 3233, орталау мектептер 698 болса, 1959 жылы бастауыш 5301, орталау 2856, ал орта мектептер қатары 1326-ға өскен. Осы аралықта барлық оқушылардың саны 1926 жылы 232862 болса, 1939 жылы 1138187-ге артқан, ал 1959 жылы 1548409-ға өскен екен. Оларға сабақ берген барлық мектептердегі мұғалімдер 1926 жылы 6223 болса, 1939 жылы 44381-ге жетіп, ал 1959 жылы оның қатары 88006-ға өскен. Бастауыш мектептегі 1926 жылы 215141 оқушының 31,5 пайызы, 1939 жылы 297137 оқушының 39,0 пайызы қазақтар болса, 1959 жылы 217439 оқушы болды. Орталау мектептердегі 1926 жылы 17721 оқушының 17,2 пайызы, 1939 жылы 418538 оқушының 37,8 пайызы қазақтар екен, 1959 жылы 548707 оқушы еді. Орта мектептегі 1939 жылы 419137 оқушының 23,3 пайызы қазақтар болса, 1959 жылы 780903 оқушы екені байқалады [8]

Ал 1926/1927 оқу жылында – 232,6 мың оқушының 10,4 пайызы, 1927/1928 оқу жылындағы 251 мың оқушының 8,6 пайызы, 1928/1929 оқу жылындағы 277 мың оқушының 21,9 пайызы, 1929/1930 оқу жылындағы 320 мың оқушының 25,2 пайызы қазақ балалары болғанын көреміз. Қазақ ауылдарында үш жыл, екі жыл, тіпті бір жыл оқытатын, сонда бастауыш мектептің толық курсын қазақ оқушыларының 10,0 пайызы бітірген. Сонымен бірге 1927 жылы мектеп санағы бойынша Қазақстанда бастауыш сыныпқа баратын, немесе баруға тиісті қазақ балаларының тек 20,0 пайызы оқуға тартылған екен.

Алматыда 1935 жылы ашылған тұңғыш қазақ орта мектебінде бар болғаны 11 бала оныншы сыныпта оқыған. 1936/1937 оқу жылында 17 қазақ орта мектебінің ішінде тек №12 Алматы мектебінде 10 сыныпта 11 оқушы оқыды, ал 9 сынып үшін мектепте 40 оқушы, 8 сыныптың барлығында 944 қазақ баласы оқыды. Сонымен бірге 1935/1936 оқу жылында қазақ орта мектептерін 14 мың қазақ балалары бітірген болатын. Яғни 1950 жылдардың соңында қазақ орта мектептерінің қатары мен оларда оқитын қазақ оқушыларының саны өскен болатын. Республикада 3 395 қазақ, ал 3 758 орыс орта мектептері жұмыс істеген еді.

Арнайы орта оқу орындарының (техникумдар) саны 1926 жылы небәрі 23 (ауылшаруашылық – 7), (әлеуметтік-экономикалық – 1), (педагогикалық – 14), (дәрігерлік – 1) болса, 1939 жылы 120-ға (өнеркәсіптік және құрылыстар – 10), (жол және байланыс – 7), (ауылшаруашылық – 22), (кеңестік сауда – 2), (әлеуметтік экономикалық – 4), (оқу ағарту және өнер – 43), (дәрігерлік – 32) жеткен, ал 1959 жылы оның қатары 141-ге өскен. Ондағы студенттер саны 1926 жылы 3356-дан 1939 жылы 26321-ге артып, 1959 жылы 81549-ға көбейген. Олардың арасында қазақтар 1926 жылы 1242 болып, яғни 37,0 пайыз болса, 1935 жылы 9011-ге артып, демек 47,1 пайызға өскен. Жұмысшы факультеттер 1931 жылы 6 болса, оның қатары 1935 жылы 16-ға көбейген. Ондағы студенттер 960-тан 3633-ке артып, оның ішінде қазақтар 1935 жылы 2650-ге, яғни 72,9 пайызға өскен [6, с. 208-294].

1926-1929 жылдары техникум, кәсіптік-техникалық училищелер мен білім жетілдіру курстарында 10 мыңға жуық қазақтың ұл-қыздары оқыды. Осы жылдары жұмысшы шаруа мектептеріндегі оқушылардың 20,0 пайызы, әр түрлі курстардың 40,0 пайызы, ауылшаруашылығы техникумы жағындағы курстағылардың 38,0 пайызы, май шығарушы нұсқаушылар мен мастерлер курсына оқитындардың 26,0 пайызы, ал орман политехникумы курсынағылардың 24,0 пайызы қазақтар болған екен. Сонымен бірге 1926-1927 жылдары Қызылорда, Алматы, Семей, Орал, Шымкентте іс жүргізу және машинка басушылардың қазақша курсына 1 500-ден аса адам, ал 1927-1928 жылдары 2 000-нан аса адамның 32,3 пайызы қазақтар болса, ал 1928-1929 жылдары оларда оқыған қазақтардың саны 1 380-ге жеткен.

1927-1928 жылдары ашылған акушерлік техникумындағы 203 қыздардың 145-і ғана қазақ қыздары болды. Яғни барлық орта оқу орындарындағы орыстардың саны 12,0 пайызға көбейгенде, ал олардың арасындағы қазақтардың саны 7,0 пайызға ғана көтерілді. Сөйтіп кәсіптік білім беру жүйесіндегі қазақтардың үлесі Одақ бойынша ең төменгі дәрежеде болған екен. Яғни Бурят, Моңғол, Якутиямен бірдей деңгейде қалғанын көрсетеді.

Техникалық арнайы орта оқу орындарындағы қазақтар қатары өте аз болды. 1947 жылы Петропавл ауылшаруашылық техникумында оқығандардың 8,0 пайызы қазақтар болса, ал Қызылордадағы ауыл шаруашылық техникумында 48,0 пайыз қазақтар оқыған болатын. Сонымен бірге 1947 жылы Гурьевтің мұнай техникумын 150 адам оқыса, оның 14-і ғана қазақ жастары болып, ал 1948 жылы Акмола темір жол техникумында оқыған 36 адамның 4-і ғана қазақтар болған екен. Демек, ауыл шаруашылық техникумдарын 1920-1960 жылдары аралығында 25 мың мамандар оқып шықса, оның үштен бірі ғана қазақтар болды.

Енді 1959 жылдың 1 желтоқсанындағы мәліметтер бойынша орта білімі бар адамдардың 16,0 пайызы қазақтар болса, 63,6 орыстар екен, ал олардың арасында 9,4 пайызы қазақ әйелдері болса, 71,3 пайызы орыс әйелдері болған екен.

Осы аралықта 1928 жылы жоғары оқу орны – 1 ғана Қазақтың педагогикалық

институты екен, 1939 жылы 19-ға (политехникалық – 1), (ауылшаруашылық – 1), (малдәрігерлік – 1), (педагогикалық – 5), (дәрігерлік – 1), (заң – 1), (журналистика – 1), (мұғалімдер – 8) жетсе, ал оның қатары 1959 жылы 27-ге (политехникалық – 2), (ауылшаруашылық – 2), (малдәрігерлік – 2), (дәрігерлік – 4), (технологиялық – 1), (денетәрбиесі – 1), (педагогикалық – 12), (консерватория – 1), (құрылыс-көлік – 1), (жоғарғы партия мектебі – 1) өскен еді. Ондағы студенттер саны 1928 жылы 75-тен, 1939 жылы 8432-ге артып, 1959 жылы 70215-ке көбейген. Олардың арасында қазақтар 1929 жылы 75 болып, яғни 56,0 пайыз болса, 1935 жылы 1783-ке артып, демек 49,5 пайызға өскен. Жоғары Коммунистік ауылшаруашылық мектебі 1932 жылы 1-у болса, оның қатары 1935 жылы 6-ға көбейген. Ондағы студенттер 542-ден 2494-ке артып, оның ішінде қазақтар 1935 жылы 1793-ке, яғни 71,9 пайызға өскен [8, с.460-467].

1928 жылы ашылған жалғыз педагогикалық жоғарғы оқу орны Абай атындағы ҚазПИ-де қазақтардың оқуға тартылуы 1920 жылдардың аяғында қанағаттандыратын деңгейде болған жоқ. Яғни, Ф. Голощекиннің берген мәліметтеріне қарасақ, мұнда 1928-1929 оқу жылдарында оқыған 124 студенттің 79-ы қазақ болса, келесі 1929-1931 оқу жылында бірде-бір қазақ оқымаған. Тек 1931-1932 оқу жылында ғана мұнда барлық 438 студенттің қатары 250 қазақ жастарымен толықтырылған. Демек, ауылдағы әр түрлі көмпеске, бай-қулаққа айналдыру, ашаршылық тәрізді зобаландарға байланысты 1928 жылы оқуға түскендер кейін оқуды аяқтамай тастап кетуге мәжбүр болған деген негіз бар. Тағы бір деректерге жүгінсек 1928-1929 оқу жылында ҚазПИ-де 67 қазақ, 40 орыс, ал оның жанында ұйымдастырылған жұмысшылар факультетіндегі 89 оқушының 54-і қазақ болса, ал олардағы жұмысшы факультетіндегі 49 оқушының ішінде бірде-бір қазақ болмаған екен.

Демек, 1929 жылы Қазақстаннан тыс аймақтарда жоғары білім алған 44 маманның 11-і қазақ болса, 1935 жылы ол сан 271 есе өсті, оның 215-і қазақ ұлтынан еді. Сонымен 1930 жылдары Москва, Ленинград және РСФСР басқа қалалармен Украина, Беларуссияның жоғары оқу орындарын 1929/1930 оқу жылдарында – 3138, 1930/1931 оқу жылында – 3843, 1931/1932 оқу жылында – 440, 1932/1933 оқу жылында – 3232, 1934/1935 жылдарында – 4830 кешегі көшпенді қазақтардың ұл-қыздары оқып, білім алды [9].

Содан жоғарғы оқу орындарындағы қазақ студенттері жыл сайын көбейудің үстінде болған: 1933 жылы – 2 мың болса, ал 1935 жылы – 3,5 мың болған, 1936 жылы Қазақтың Мемлекеттік университетінде 42 оқытушысының 8-і ақ қазақ болса, 1939 жылы Алматы мал дәрігерлік-зоотехникалық институты студенттерінің арасында қазақтардың үлес саны 12-ақ пайыз еді.

Қазақ зоотехникалық мал дәрігерлер институты 1939/1940 оқу жылында бірінші курсқа қабылдаған 2 675 студенттің 1 025-і қазақ болды, олардың арасында 240 қазақ қызы оқыды. Ал республикадағы тұңғыш жоғары техникалық оқу орны болған қазақ металлургия институты 1937-1941 жылдар аралығында 258 маман дайындаса, оның 59-ы қазақ жастары болды.

Республикадағы жоғары оқу орындарындағы оқитын студенттердің арасында қазақ студенттердің де саны артып отырды. Демек, 1950 жылы 9,9 мың қазақ студенттері оқыса, ал 1959 жылы 22 мың қазақ ұл-қыздары оқыды. Қазақ қыздарының да студент қатарындағы саны өсті: 1931 жылы бар болғаны 19 қазақ қызы жоғары оқу орнының студенті болса, 1956 жылы олардың саны 4 663 болды. Яғни 1939 жылмен салыстырғанда 1959 жылы жоғары оқу орынындағы студенттер саны 6 еседен аса өсті, олардың арасында қазақ жастарының саны мен үлесі де басымырақ болды. Сондай-ақ 1950 жылдардың соңында жоғары білімді қазақ мамандарының да саны өсуде болды. Мысалы 1954 жылы 14 мың болса, ал 1957 жылы 26 мың болған еді.

Осының нәтижесінде 1926-1959 жылдары қазақ халқы арасында жоғары, орта білімді (орталауды қосқанда) 0,1 пайыздан 2,1 пайызға, яғни 2,2 пайыз болса, орыстарда 0,7 пайыздан 8,8 пайызға, демек 9,5 пайыз екен, ал қазақтардың біліміне

қарағанда орыстардікі 7,3 пайызға басымдау болған. Қазақтардың ерлерінде 0,1 пайыздан 3,6 пайызға, яғни 3,7 пайыз болса, орыстарда 0,9 пайыздан 11,1 пайызға, яғни 12,0 пайыз екен, ал қазақтардың әйелдерінде 0,1 пайыздан 0,7 пайызға, демек 0,9 пайыз болса, орыстарда 0,3 пайыздан 6,3 пайызға, яғни 6,6 пайыз болды. Қалалық жерлерде қазақтардың арасында 0,3 пайыздан 6,4 пайызға, яғни 6,7 пайыз болса, орыстарда 10,0 пайыздан 12,4 пайызға, демек 22,4 пайыз екен, ал қазақтардың біліміне қарағанда орыстардікі 15,7 пайызға басымдау болған. Қазақтардың ерлерінде 0,5 пайыздан 9,6 пайызға, яғни 10,1 пайыз болса, орыстарда 1,3 пайыздан 14,1 пайызға, демек 15,4 пайыз екен, ал қазақтардың әйелдерінде 0,1 пайыздан 2,4 пайызға, яғни 2,5 пайыз болса, орыстарда 0,6 пайыздан 10,7 пайызға, демек 11,3 пайыз болды. Ауылдық жерлерде қазақтардың арасында 0,1 пайыздан 1,3 пайызға, яғни 1,4 пайыз болса, орыстарда 0,5 пайыздан 6,7 пайызға, демек 7,2 пайыз, ал қазақтардың біліміне қарағанда орыстардікі 5,8 пайызға басымдау болған. Қазақтардың ерлерінде 0,1 пайыздан 2,3 пайызға, демек 2,4 пайыз болса, орыстарда 0,7 пайыздан 9,3 пайызға, яғни 10,0 пайыз екен, ал қазақтардың әйелдерінде 0,1 пайыздан 0,4 пайызға, демек 0,5 пайыз болса, орыстарда 0,2 пайыздан 3,5 пайызға, яғни 3,7 пайыз [5, 1-10-пп.].

Ал 1939-1959 жылдары Қазақстан халқы арасында (1000 адам есебімен) жоғары, орта білімді (орталауды қосқанда) 65-тен 250-ге жетіп, яғни 3,8 есе өсті. Оның ішінде ерлерде 87-ден 273-ке, демек 3,1 есе өссе, ал әйелдерде 40-тан 229-ға, яғни 5,7 есе өсті. Қалалық жерлерде 122-ден 317-ге, демек 2,6 есе өсіп, оның ішінде ерлерде 147-ден 329-ға, яғни 2,2 есе өссе, ал әйелдерде 95-тен 307-ге, демек 3,2 есе өсті. Ауылдық жерлерде 43-тен 198-ге, яғни 4,6 есе өсіп, оның ішінде ерлерде 63-тен 230-ға, демек 3,7 есе өссе, ал әйелдерде 19-дан 169-ға, яғни 8,9 есе өсті. Жоғары және орта білімділер (орталауды) қосқанда 1959 жылы жұмыс істейтіндердің арасында (1000 адам есебімен) 447-ге жетті. Оның ішінде ерлерде 445-ке, ал әйелдерде 452-ге өскен. Қалалық жерлерде 540 болса, оның ерлерде 504, әйелдерде 593, ал ауылдық жерлерде 374 болып, оның ерлерде 397, әйелдерде 340 болды.

1939-1959 жылдары қазақтар арасында (1000 адам есебімен) жоғары, орта білімді (орталауды қосқанда) 2-ден 194-ке жетіп, яғни 8,8 есе өсті. Оның ішінде ерлерде 37-ден 246-ға, демек 8,8 есе өссе, ал әйелдерде 7-ден 245-ке, яғни 21 есе өсті. Қалалық жерлерде 67-ден 264-ке, демек 3,9 есе өсіп, оның ішінде ерлерде 102-ден 320-ға, яғни 3,1 есе өссе, ал әйелдерде 25-тен 208-ге, демек 8,3 есе өсті. Ауылдық жерлерде 13-тен 171-ге, яғни 13 есе өсіп, оның ішінде ерлерде 24-тен 222-ге, демек 9,2 есе өссе, ал әйелдерде 4-тен 125-ке, яғни 31 есе өсті. Жоғары және орта білімділер (орталауды қосқанда) 1959 жылы жұмыс істейтіндердің арасында (1000 адам есебімен) 384-ке жетті. Оның ішінде ерлерде 439-ға, ал әйелдерде 288-ге өскен. Қалалық жерлерде 346 болса, оның ерлерде 409, әйелдерде 250 болды [3, с.188-189].

1959 жылы республиканың халық шаруашылығындағы 309,3 мың жоғары және орта арнайы білімі бар мамандардың 58,2 мыңы, яғни, 18,5 пайызы қазақтар болды [10]. Осы жылдары дипломды инженер-техник мамандарының қатарында қазақ мамандары – 7,8 пайыз, ауылшаруашылығы мамандары құрамында – 28,4 пайыз, педагогика және мәдениет мамандары құрамында – 8,2 пайызды ғана құрады. Халық шаруашылығындағы жоғары және орта арнайы білімі бар қазақ әйелдері 18,9 мың адам еді [11].

1959-1960 жылдардан кейінгі оқу жылында жоғары және орта арнаулы оқу орындарындағы студент қазақ қыздарының саны 19,1 мыңға жетті. Сонымен бірге, 10 мыңға жуық қазақ жігіттері мен қыздары 11 одақтас республикалардың институттарында оқып, білім алған. Яғни, қазақ мамандарының қатары жедел өсіп, егер 1941-1960 жылдары елімізде жоғары білімді мамандардың саны 3,9 есе өссе, оның ішінде қазақтар қатары 19 есе көбейді. 1939-1959 жылдары ой еңбегімен айналысатын қазақтар саны 1,6 есе көбейсе, оның инженер-техник қызметіндегі қазақтар 4,9 есе, ал қазақ дәрігерлері – 6,3 есе өскен екен [12].

Демек, 1959 жылы әрбір 1000 адамға жоғары және орта (толық емес орта) білімді адамдар саны бүкіл халық бойынша 250-ге, еңбек ететіндер ішінде 448-ге, соның ішінде жоғары білімділер саны бүкіл халық бойынша 12-ге еңбек етушілер ішінде 28-ге көтерілген еді. Енді осы көрсеткіштерді республика тұрғысынан қарастырсақ қазақтарда жоғары және орта білімділер тиісінше 194, 384, соның ішінде жоғары білімділер 8,24 көрсеткіштер көрсетсе, ал орыстарда-298, 511, 16, 34 болған, яғни ең алдымен орыстар, сонан соң қазақтардың көрсеткіші көрсеткен екен.

Енді халық шаруашылығында жоғары және орта арнаулы білімі барлардың қатары өсуде болды. 1939 жылы әрбір 1000 адамның 64-нің жоғары, орта және толық емес орта білімі болды делік (соның ішінде 4 адам жоғары білімді болды). Ал орта, арнаулы орта білімі барлардың 1939 жылы 1000 адамға шаққанда 60-ның орта білімі 1959 жылы еңбек еткен адамдардың әрбір 1000-дағы 420 адамның орта және толық аяқталмаған орта білімі болды. Соның арасында қазақтардың көрсеткіші 1939 жылы – 22 адам, ал 1959 жылы – 384, соның ішінде 1939 жылы 1000 қазақтың біреуінде ғана жоғары білімі болды (жоғары білімді әйелдер болмаған екен). 1959 жылы көрсеткіш 24 адамға көтерілді (әйелдердің 14-і жоғары білімді). Қазақтардағы орта және толық емес орта білім көрсеткіші 1939 жылы – 21 адам, 1959 жылы – 360 адам, соның ішінде әйелдер 1939 жылы – 7 адам, 1959 жылы – 273 адам немесе 21 есе өскен. Алайда, бұл көрсеткіштер бойынша қазақтар ең төменгі деңгейде болған екені байқалды [10, 503-п.].

Қазақстандық мамандарының арасында 1959 жылы халық шаруашылығының барлық салаларында еңбек етіп жоғары, орта және арнаулы орта білімі бар қазақ мамандары да болған.

Енді 1959 жылдың 1-ші желтоқсанындағы Қазақстан территориясы бойынша білімі бар қазақ мамандарына байланысты мәліметтерге тоқталсақ: Республика бойынша жоғары білімі барлар (мың адам есебімен) 113851 адамды құраса, оның арасында қазақтардың саны 27005, яғни 23,9 пайыз болса, соның ішіндегі әйелдері 8100, демек 30,0 пайыз болған, ал орыстардың қатары 60245, яғни 53,3 пайыз болса, соның ішінде әйелдері 33495, демек 55,6 пайыз болды. Сонымен бірге орта, арнаулы орта білімі барлар (мың адам есебімен) 193914 адамды құраса, оның арасында қазақтардың саны 31147, яғни 16,0 пайыз болса, соның ішіндегі әйелдері 10806, демек 34,7 пайыз болған, ал орыстардың қатары 123338, яғни 63,6 пайыз болса, оның ішінде әйелдері 82039, демек 34,7 пайыз болған еді [10, 502, 504-пп.]. Бұл мәліметтер ой еңбегімен айналысатын қазақ халқының сандық және үлестік көрсеткіштері-республика халқының және оның ішіндегі орыстардың арасындағы арасалмақты көрсетеді.

Көріп отырғанымыздай, 1939 жылы жоғары білімді қазақ әйелдері болмаған болса, 1959 жылы олардың саны 8100-ге жеткен екен, алайда орыс әйелдеріне қарағанда 4,1 есе кем болғаны байқалады.

1959 жылы жоғары білімді мамандардың ішіндегі қазақтар саны 1939 жылға қарағанда 25 есе өссе, 1959 жылы жоғары білімі бар қазақ мамандарының қатары 27 мың болса, орта білімі бар қазақ мамандары 31,2 мың еді. Бұл республикадағы жоғары білімі бар барлық мамандардың 24,0 пайызы, ал арнаулы орта білімі барлардың 16,0 пайызы екен. Жоғары білімі барлардың 2,9 мыңы инженерлер, 2,6 мыңы агрономдармен зоотехниктер, 1,3 мыңы дәрігерлер, 17,7 мыңы мұғалімдер және басқа қызметкерлер. Ал арнаулы орта білімі барлардың 3,8 мыңы техниктер, 6,1 мыңы агрономдар мен зоотехниктер, 3,4 мыңы дәрігерлер, 13,7 мыңы мұғалімдер және тағы басқа да қызметкерлер еді.

Қазақстанда жоғары білімі бар қазақ мамандарының 8,1 мыңы (29,9 пайызы), арнаулы орта дәрежелі білімі бар қазақ мамандарының 10,8 мыңы (34,6 пайызы) әйелдер. 1959 жылы 1600 ғылыми қызметкердің 105-і ғылым докторы (20-сы қазақ), 815-і ғылым кандидаты мен доценті (179-ы қазақ) болса, оның 37-і қазақ әйелі ғылым докторы мен кандидаттары болды [13].

Қорыта келе, 1926-1959 жылдары аралығында Қазақстан халқының арасында қазақтардың құрамына (жынысы мен жасына және білім деңгейлеріне) байланысты демографиялық мәселелер қарастырылды. Қазақ халқының құрамын

тарихи демографиялық тұрғыдан ғылыми жағынан зерделеп қарастыруда санақ қорытындыларының мәліметтері немесе дәйектемелік дерек мағлұматтарының демографиялық салыстырмалы талдау тұжырымдарының қорытынды нәтижелері көрсеткендей қазақтардың жыныс құрамында үл немесе қыз және ерлер мен әйелдер ретінде бөлінулеріне байланысты демографиялық көрсеткіштерінде айтарлықтай өзгерістер болып, ал жасаралық құрамында республика бойынша топтарға бөліну арқылы сандық немесе үлестік демографиялық көрсеткіштерінің өсіп немесе кемігені байқалады. Көпшілігі көшпелі шаруашылықпен айналысатын қазақ халқы отырықшылық өмір салтына ауысып, республиканың қалалары мен ауылдарында орта және жоғары білім беретін әр түрлі салалардың мамандықтары бойынша оқу орындарының көптеп ашылуларына байланысты қазақ халқының білім деңгейіндегі өзгерістеріне байланысты білім көрсеткіштерінің өсе бастағаны байқалады. Енді осыларды тарихи демографиялық тұрғыдан алып қарағанда қазақ халқының құрамында көптеген демографиялық өзгерістердің болғанын байқаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Всесоюзная перепись 1926 г. Каз ССР. – Т 8. – Москва: ЦСУ Союза ССР, 1928. – С. 16-19.
- 2 Всесоюзная перепись населения 1939 года: Основные итоги / под ред. Ю.А. Полякова. – Москва: Наука, 1992. – 27 с.
- 3 Итоги всесоюзной переписи населения 1959 года СССР (сводный том). – Москва: Госстатиздат, 1962. – С.30, 34, 38.
- 4 ҚР ОМА. 698-қ., 21-т., 226-іс, 1-92-пп.
- 5 ҚР ОММ. 698-қ., 21-т., 63-іс, 1-10-пп.
- 6 Социалистическое строительство Казахской ССР за 20 лет. – Алма-Ата, 1940. – 173 с.
- 7 Социалистическое строительство Казахской АССР. – Москва, Алма-Ата: Союзоргучет, 1936. – 291 с.
- 8 Казахстан за 40 лет. Статистический сборник. – Алма-Ата: Госстатиздат, 1960. – С.420-421 с.
- 9 Сембаев А.И. Очерки по истории Казахской Советской школы. – Алма-Ата, 1958. – 164 с.
- 10 ҚР ОМА. 698-қ., 21-т., 225-іс, 553, 589-пп.
- 11 Кучкин А. П: Советизация Казахского аула. – М., Наука. 1962. – 342 с.
- 12 Қазақстан ауыл интеллигенциясы: кеше, бүгін, ертең. Ғылыми аналитикалық шолу. – Алма-Ата: Ғылым, 1990. – 27, 68-бб.
- 13 Тәтімов М. Цифрлар шежіресі. – Алматы: Қазақстан, 1967. – 99-б.

References

- 1 Vsesoyuznaya perepis' 1926 g. Kaz SSR. – Т 8. – Moskva: CSU Soyuz SSR, 1928. – S. 16-19.
- 2 Vsesoyuznaya perepis' naseleniya 1939 goda: Osnovnye itogi / pod red. Yu. A. Polyakova. – Moskva: Nauka, 1992. – 27 s.
- 3 Itogi vsesoyuznoy perepisi naseleniya 1959 goda SSSR (svodnyi tom). – Moskva: Gosstadizdat, 1962. – 30, 34, 38 s.
- 4 QR OMA. 698-q., 21-t., 226-is, 1-92-pp.
- 5 QR OMM. 698-q., 21-t., 63-is, 1-10-pp.
- 6 Socialisticheskoe stroitel'stvo Kazakhskoy SSR za 20 let. – Alma-Ata, 1940. – 173 s.
- 7 Socialisticheskoe stroitel'stvo Kazakhskoy ASSR. – Moskva, Alma-Ata: Soyuzorguchet, 1936. – 291 s.
- 8 Kazakhstan za 40 let. Statisticheskiy sbornik. – Alma-Ata: Gosstatizdat, 1960. – S. 420-421.
- 9 Sembayev A.I. Ocherki po istorii Kazakhskoy Sovetskoy shkoly. – Alma-Ata, 1958. – 164 s.
- 10 QR OMA. 698-q., 21-t., 225-is, 553, 589-pp.
- 11 Kuchkin A. P: Sovetizaciya Kazakhskogo ayla. – M., Nauka. 1962. – 342 s.
- 12 Qazaqstan ayla intelligenciya: keshe, bugin, erten. Gylymi analitikalyq shalu. – Alma-Ata: Gylym, 1990. – 27, 68-bb.
- 13 Tatimov M. Cifrlar shezhiresi. – Almaty: Qazaqstan, 1967. – 99 b.

Ж. Талдыбаев¹

¹Управление комитета по правовой статистике
и специальным учетам по городу Астана
г. Астана, Казахстан

КАЗАХСКИЙ НАРОД: ИСТОРИЧЕСКИЕ ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ИЗМЕНЕНИЯ В СОСТАВЕ (1926-1959 г.г.)

Резюме

В статье приведены данные о численном составе казахского народа, в том числе пол, возрастной состав и уровень образованности (посредством сравнительного научного анализа), рассмотренные в трудах и научных исследованиях, ссылаясь на перепись населения и статистики, в соответствии с данными в документах архивов и сведениях историко-демографического направления. Эта работа охватывает промежуток с 1926 по 1959 годы. Половой состав численности казахского народа на территории республики, в том числе распределение на мужчин и женщин рассмотрены по регионам, городам и селам Казахстана, согласно научно обоснованному анализу по расчетным и процентным соотношениям. Также, в соответствии с результатами переписи населения, проведенной в течение нескольких лет, показан возрастной состав казахов, начиная с новорожденных детей до пожилых и престарелых, по группам мужчин и женщин. Вместе с тем, освещен уровень образованности казахского народа после ликвидации безграмотности: открылись школы, учебные заведения, увеличено количество образовательных учреждений, отмечалось повышение численности учащихся (а в нем доля казахской молодежи), на основании сравнительного научного анализа даны информационные сведения.

Ключевые слова: народ, наука, знания, история, демография, состав, пол, возраст, цифры, процент, перепись, архив, источник, информация, вывод, край, регион, город, село

Zh. Tal dybaev¹

¹Committee on Legal Statistics and Special Records of Astana
Astana, Kazakhstan

KAZAKH PEOPLE: HISTORICAL DEMOGRAPHIC CHANGES (1926-1959)

Summary

This article presents data on the number of the Kazakh people, including gender, age structure and level of education (through comparative scientific analysis), considered in the writings and studies, referring to census and statistics, according to archival documents and historical-demographic data. This work covers the period from 1926 to 1959. The gender composition of the Kazakh people population in the country, including the distribution of men and women are considered by regions, towns and villages in Kazakhstan, according to science-based analysis on settlement and percentages. Besides, according to the results of the population census which had been carried out for several years, there shown the age structure of the Kazakhs, starting from newborns to the elderly and aged persons, by the groups of men and women. At the same time, there was highlighted the level of education of the Kazakh people, after the elimination of illiteracy: open schools, educational institutions, increasing the number of educational institutions, there was an increase in the number of students (and the percentage of the Kazakh youth in it). The given information is based on the comparative analysis.

Keywords: people, science, knowledge, history, demography, composition, gender, age, numbers, percentage, census, archive, source of information, conclusion, krai, region, city, village.

**ДІН МӘСЕЛЕЛЕРІ
ВОПРОСЫ РЕЛИГИИ
RELIGIOUS ISSUES**

ӘОЖ 94 (574): 340. 1

Г. Өтепова¹, А. Қасқабасова¹
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты
г. Астана, Қазақстан

**РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕРІ БОЙЫНША
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІН МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Аннотация

Мақалада авторлар патшалық үкіметтің қазақ қоғамының рухани өмірі саласындағы отаршылдық саясатының мәнін ашады. Нақты заңнама құжаттары негізінде қазақтардың ұлттық сана-сезімін және тәуелсіздігін жоюға бағытталған патшалық үкіметтің ұлттық-діни саясаты сипатталған.

Кілт сөздер: Ресей империясы, Қазақстан тарихы, дін, Ислам, Христиан діні, отаршылдық саясат, патшалық билік.

Қазақ халқының рухани өмірі саласында патшалық үкіметтің саясаты мұқият ойластырылған және аса қауіпті болды, ұлттық сана-сезімнің, мәдениеттің жойылуына бағытталды. Осындай жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Ресей отаршылдығы кезеңінде қазақ руханилылығының даму үрдісінің күрделілігі мен қилы тағдырын кемітіп көрсету мүмкін емес» [1, 286-б.].

Кез келген жаулап алушылардың бірден-бір міндеті ұлттық рухты жою, халықтың санасынан ұлттықты өшіру, өз мүдделеріне сай халықты жуас мәңгүртке айналдыру болып табылады. Патшалық үкімет бұл жағдаятты жетік түсіне отыра Қазақстанның Ресейге қосылуының алғашқы күндерінен бастап қазақ қоғамының рухани өміріне жүйелі түрде білім беру арқылы, діни наным-сенім, орыс мәдениетін тарату, т.с. ықпал ете бастаған.

Білім беру саласында патшалық орыс тілін таратуға, мұсылмандық мектептерді жоюға, ислам дінін қуалап шектеуге, оның орнына Қазақстан жерінде христиандықты таратуға көп күшін жұмсаған болды. Бұл тұралы өзінің «Россия и Восток» атты еңбегінде М. Венюков жазған: «По отношению к нравственности, законодательству и религии, это есть новый шаг к расширению области христианства, к замене его началами мусульманского изуверства и, следовательно, к освобождению человеческой личности от поглощения ее узкими требованиями ислама. Для науки и людского образования русское движение не только открыло новый, не исследованный край, но и положило прочное начало к развитию общечеловеческих знаний в среде населения его, дотоле совершенно невежественного...» [2, 35-б.].

Патшалықтың сол сияқты ресми саясатына барлық заңнамалық база икемделген болды. Қазақ өлкесінде білім беру ісіне қатысты, дін, тұрмыс-салт, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, тіл, адам құқықтарына қатысты мәселелердің барлығы бір басты мақсатты іске асыруға бағытталды – қазақ халқын ұлы орыс мәдениетке тәуелдендіріп, оның ұлттық сана-сезімін және тәуелсіздігін жою. Өзінің сөздерінде атакты қазақ ғұламасы М. Тынышбаев қазақтардың дәстүрлі, өздік мәдениетін жоюға арналған патшалықтың рухани отарлау саясатының мәнін ашты. Ол былай жазды: «Тіршіліктің заман талабына сай, жағымды және нақты бастамалардың жоқтығы билік етушілердің тарапынан сан қилы циркулярлар, бұйрықтар,

жарғыларын жариялап, олардың барлығы діннің еріктілігі принципіне қайшы сипатта болды және кез келген чиновник біздің діни ісімізге араласуды жөн көреді – мешіттер мен намаз үйлерінің жабылуы, құран мен дінімізге қорлаушылық көрсету, балаларымыз білім алып жатқан мекемелерде біздің дінімізді уағыздауға тыйым салу, әкімшіліктің христиандықты тарату үшін миссионерлерге барынша көмек жасау сияқты шараларының заңды және әділетті негіздемесін талап етушілерді қамалға салу – міне, осылардың барлығы біздің даламызда орын алған заңсыздықтың үлгілері» [3, 15-б.].

Әдетте патша үкіметті өзінің саясатында абайлы болған және өзінің нақты мақсаттарын ізгі ниеттермен түсіндірген. Қазақстанның Ресейге қосылудың бастапқы кезеңдерінде Ресей «қамшылау және арбау» әдісін қолданды, қазақ қоғамы ішінен бөліп мұсылмандық дін басыларын өз мақсаттарында шебер қолданды. Сондықтан да біраз уақыт ішінде патша үкіметі исламды және мұсылмандық дінбасыларын қолдады және олар арқылы байырғы қазақтарға ықпал жасауға тырысты. 1785 ж. дінге еріктілік беру туралы жарғы қабылданды. «Діни істерді» реттеген алғашқы заңнама актісін 1788 жылдың 22 қыркүйек айында жарияланған II Екатеринаның «Орынбор магометан заңының рухани жиналысы мұсылмандарының істерін басқару органын бекіту туралы» жарғысы болды. Бұл жарғы қазақтарға қатысты қолданылды [4, 147-б.]. Осы жарғы бойынша Орынбор магометанды рухани жиналыс құрылып, мұсылман дініне қатысты барлық мәселелерді жетекшілікке алуға тиісті болды. Жарғы исламды ерік берілген, бірақ қатал бақылауға алынатын дін ретінде ресми мойындады. Ол мұсылман дінбасыларын құрылымдап бюрократтануына әкеп соқтырды. Яғни мемлекетте ресми түрде мұсылман дінібасыларын православиелік шіркеудің үлгісі бойынша нақты иерархияға сай қалыптастыруға талпыныс жасалды. Орынбор рухани жиналысының басты қызметі ретінде мұсылмандар арасында үкіметтің ресми саясатын тарату, Орта Азия және Қазақстанға ресейлік мемлекеттілігін жылжыту жоспарланды. 1810 ж. шілде айында М. Сперанскийдің ұсынысы бойынша Шетел діндердің рухани істерінің бас басқармасы құрылды, кейін ол шетел діндердің рухани істерінің департаментіне айналды.

Патшалық үкіметтің ресми саясаты бойынша бір жағынан исламды ұстанушыларға төзімді қатынас қалыптасты, екінші жағынан, барлық істер бір ресми органның қарамағында болып патша билігінің қатал бақылауында болды. Бұл мақсатта мұсылмандар арасында арнайы куәлік кітаптары іске қосылды, ол бойынша патшалық үкімет мұсылмандардың саны, жылжуы, т.с.с ақпарат алып отырды. Яғни мұсылмандыққа қатысты барлық мәселелер патша билік органдарының ұдайы бақылауында және қадағалауында болды. Бұл туралы бізге келесі заң актілері көрсетеді: «Жаңадан шоқынған мырзалар мен татарларды магометан заңын ұстанушылардың ықпалынан ажырату үшін басқа мекендерге көшіру» (1770 ж.); «Магометан заңының бодандарына ахундарды өздігінен сайлауға рұқсат беру туралы» (1783 ж.); «Сібір шебінде аудармашы, тілмаш және моллаларға жалақы ұйымдастыру туралы» (1784 ж.); «Даланы үш бөлікке бөлу туралы, қалалар мен мешіттерді салу туралы» (1786 ж.); «Қырғыз-қайсақтар арасында әр түрлі даулы мәселелер кезінде жедел және әділетті шешімдерді қабылдау үшін моллармен қамтамасыз ету» (1787 ж.); «Қылмыс жасаған үшін магометандарды дене жазасына кесу туралы» (1822 ж.); «Магометан қауымы арасында моллаларды және басқа рухани шендерді сайлау тәртібі туралы» (1837 ж.); «Моллалардан айыппұлды өндіріп алу кезінде Орынбор магометан рухани жиналысының билік дәрежесі» (1849 ж.); «Магометанды имамдарды діни міндеткерлігі туралы білімдерін алдын ала тексеріске жіберу тәртібі туралы» (1856 ж.) [5] және т.б.

Өздерінің заңдары негізінде империя қазақтарға жат идеологияны, мәдениетті, тілді таратты, заңдар арқылы орыс ұлтының үстемдігі бекітілді. Патшалық үкіметтің сол сияқты мақсаты туралы басылым беттерінде, қазақ өлкесін зерттеуге

арналған ғылыми еңбектерде бірнеше рет аталған болды. «Европа жаршысында», мысалы, 1875 ж. былай жазылды: «Вместе с завоеванием вносим мы сюда наши гражданские законы, а это уже шаг к христианству. Запрещая и карая воровство, убийство и лжесвидетельство, самоуправство, месть и прочее – законы наши карают то, что запрещено христианством. Искореняя рабство, мы приготавливаем нашему закону и нашей религии незыблемый памятник» [6, 5-6].

Діни төзімділік саясатты іске асыру барысында патшалық үкімет өзінің басты мақсатынан бас тартқан емес, яғни орыс емес тұрғындарды православиеге айналдыру, келешекте орыстандыру және ассимиляциялау көзделген болды. 1822 ж. жарғының 243-244 баптарында былай жазылған: «Поелику вера киргиз-кайсаков по сие время в сущности более языческая, нежели магометанская, то представляется надежда к обращению многих из них в христианство. Областное начальство может испросить особенную в степь миссию с тем, чтобы действовала она одними увещеваниями и убеждениями без малейшего принуждения. Ежели, в каком-нибудь округе обращено было в христиане до 100 человек, то областное начальство обязано испросить пособия к постройке им церкви и постановлению местного священника» [7, 105-6.]. Осы мәліметті бізге дәлелдейтін тағы бірнеше фактілерді келтіреміз: христиандармен неке қиысқан жағдайларда мұсылмандар өз дінінен айырылуға тиісті болды, христиандықты қабылдаған мұсылмандарға бірқатар артықшылықтар берілді, соның ішінде салықтарды төлеуден босату, рекруттық міндеткерлікті атқарудан босату, ауыр қылмыс жасағаны үшін жазаны жеңілдету. 1836 ж. «Христиан дінің қабылдаған магометандар немесе пұтқа табынушылардың кантонисттеріне ақылы сайылық беру туралы» жарғы қабылданды, ол бойынша мемлекеттік қазынашылық соммасынан аталған тұлғаларға ассигнациямен 25 руб. беру тиісті болды [8, 6-п.]. Православиелік христиандықты қабылдау патшалық үкімет тарапынан барынша қолдауға алынды. Мысалы, 1763 ж. 10 маусымда шыққан «Орынбор мен Сібірден келген шоқынған азиаттықтарды Мәскеуге қоныстануға жіберу туралы және оларды партикулярлы адамдарға қызмет етуге бермеу туралы» атаулы бұйрықта көрсетілгендей, Мәскеуге жіберілген христиандықты қабылдаған азиаттықтар толығымен мемлекет қазынасынан қамтамасыз етіліп өздерінің мекендері мен қызметін дербес таңдауға құқық алған.

Қазақстан жерін жаулап алу және өзінің позициясын бекіту барысында патшалықтың мұсылмандық пен ислам дініне деген қарым-қатынасы өзгере бастайды. XIX ғ. ортасынан бастап исламды толығымен жою және христиандықпен алмастыруға бағыт алынады. Бұл бағытта патшалық үкіметке орыс православиелік шіркеу зор көмегін тигізді, себебі жаулап алынған жерлерде олардың мақсаттары тығыз байланыста болды. Мұсылмандардың құқықтары тұрақты түрде шектелетін, оларға үлкен мекендерді құруға, мешіттер салуға тыйым салынды. 1860 ж. «Ескі және жаңа Орынбор шептері арасында магометандықтарға қоныстануға тыйым салу туралы» атаулы жарлық шықты [5]. Мешіттерді салу үшін жергілікті билік органдары шығарған көптеген талаптар мен шарттарды орындау керек болды. Мысалы, жазалар туралы жарғының 1074 бабы бойынша, сот шешіміне сай ақылы айыппұл төлеуден басқа мешіттерді «арнайы рұқсатсыз салған үшін жергілікті бас басқарма сондай мешіттерді өзінің қалауы бойынша жабуға тиісті болды». Дегенмен 1868 ж. және 1891 ж. жарғылар бойынша бір болыста бір мешіттен артық салуға рұқсаттың болмағанына қарамастан мешіттердің саны көбейетін.

Сонымен қатар ресейлік билеушілер ортаазиялық хандықтардың қазақ қоғамына саяси ықпал етуге қарсылық жасауға тырысты. Бұл үгіт-насихат кезінде қазақ ақсүйектері арасында орыстарға қарсылық тудыру, ресейлік экспансияға деген қарсылықты белсендету бойынша шаралар ұйымдастырылатын. Орта Азияда мұсылмандық орталықтар тарапынан ислам үгіт-насихаттың өрлеуін кезінде Ш. Уәлиханов көрсеткен болды: «Қазақ даласында татарлардан шыққан,

жартылай сауатты моллалар мен өздерін киелілер ретінде танытатын Орта Азиядан келген жанкештілерге толып кетті. Біраз уақыттан бастап шекаралық округтарда дервиштікпен айналысатын курдтар, ноғайлар және түріктер пайда бола бастаған... Олардың үгіт-насихаттары жемісін көрсетуде. Баянаул, жартылай Қарқаралы округінде қырғыздар бұл нанымға жаңадан айналғандықтан сондай сиқыршылыққа жандарын беріп отыр, мұнда жергілікті билеушілердің қамқорлығымен Бұқара мен Қоканнан келген бірқатар ишандар, қожалар тұрақтанған» [9, 100-б.].

XIX ғ. ортасына дейін қазақ даласында исламды бақылауға алу саясаты тән болды, бұл саясат ресейлік мемлекеттік институттар және жергілікті дінбасылар арқылы іске асырылатын. Исламға қатысты үкіметтің саясаты екіжүзділігімен сипатталады: заңнамада төзімділікті танытатын жарғылар орын алғанына карамастан мұсыландардың құқықтарын тікелей немесе жанама түрде шектейтін заңдар да қабылданды. Бір жағынан, көлемді унитарлы мемлекет орыс мемлекеті ретінде қарастырылатын, сондықтан да унификацияға және империяда діни, этникалық, мәдени біркелкілікті қалыптастыру деген талпыныс байқалды. Екінші жағынан бұл талпыныстар империяның мұсылман тұрғындарын алшақтату тәуекелдермен шектелетін, себебі жаңадан қосылған оңтүстік территориялардың нәтижесінде мемлекетте мұсылман халқының көбеюі орын алды.

Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуына байланысты патшалықтың мұсылмандарға қатысты саясаты неғұрлым қатал және біржақты сипат алады. Бұл ойды білдіргендердің арасында Орынбор генерал-губернаторы Н. Крыжановский болды. Өзінің рапортында ол неғұрлым мұсылманшыл аймақтардың қосылуына байланысты мұсылман дінбасыларына қатал бақылау орнатып, жергілікті тұрғындардың дінділерге деген сенімсіздік тудыру арқылы жанкештіліктің және орыс билеушілеріне сенімсіздіктің алдын алу шараларын енгізуді ұсынды.

1868 ж уақытша ереже іске қосылды, оның 11 параграфтан (251-261) құралған VI тарауы «қырғыздардың рухани істерін басқару» мәселесіне арналды [7, 339-340-бб.]. Осы құжат бойынша Дала облыстарының тұрғындары Орынбор магометанды рухани жиналыстың құзыретінен алынды, яғни аталған орган басқару құралы ретінде емес мұсылмандарды топтастырып нығайтатын қауіпті құрал ретінде танылды. Рухани істерді жоғары басқару ісі облыстық әкімшілікке тиісті болды, содан кейін ішкі істер министріне бағынышты болды; рухани істерді жергілікті орындарда басқару моллаларға берілді. Моллалар «қоғамдық үкім» бойынша және тек «қырғыз, орыс бодандары арасынан» сайланатын, одан кейін облыстық әкімшілік тарапынан бекітілетін. Рухани тұлғалардың саны шектеулі болды, жарғы бойынша бір болыста бір молла ғана қызмет етуге тиісті болды, моллаларға уезд басқармасының арнайы рұқсатысыз өз орын тастап кетуге тыйым салынатын. Көшпелі және отырықшы тұрғындар діни ғимараттар салуға құқылы болды, дегенмен бұл үшін генерал-губернатордың арнайы рұқсатын алуға тиісті болды. Мешіттер қоғамдық қаражатпен ғана қамтамасыз етілді, мешіттегі моллалар уезд басқармасының рұқсатымен оқытушылық қызметпен айналысу құқығына ие болатын

Аталған жарлықтың «Даладағы мектептер туралы» VII тарауы Қырғыз даласындағы мектептердің құрылысын анықтады. Әр бір уезд басқармасы түсында бір ортақ мектеп ұйымдастыру жоспарланатын, бұл мектептің құрылысы мен қамсыздануына белгілі сомма бөлінетін. Барлық оқу үдерісін ресми билеушілер бақылауға алды. Мектептердің бағдарламасы генерал-губернатор тарапынан және халық ағарту министрінің келісімімен тікелей бекітілетін, «мектептегі және жеке тұлғалардың оқыту барысын бақылау ісі уезд және облыстық басқармасына жүктелді, ең жоғары қадағалау ортақ негіздеме бойынша Халық ағарту министрліктің құзыретінде болды» [7, 340-б.].

XIX ғ. ортасындағы реформалар қазақ халқына рухани басқыншылық жасауға мүмкіншілік берді. Оның басты мақсаты ресейлік тұрмыс-тіршілігінің

негіздерін тарату және жаулап алынған халықтың сенімді бодандығы сезімдерін күшейту болды. Осы бағытта бірнеше арнайы заңдар қабылданды: «Қырғыз даласының округтеріне дін қызметшілерін шақыру туралы»; «Сібір қырғыздары даласына Көкшетау қонысында және Баян-Ауыл, Қарқаралы, Аягөз Округтік приказдарда шіркеулік притчті тағайындау туралы»; «Түркістан әскери округына шіркеулік притчтерді бекіту туралы»; «Сырдария облысының кейбір мекендерінде псаломшыны қамтамасыз етуде жалақысын арттыру туралы» [5], тағы басқалары. Өлкені ассимиляциялау және орыстандыру мақсатында қазақ жерлерін әкімшілік тұрғыдан қайта құрумен қатар кең көлемді миссионерлік-отаршылдық жұмыс жасалды. Губернатордың баяндамасының бірінде былай делінген: «Необходимо принять все меры к тому, чтобы развить здесь в самых широких размерах православное миссионерство, постройку храмов и церковных школ в наиболее населенных местах, а главное – приложить заботы к скорейшему открытию в г. Омске, в принципе уже разрешенной, православной духовной семинарии для подготовки из среды местного населения священников, достойных занять то ответственное положение, которое налагает на наше духовенство вся обстановка переселенческой жизни» [2, 198-б.].

Патшалық үкімет қазақ балаларын құлдыққа сатуды қолдады. Бұл жағдайдың өзі маскара болып патшалықтың қазақ халқына қатысты саясатының мағынасын ашықтан ашық көрсетеді. Бұл жағдай 1757 ж. патшалық жарлығымен заңдастырылды. Балаларды сату тәжірибесі келесі жарлықтарда дәлелденеді: 1808 ж. «Қырғыздарды орналастыру және барлық Сібір шебі бойында қырғыз балаларын ресейлік бодандары тарапынан сатып алу туралы ережелерді тарату туралы», 1819 ж. «Қырғыздар, қалмақтар және басқа да азиаттықтардан айырбасталатындар туралы» және 1825 ж. «1808 ж. дейін айырбастау арқылы сатып алынған қырғыз-қазақтар, қалмақтар және басқа да азиаттықтардың қызмет ету уақыты туралы және келешекте сол сияқты адамдарды айырбас немесе сатып алу арқылы адамдарды иеленуге тыйым салу туралы» [5].

Сонымен қатар, патшалықтың ресми саясаты көздеген мақсатына сай қазақ балаларын орыс тіліне, мәдениетіне, дініне қатыстыру жоспарланды. «Орынбор, Сібір шептеріне қырғыздар тарапынан әкелінген және айырбас ауласына таста кеткен балаларды тайсалмау тәсілдері туралы» атты Мемлекеттік кеңестің патша тарапынан бекітілген пікірінде былай делінген: «Принятых, таким образом, детей передавать в ведение местного гражданского или пограничного начальства для раздачи на воспитание..., с тем, чтобы воспитанники сии, немедленно по принятии приводимы были в христианскую веру» [10, 139-140-бб.]. Мұсылмандардың адами құқықтары шектелетін. Патшалық үкімет мұсылмандардың неке қийысу мәселесін бақылауға алған. 1827 ж. қаңтар айында Мемлекеттік кеңестің «Ресейге келетін және ресейлік бодандарымен неке қиысатын азиаттықтарға жұбайлары мен балаларын тастап кету жағдайында ғана өз отанына қайта оралу туралы» пікірі бекітілді [10, 77-б.], мұнда айтылғандай, «азиаты, вступающие на выше изъясненном основании в супружество, объявляя предварительно, включали в условие перед браком у них бывающие, и то, что когда мужья заграничные магометане, уезжая в свои земли, не возвратятся к своему семейству через два года, в таком случае брак уничтожается». Мұсылмандарға өз жұбайлары мен балаларын отанына алып кетуге тыйым салынды: «Азиатцам (исключая бухарцев) по торговле из разных стран в Россию приезжающим и на дочерях российских подданных женившимся, не воспрещать возвращаться в свое отечество, согласно их желанию; но жен и прижитых от них в России детей их, с ними не отпускать, оставляя оных в России и записывать детей мужского пола при ревизии в род жизни, какой они сами изберут» [10, 77-78-бб.]. Бұл фактілер көрсеткендей, басқа діндегі адамдардың тұрпайы құқықтары шектелетін, патшалық заңнама жеке өмірдік өзін қатал қадағалауға алды.

Сонымен мұсылмандыққа қатысты патша үкіметінің саясаты біркелкі болған жоқ, ол қалыптасқан жағдайға сай өзгеріп отырды. Заңнама материалдары негізінде келесі тенденциялар анықталады: Ресейге қосылудың бастапқы кезеңінде мұсылмандықты мойындау және қолдаудан бастап, XIX ғ. соңында - XX ғ. бас кезінде оны толығымен жою талпынысы. Жалпы алғанда патша үкіметінің саясаты исламды жоюға, Ресейдің барлық бодан халықтары арасында христиандықты таратуға арналған болды. Заңнама материалдары дәлелдегендей, патша үкіметі қазақ қоғамын жалпы империялық қауым арасында араластырып, оның ұлттық сана-сезімін және ұлттық егемендігін жоюды көздеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.А. Хранить память, крепить согласие. – Алматы: Қазақ баспасөзі, 1998. – 16 с.
- 2 Жакыпбек С.К. и др. История Казахстана (XVIII - начала XX в.). Сб. документов и материалов. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 314 с.
- 3 Тынышпаев М. История казахского народа. – Алматы: Санат, 1998. – 224 с.
- 4 Садвокасова З.Т. Духовная экспансия в Казахстане в области образования и религии (вторая половина XIX – начала XX века). – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 345 с.
- 5 Отепова Г.Е. Хронологический указатель законодательных актов Российской империи по истории Казахстана XVIII-начала XX в. Учебно-справочное пособие. – Павлодар: ПГПИ, 2012. – 161 с.
- 6 Царская колонизация в Казахстане. По материалам русской периодической печати XIX века Сост. Ф.М. Оразаев. – Алматы: Рауан, 1995. – 368 с.
- 7 Материалы по истории политического строя Казахстана (со времен присоединения Казахстана к России до ВОВ). – Алма-Ата: АН КазССР, 1960. – Т.1. – 441 с.
- 8 Указы Правительствующего сената ЦГА РК. – Ф. 338. – оп.1. – д.7.
- 9 Валиханов Ч. Аблай. Собрание сочинений. – В 5-ти томах. – Алма-Ата: Советская энциклопедия, 1985. – Т.4. – 461 с.
- 10 Законодательные акты Российской империи по истории Казахстана (XIX век). Сб. документов. / Под ред. Отеповой Г.Е. – Павлодар: ПГПИ, 2015. – Ч.1. – 344 с.

References

Әйгілі зерттеуші С. Хантингтонның пікірінше, демократияландырудың бірінші толқыны, XIX ғасырда АҚШ-тағы демократиялық қағидалардың таралуымен байланысты. Бұл үрдіс 1826 жылы басталып бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуына (1926) дейін созылды, бірақ одан кейін демократиялық үрдіс біршама тежелді. Алғашқы тежеліс – 1922-1942 жылдар аралығын қамтиды. Демократияландырудың екінші толқынын, бастапқыда Батыс Германияда, Италияда, Жапонияда ұлттық-социализмді жеңуімен байланыстырады да, оның мерзімін 60-шы жылдардың орта кезеңіне дейін (1943-1962) деп белгілейді де, екінші толқынның тежелуі 1954 пен 1974 жылдар аралығын қамтиды.

Ал 1974 жылдан бері қазіргі замандық демократияның үшінші толқыны басталады. Демократияландырудың үшінші толқыны Оңтүстік Еуропаның Испания, Греция сияқты елдерінен, содан кейін Латын Америкасына қарай таралды. Барынша қарқынды да қанатын кең жая алған демократияландырудың осы үшінші толқыны өткен ғасырдың 80-ші жылдардың ортасынан бастап Азияның бірқатар елдеріне, Еуропаның Орталық және Шығыс елдеріне, ал одан барып ҚСРО елдеріне кеңінен таралып кетті.

Дегенмен, С. Хантингтон күткендей және сол жолға түскен елдердің саяси даму тәжірибелері көрсеткендей, демократияландырудың үшінші толқыны барлық елде бірдей нәтиже берген жоқ. Өмір шындығы көрсеткендей, кейбір елдердегі демократияландыру үдерістері демократиялық жүйені енгізе алған жоқ. Мысалға, негізінен бұрынғы КСРО құрамындағы республикалардың барлығында бірдей демократиялық жүйе орнатылмады. Бұдан байқайтынымыз, демократияландыру үрдісінің өте күрделі де қарама-қайшылықтары толы үрдіс екендігі. Зерттеу барысында байқағанымыз, көптеген қоғамтанушы зерттеушілер демократияландыру үрдісінің толқын түрінде келіп тұратын сипатымен толықтай келісетіндігі. Сондай-ақ олар, «үшінші толқынның» өзіндік біршама ерекшелігі бар екенін дәлелдейді. Айырмашылығы:

1) нәтижелердің ерекшелігі: үшінші толқынның «демократиялық ағымы» көп жағдайда нығайып біріккен демократиямен ұласпайды;

2) трансформацияланушы саяси режимдердің алғашқы басты сипаттарының өзгешеліктері: классикалық авторитаризмнен Латын Америкасындағы әскери хунтаға дейін және Шығыс Еуропа елдеріндегі посттоталитарлық режимдерге дейін ұласуы;

3) біршама ыңғайлы халықаралық мәнмәтіннің болуы [7].

Бүгінгі таңдағы қоғамдық ғылымдардың қай саласында болмасын демократияландыру үрдісін зерттеудің, оның мазмұны мен факторларын түсіндірудің түрлі баптары бар. Сондықтан болар, барлық қоғамтанушылар секілді бізде саяси ғылымдардағы басты түсініктерге және саясаттанушылар пікіріне жүгінеміз.

Осы саланың білгір маманы Ю.В. Мельвиль демократияландыру теориясын екі түрлі баптың шеңберінде қарастыруды ұсынады: біріншісі - құрылымды факторлардың талдануына сүйенетін - *құрылымды* бап; ал екіншісі - процедуралық факторларға бағытталған - *процедуралық* бап [8].

Алғашқы құрылымдық баптың белгілі өкілдері болып табылатын С. Липсет, Г. Алмонд, С. Верба, Р. Инглхарт, Л. Пай секілді т.б. зерттеушілер кейбір әлеуметтік-экономикалық және мәдени факторлар арасындағы тәуелсіздікпен түрлі елдердегі демократиялық жүйенің орнығуы мен сақталу мүмкіндіктерін анықтауға тырысады.

Аталмыш тәуелділік қоғамды демократияландырудың құрылымдық басты себебі ретінде саналады. Толығырақ түсіндіргенде, саяси үрдіске қатысушылардың субъективті ниеті мен әрекеттері емес, ол әр түрлі объективті қоғамдық құрылымдардың ықпалдарының алғы шарттары болып табылатындығында. Сондықтан, демократияның құрылымды алғы себептері ретінде негізгі үш түрпат белгіленген:

- 1) ұлттық бірлік пен оған сәйкес ұқсастықты иемдену;
- 2) айтарлықтай жоғары деңгейлі экономикалық дамуға жету;
- 3) демократиялық қағидаттарды тануды көздейтін, негізгі саяси институттарға сенетін, өзара сенім мен азаматтық сезім, түсінік сияқты мәдени нормалар мен құндылықтардың кеңінен таралуы [9].

Жоғарыда айтылған, демократия шарттарының ішінен, барлық зерттеушілер тек біреуіне ғана еш күмән келтірмейді – ол, демократияға апаратын ұлттық бірлік пен ұқсастық. Соңғы екі шарт туралы өзара пікір келіспеушілігі мен сын-пікірлер баршылық.

Демократияның пайда болуының шарты ретінде қажетті мәдени құндылықтардың болуын сипаттай отырып, олардың ең алдымен тұрақты да орнықты демократияның қалыптасуына тиімді жағдайлар жасайтынын ескеруіміз де қажет.

Зерттеушілер Х. Линц пен А. Степанов, белгілі бір қайта құрудың соңғы қорытындысы ретінде бірнеше факторларды көрсетеді:

- 1) мемлекет пен тәуелсіз қоғамдық таптар мен бірлестіктердің өзара әрекеттестігін қамтамасыз ету арқылы азаматтық қоғамды қалыптастыру;
- 2) демократиялық процедуралар мен институттарды дамыту;
- 3) құқықтық мемлекетті дамыту;
- 4) жаңа демократиялық биліктің мақсатына қолдануына болатын тиімді мемлекеттік аппарат пен бюрократияның пайда болуы;
- 5) мемлекет пен нарықтың арасында дәнекер болушы әлеуметтік институттар мен нормалар жүйесін жасау арқылы экономикалық қоғамды дамыту [10].

Демократияның теоретиктері қатарына Ж.-Ж. Руссо, Дж. С. Милль сияқты зерттеушілерді де жатқызамыз. Ж.-Ж. Руссоның демократия теориясы көбінесе қатысу теориясы, яғни адамдардың саясатқа қатысуы болып табылады. Оның пайымдауынша, қатысудың тұтастай құрылымының анықтамасы оның демократия теориясының негізгі сарынын жасап шығарудың, нақтырақ айтқанда: жеке тұлғалардың әлеуметтік-саяси мінез-құлықтарының сипаты мен мазмұнына деген демократиялық қатысудың ықпалы жайындағы мәселенің алғышарты ғана болып табылады [11]. Сонымен қатар, Ж.-Ж. Руссо демократияны толық мағынасында жүзеге асыру үшін бірнеше жағдайлардың қажеттігін көрсетеді: ең алдымен, мемлекет көлемі кішігірім болуы керек, себебі оның азаматтары бір-бірімен етене таныс болып, басқару мәселелерін шешу мақсатында бір жерге жинала алуы керек; екіншіден, өмір сүрудегі қарапайымдылық, ол істердің қордаланбауына және шешілуі қиын дау-жанжалдардың сирек болуы үшін қажет; үшіншіден, қоғамдық және мүліктік жағдайдағы теңдік. Және де Ж.-Ж. Руссо халықты екіге бөліп қарастырады: саяси ақылды жеткізуші халық; саяси артта қалушылықты сақтаушы халық. Мінеки, осылай ол өзінің тікелей халықтық басқаруға қарама-қайшы заң шығарушы – көсем, халық тәрбиешісі ұғымын ендіреді. Жалпы алғанда, Ж.-Ж. Руссо, пікірі бойынша, *демократия* - мемлекеттік механизм ғана емес, сонымен қатар адамдарды жетілдіру, олардың мүмкіндіктерін дамыту.

Батыстық ғалым Й. Шумпетер өзінің демократиялық теориясында азаматтардың үкіметке жүргізетін бақылауы тек сайлаумен ғана шектелмей, сондай-ақ басшылықты саяси биліктен айыру құқығымен де байланысты екендігін көрсетеді. Ол халықтың бірегей және монолитті еркін басшылыққа алуға талпыну нағыз демократиялық саясаттан алшақ екендігін атап көрсетеді [12]. Й. Шумпетер ұсынған демократиялық теория саяси зерттеулерде азаматтардың саясатқа қатысу феномені мен сәйкес институттарды алдыңғы қатарға шығаратындығына көз жеткіздік.

Демократияның ең тұщымды да беделді тұжырымдамалары американдық ғалым Р. Дальдың тұжырымдамасы болып табылатындығы барлық қоғамдық ғылымдарда дәлелденген. Оның демократияны полиархия ретінде қарастыруы демократиялық қатысу институты жайындағы өте маңызды ой-пікірлерді қамтиды. «Демократия теориясына кіріспе» [13] деп аталатын және басқа да еңбектерінде Р. Даль демократиялық саясаттың мәнін құрайтын сипаттамаларды ұсынады. Ол да Й. Шумпетер сияқты демократияны белгілі бір саяси технология ретінде қарастырады, ал демократияның басты сипаттамалары болса сайлау үдерісін қалыптастыратын институттар жиынтығын құрайды дейді. Американдық ғалым өз зерттеулерінде «Демократиялық теория, - деп жазады, - қарапайым азаматтардың жетекшілерді айтарлықтай жоғары деңгейде бақылау процесін зерттеуге бағытталған» [13, 63-б.].

Ал, италиялық зерттеуші Дж. Сартори өзінің «Демократиялық теория» атты еңбегінде көбіне полиархия тұжырымдамасына ұқсас демократия теориясын ұсынады. Ғалым тұжырымдамасының басты айырмашылығы - оның демократиялық жүйелердің тұрақтылық мәселесіне ерекше баса назар аударатындығында болса керек. Дж. Сарторидің ойынша, демократиялық идеал саяси тәртіптің ең басты деген негіздемелерін бағалаудың дерексіз белгісі қызметін атқара алады, алайда оны шын мәнісінде қолдану әрекеттері айтарлықтай шектеулі болуы қажет дейді. Бірақ демократиялық жүйе орнығып, тұрақтылыққа ие болғаннан соң-ақ, идеал екінші орынға шығуы керек деген пайымдау жасайды [14].

Ал қазақстандық белгілі философ ғалым, академик Ә.Н. Нысанбаев өзінің «Тәуелсіздік. Демократия. Гуманизм» атты монографиялық еңбегінде жаһандану дәуіріндегі нарықтық экономика мен демократиялық үрдістерге негізделген азаматтық қоғам құру жолындағы тәуелсіздік, демократия және гуманизм ұғымдарын өз ара тығыз байланыстыра отырып мәселені тереңінен қарастырады. Академиктің тұжырымдамасы бойынша: «Демократияландыру процесінде мемлекеттік өкімет билігі институттары мен қоғамның саяси мәдениетін жетілдіру ерекше рөл атқарады. Қазіргі қоғамдық дамуға тән нәрсе - қоғамның неғұрлым ашық бола түсуі және адамның құқықтарын құрметтеуге мән беруі. Құқықтық мемлекет жағдайында ең алдымен құқықтық заңдардың, соның ішінде әсіресе, негізгі заң ретінде Конституцияның басымдығы сөзсіз қамтамасыз етілетін болуы тиіс. Одан соң әрбір адамның, азаматтың, әртүрлі ұжымдар мен ұйымдардың бостандықтары мен құқықтарының заң жүзіндегі кепілдіктері туралы сөз етуге болады. Бұл жерде жеке меншік құқығын мойындап, танудың айрықша мән-мағынасы бар. Өйткені онсыз орташа тапты қалыптастыру, экономиканың нарықтық үлгісін дамыту мүмкін емес. Ал, мемлекеттік өкімет билігі институттарының жүйесі бүкіл саяси организмнің жалпыадамзаттық қазыналарға, демократияға, гуманизмге және жеке адамның бостандығына сәйкес қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етуі керек» [15].

Қазіргі демократиялық үрдістер ашық белен алған тұста азаматтардың құқығы мен бостандықтары да барынша кеңейген сайын, демократия идеалдарын тарату, демократиялық институттарды енгізу мен пайдалану, осылармен қатар тәуелсіз баспасөзді пайдалану, өз өкілдерін жергілікті өзін өзі басқару органдарына сайлау, сондай-ақ парламентке депутаттар жіберу мүмкіндіктерінің де молая түсуі қазақстандық демократиялық үрдістер үлгісінің *өркениеттік құбылыс* ретіндегі түсінігін тереңдете түседі.

Адамзат қоғамы, қалыптасуы мен дамуы, ондағы болып жатқан өзгерістер, үрдістер мен үдерістер барлық қоғамдық ғылымдардың зерттеу нысаны болса да, әр ғылыми сала өзінің ерекше зерттеу нысанын тандап алады. Мысалы, осы демократиялық үрдістердің өзін тарих ғылымының зерттеуі - оқиғалардың шығу себептері, дамуы, салдары мен тәжірибесін алса, саясаттану ғылымы – мемлекеттік-саяси билік жүргізу жақтарын, экономиканың зерттеуі - өндіріс пен өндірістік қатынастарға, тұтыну мәселелеріне ықпалын, әлеуметтану ғылымы – қоғамдағы болып жатқан өзгерістердің әлеуметтік мәселелерімен тығыз байланысты. Яғни, әрбір қоғамдық ғылымдардың өзіндік зерттейтін мәселелері осылайша бөлініп алынады.

Демек демократияландыру үрдісі барлық қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарға ортақ зерттеу пәні ретінде қоғамды тұтас қарастырады деп айта аламыз.

Демократияландыру үрдісінің ортақ пән ретіндегі бір ерекшелігі сол, олар біртұтас кешенді сипатта болады да, оған талдау мен сипаттама беру де саяси-экономикалық, саяси-әлеуметтік, саяси-мәдени, тарихи-саяси жағынан біртұтастықта қарастырылады. Бұл бүгінгі қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың кешенді түрде сабақтастықта дамуының дәлелі бола алады. Өйткені, өздеріңізге белгілі жеке адам, тап, ұлт, демографиялық, кәсіптік топтар әрқашанда қоғамдық қатынастардың барлық жиынтығының субъектісі болып табылады. Сондай-ақ аталмыш өзара қатынастар мәселелері субъектілермен бірге біртұтас қоғамдық өмір және оның даму заңдылығы болып табылады.

Осыған орай демократиялық үрдістердің өркениеттік құбылыс ретінде сипатын қазіргі қоғамның мемлекеттік-саяси құрылысының өмір сүруі мен дамуының жалпы және ерекше әлеуметтік заңдылықтары жайлы адамдар мен олардың бірлестіктерінің өзара қарым-қатынастарында іске асырудың жолдары, формалары, әдістері жиынтығында, қоғамда жүзеге асырылып отырған демократиялық реформалардың тұрақтылығы мен өміршендігінің қазақстандық үлгісінің шеңберінде айқын көруге болады.

Көптеген елдердің қоғамтанушылары соңғы 25 жылда тоталитарлық және авторитарлық жүйелердің демократиялық жүйеге ауысу мәселелерін зерттеу нәтижесінде қазіргі замандық саясаттанудың бағыттарына көптеген өзгерістер енгізді. Қазіргі қоғамдық-саяси жүйе ретінде көрініс беріп отырған демократияның әлсіз және қайшылыққа толы екеніне байланысты біршама сындардың айтылып жүргені анық. Себебі, жалпы қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарды алмаған күнде, тек бір ғана саяси ғылымдардың өзінде ғана демократияның бес жүзге жуық анықтамасы кездеседі екен. Онын себебі демократия туралы ілімдер сантүрлі қағидаттарға негізделеді. Сондай-ақ олардың көпшілігі көпұлттық мемлекеттердегі этникалық жағынан туындайтын мәселелерді ескере бермейді. Мысалы, қазіргі Украинада орын алып отырған саяси жағдай осының жарқын айғағы болып табылады. Қазіргі заманда көпұлтты елдерде демократиялық үрдістердің әртүрлі болатындығына сонымен қатар, сонау 1989 жылы шығыс Еуропаның біраз елдері тоталитарлық жүйеден демократиялық үрдістерге көше бастаған тұста да анық сезілген болатын.

Тәуелсіздікке қол жеткізген тұстан бергі еліміздегі жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік-экономикалық құрылымды жаңаша құру, жеке тұлғадан бастап азаматтарды және азаматтық қоғамды әлеуметтендіру жаңа сипат алуда. Қазақстан Республикасындағы саяси реформалардың жүргізілуі, әлемдік аренада қоғамды қазақстандық демократиялық реформалармен, былайша айтқанда, жаңартулар, яғни модернизациялаудың өзіндік ерекшелігі бар екендігін көрсетуде.

1995-2004 жылдары елімізде толығымен жаңарту үдерістері қоғамды демократияландыру үрдісімен тығыз жүзеге асырыла бастады. Осы жылдар ішінде еліміздің мемлекеттік аппарат құрылымы жаңарды, сонымен қатар құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның қалыптасуы қатар жүрді. Оның бастауында тұрған Қазақстан Республикасының Ата Заңы - Конституциясында елімізде еркіндік

пен демократияға, бостандықтар мен құқықтарға ерекше мән берілді. Қазақстандық қоғамды демократияландырудың рухани үлгісі толыққанды қалыптасты.

Сонымен демократияландыру үрдісінің формациялық және өркениеттік ерекше құбылыс екендігіне, оның тарихи-саяси аспектісін анықтау барысында көз жеткізгеніміз Қазақстан Республикасының азаматтық қоғамды демократияландыру жолындағы ұстанған саясаты тарихи қажеттіліктен туындаған объективті құбылыс. Дәл қазір Қазақстан қоғамы азаматтық қоғамды қалыптастырудың бастауынан нақтылы шараларды жүзеге асыруға толықтай ауысты.

Мұндай нақтылы шаралардың бастамасы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 1998 жылдың 29 қыркүйегінде Қазақстан халқына «Елдегі жағдай, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары: жаңа ғасырда қоғамды демократияландыру, экономикалық және саяси реформа» жолдауында: «Тарихтың даму жолы елдің экономикалық және саяси дамуы қол ұстаса қатар жүруі керектігін, қосыла келіп, ғажап үн шығаратын скрипка мен виолончель сынды бірге тыныстауға тиістігін дәлелдеген үстіне дәлелдей түсуде.

Қазақстан үшін экономикасы дамыған ерен ел болу аздық етеді. Қазақстан демократия мен адам құқықтарының жақтаушысы әрі сенімді символы болуға тиіс.

Сіздерді мынаған сендіргім келеді: бұл айтқаным - болашаққа тілек ғана емес, бұл - бүгінгі күннің көкейкесті міндеті.

Бүгінгідей тарихи күнде мен сіздерге қоғамды демократияландыру мен саяси реформалардың бағдарламасын ұсынамын, мұның өзі бізді ұлттық тарихымыздағы жаңа белеске алып шығатын шешім болмақ.

Қазақстандағы саяси реформалардың өзегін демократияландыру мен саяси ырықсыздандырудың негізгі жеті буыны құрайды» [16], – деп көрсетуінен бастау алғандығы ақиқат. Осы Жолдауда Президент атап көрсеткен жеті буын мыналарды қамтиды: 1) «Біріншіден, сайлау процесі адал, кең ауқымды болуы және кандидаттар мен сайлаушылардың оған белсене қатысуына жағдай жасауы тиіс»; 2) саяси партиялардың қоғамдағы орнын бекіте түсу «демократияны дамытуға бағытталған қуатты қадам» болып табылатындығы; 3) «Сенат пен мәжілістің барынша нығаюына, олардың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге, Қазақстандағы биліктің орнықтылығы мен сабақтастығына үмтылуымыз керек»; 4) «Демократияландырудың төртінші, маңызды буыны - азаматтық қоғам құрудағы Үкіметтен тыс ұйымдардың рөлін күшейту»; 5) демократиялық қоғамның негізгі бір нышаны - тәуелсіз сот»; 6) «еркін, цензурадан азат, тәуелсіз баспасөзді қалыптастыру»; 7) «Қоғамның өркениеттілігі әйелге деген қарым-қатынасынан көрінеді» [16].

Осылайша ғасырлар тоғысы қарсаңында еліміздегі экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени өзгерістерді демократияландыру мен тереңдете түсудің тиімді де жаңаша жолдары белгіленген.

Президенттің Жолдауында мемлекетті өкімет билігінің үш тармағын - атқарушы, заң шығарушы және сот билігін одан әрі жетілдіре түсудің, көппартиялық жүйені қалыптастырудың және жергілікті басқару жүйесінің ауқымын кеңейтудің аса маңызды міндеттері көрсетілген. Нақтылы мақсат пен міндет айқын - еліміздегі саяси жүйені өзгерту туралы болып отыр. Әлеуметтік және саяси тұрақтылық, еркін және алуан пікірлі бұқаралық ақпарат құралдары, тәуелсіз соттар, үкіметтік емес және әйелдер ұйымдарының азаматтық қоғам құрудағы халықтың демократиялық саяси мәдениетін арттырудағы атқарушы рөлі, мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдар арасындағы салауатты бәсеке - қазақстандық қоғамды демократияландыруға тән сипаттар, міне, осылар екендігі тарихи ақиқат.

Міне, өздеріңіз көріп отырғандай қазақстандық қоғамды демократияландыру үрдісінің ауқымы да, түсінігі де, мазмұны да кең. Жиырма бірінші ғасыр табалдырығын біз осындай күрделі міндеттерді шешу арқылы ел экономикасы мен саяси ахуалының тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, батыл да нық сенімдермен аттаған болатынбыз.

Тәуелсіздік қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған асыл мұраты болатын. Ата-бабаларымыз қанын да, жанын да аямай, қанша арпалысса да, жете алмай кеткен қастерлі мақсатқа біздің ұрпақ XX ғасырдың аяғында дау-дамайсыз қол жеткізді. Әлем жұртшылығы халқымыздың дербес елдігін таныды, демократиялық мемлекет құрдық, ұлттық мемлекеттің барлық атрибуттары қалыптасты. Рухани бостандық, ой еркіндігі, халықтың рухани әлемі, ұлттық философия мен ұлттық тарих, қазақ ұлтының сонау көне сақтар мен ғұндар заманынан бүгінгі күнге дейінгі жүріп өткен ұлы жолын өркениеттік әдіснама тұрғысынан тереңірек зерделеу тәуелсіз және егемен Қазақстан жағдайында ғана мүмкін болды. Тек тәуелсіздік пен егеменділік жағдайында ғана Қорқыт ата, әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, т.б. ғұлама ойшылдар мен гуманистік көзқарас, қазақтың дәстүрлі дүниетанымы туралы бүкпесіз айтуға, айтып қана қоймай, жүйелі түрде зерттеуге халқымыздың бай рухани мұрасын игере отырып, ұлттық өзіндік сананы қалыптастыруға, біртұтас ұлт болып үюға мүмкіндік алдық. Бұл орайда ендігі алдымызда тұрған келелі міндеттердің бірі – халқымыздың ежелгі тарихи, мәдени және рухани әлемінің тереңнен тартқан тамырларын анықтап, оларды қопара зерттеп, әлеуметтік-қоғамтанулық тұрғыдан біртұтас жүйеленген ұлттық және теориялық жағынан ұғынылған тарихымызды жасап шығу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Философский словарь / под. Ред. М.М. Розенталя и П.Ф. Юдина. – М.: Изд. Политлитературы, 1963. – С.11-120.
2. Большая советская энциклопедия. – М.: Советская энциклопедия, 1969-1978; Советский энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1980. – С. 378.
3. Концепции и определения демократии: Антология / Ред.-составитель и автор предисловия А.В. Фененко. – М.: Комкнига, 2006. – 224 с.
4. Ильин М.В. Ритмы и масштабы перемен. О понятиях «процесс», «изменение» и «развитие» в политологии. – Полис, 1993. – № 2. – С 57-58.
5. Хэлд Д. Модели демократии – пер. с англ. М. Рудакова. – М.: Дело, 2014. – 540 с.; Хэлд Д и др. Глобальные трансформации: политика, экономика, культура. / Пер. с англ. В. В. Сапова и др. – М.: Праксис, 2004. – 576 с.
6. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций. – М.: ООО «Издательство АСТ», 2003. – 603, [5] с.
7. Хантингтон С. Третья волна. Демократизация в конце XX века / Пер. с англ. - М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2003. - 368 с.; Хантингтон С Будущее демократического процесса: от экспансии к консолидации // Мировая экономика и международные отношения. – 1995. - № 10.
8. Мельвиль А.Ю. Демократические транзиты. Теоретико-методологические и прикладные аспекты. - М.: Московский общественный научный фонд, 1999. – 105 с.
- Теория политической модернизации / Политология: Учебное пособие. Ставрополь. 2006 [электронный ресурс]. URL: // <http://all-politologija.ru/knigi/politologiya-uchebnoe-posobie/> (дата обращения 12.03.2014)
9. Линц Х., Степанов А. Государственность, национализм и демократизация // Полис. – 1997. – №5.
10. Руссо Ж. Ж. Трактаты. – Москва. 1969. – С. 178-180.
11. Шумпетер Й. Капитализм, социализм и демократия. – Москва, 1995. – С. 238-247.
12. Даль Р. Полиархия, плюрализм и пространство // Вопросы философии. – 1994. – №3. – С. 37-48.
13. Сартори Дж. Вертикальная демократия // Полис. – 1993. – №2. – С. 80-89.
14. Нысанбаев Ә.Н. Тәуелсіздік. Демократия. Гуманизм. – Алматы: Философия және саясаттану институты, 2006. – 78-б.
15. Назарбаев Н.Ә. «Елдегі жағдай, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары: Жаңа ғасырда қоғамды демократияландыру, экономикалық және саяси реформа» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 1998. – 30 қыркүйек.

Н. Адилжанов¹
¹Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Казахстан
PhD докторант

ДЕМОКРАТИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ КАК ФОРМАЦИОННЫЙ И ЦИВИЛИЗАЦИОННЫЙ ФЕНОМЕН (ИСТОРИКО-ПОЛИТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ)

Резюме

В статье дается анализ того факта, что до настоящего времени демократия и демократические процессы рассматривались только как предмет политологии, а также только с политической точки зрения. Поэтому исторический анализ этих понятий остался на втором плане. В современный период в исторических, социальных, культурных, психологических, этнографических, философских и других исследованиях теоретическое изучение феномена демократического процесса очень востребовано. При изучении феномена демократических процессов основным моментом является уделение внимания не только прошлому, но также и внедрению новых методологических исследований. История возникновения демократии и демократических процессов на Западе отмечена как «историко-антропологическая революция» в гуманитарной мысли.

Ключевые слова: демократия, демократические процессы, предмет политологии, исторический, социальный, культурный, этнографический, философский, феномен, исследование.

N. Adilzhanov¹
¹L.N. Gumilyov Eurasian National University
Astana, Kazakhstan
PhD Student

DEMOCRATIC PROCESSES AS A FORMATION AND CIVILIZATION PHENOMENON (HISTORICAL AND POLITICAL ASPECTS)

Summary

The article analyzes the fact that to date, democracy and the democratic process were only considered as an object of political science, and only from a political point of view. Therefore, historical analysis of these concepts remains in the background. In the modern period in the historical, social, cultural, psychological, ethnographic, philosophical, and other studies, the theoretical study of the phenomenon of the democratic process is in great demand. In the study of the phenomenon of democratic processes, the main thing is paying attention not only to the past, but also the introduction of new methodological research. The history of democracy and democratic processes in the West is marked as “historical and anthropological revolution” in humanities thought.

Keywords: democracy, democratic processes, political science subject, historical, social, cultural, ethnographic, philosophical phenomenon study.

МЕРЕЙТОЙ ЮБИЛЕЙ ANNIVERSARY

Х.М. Әбжанов,

III. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры,
тарих ғылымдарының докторы, профессор
Алматы қ., Қазақстан



БӘЙДІБЕК АХМЕТҰЛЫ ТӨЛЕПБАЕВ

Бәйдібек Ахметұлы Төлепбаев – Отандық тарих ғылымындағы танымал есім, іргелі тарихи еңбектерімен кешегі кеңестік кезеңде қалыптасқан көрнекті ғалым.

Ол 1921 жылғы 10 қазанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Бөген (қазіргі Ордабасы) ауданының Төрткөл ауылында дүниеге келген.

Бәйдібек Ахметұлы Төлепбаев 28 жылдан астам уақыт бойы партия ұйымдарында – Өзбекстан Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінде, КОКП ОК, Алматы обкомында қызмет атқарды. Сегіз жылдан астам ҚазКСР Ғылым академиясының вице-президенті, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, КОКП ОК жанындағы Марксизм-ленинизм институты – Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы институтының директоры болды.

Балалық шағы қиын жылдарға дөп келді. Аштықты да, қуғын-сүргінді де көрді. Бұл Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауының бастапқы кезеңі мен Азамат соғысының ауыртпалықтары, 20-30-жылдардағы халықты алапат ашаршылыққа әкелген сұрапыл жылдар еді. Бұның бәрі жас жігіттің өміріне әсер етпей қоймады. Ол да өз замандастарымен бірге сол кезеңнің бар ауыртпалығын, азық-түлік тапшылығын, киім-кешек пен аяқ-киімнің жетіспеушілігін, басынан өткізді. Соған қарамастан жастайынан білімге талпынды.

Бәйдібек Ахметұлы өзінің ауыр өмір жолдары туралы былай еске алатын: «Менің ата-анам орташа шамадағыларға жататын, біздің үлкен отбасымыздың басшысы, барлығы құрмет тұтқан, қайратты және ықпалды атамыз Төлепбай еді, міне, сондықтан ол мені қатты жақсы көріп өз қамқорлығына алды. Менің есімімді де, арғы заманнан атақты ата-бабамызға тартсын деп, Бәйдібек қойған да сол кісі. Атамды құрметтеп, жақсы көргендіктен оның, есімін иемденіп жүрмін. Ол 81 жасында, 1931 жылы қайтыс болды. Менің анам Сұңқар - өте көрікті, сүйкімді, шыдамды және қонақжай болатын, барлық аналар секілді маған аса зор сүйіспеншілікпен қарайтын. Тек осы анам ғана атамыздың барлық еркелігі мен мінезін көтеріп, ыңғайын таба білетін. Атамыз да анамызды сыйлайтын».

Қиыншылықпен шындалған Бәйдібек 1936 жылы Орта Азия мемлекеттік университетінің (САГУ) жұмысшы факультетіне түсіп, кейіннен Қазақ педагогикалық училищесіне ауысып, оны 1939 жылы бітірген соң мектепке мұғалім болып орналасады.

Б. Төлепбаев – Ұлы Отан соғысының ардагері, Оңтүстік-Батыс, Оңтүстік, Кавказ және Карель майдандарында соғысқан. Өзінің ерлігімен, қайраттылығымен және ержүректілігімен бірнеше рет көзге түсіп, екі рет жараланады. 1945 жылдың қазанында Кеңес әскері қатарынан босатылып, қарашаның соңына таман өзінің туған ауылы Төрткөлге оралды. Соғыстың кесірінен үзілген оқуын жалғастыру үшін Ташкент қаласына келді. Оқуын еңбекпен ұштастырып, № 4 кәсіптік училищенің мұғалімі, кейіннен директордың орынбасары қызметін қоса атқарады.

Өзбекстан Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитеті жанындағы екі жылдық партия мектебінде оқыды. Білімге деген құштарлық пен қабілеттілігінің арқасында ол бір мезгілде Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық институтын да бітіреді.

Партия мектебі мен институтты үздік бітірген, қос дипломды маман Өзбекстан КП Орталық Комитетінің аппаратына жіберіліп, онда он бір жылдан астам Насихат және үгіт бөлімінің нұсқаушысы, содан соң Орталық Комитет хатшысының көмекшісі және Өзбекстан КП ОК партия ұйымдары бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметтерін атқарды. 1960 жылдан 1973 жылға дейін Бәйдібек Ахметұлы КОКП ОК-нің ұйымдық-партиялық жұмыс бөлімінің жауапты қызметкері.

1960 жылы кандидаттық диссертациясын қорғады, 1967 жылдан – тарих ғылымдарының докторы, 1975 жылдан – Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі. 1976 ж. республика Ғылым академиясының Жалпы жиналысында вице-президенттікке сайланады. 1981 жылдан – профессор және КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі.

1983-1984 жж. ҚазКСР ҒА Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының директоры, 1985-1991 жылдары Партия тарихы институтының директоры болып жұмыс істеген жылдары оның ғалым, қоғам қайраткері, ғылымның ұйымдастырушысы ретіндегі тұлғасы жарқырай ашылды. Осындай жауапты қызметтерде жүріп ғылыми-зерттеу жұмыстарды үйлестіру, оның тиімділігі мен сапасын арттыру, ғылыми мекемелердің жоғары оқу орындарымен, өндіріспен байланысын нығайту, Қазақстанның мәдениетін дамыту мақсатындағы іс-шараларды ұйымдастыра алды. Ғылымның өзекті мәселелеріне арналған көптеген одақтық және республикалық ғылыми-теоретикалық және практикалық конференцияларды ұйымдастырды. Оның басшылық етуі және тікелей араласуымен Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің жұмысы жаңа арнаға бұрылды, сол жылдары тарих және экономика, философия және құқық, әдебиеттану және тілтану ғылымдары саласындағы зерттеу тақырыптарының аясы жаңартылып, кеңейе түсті. Ғалымның бастамасы бойынша академиялық мекеме құрылымында жаңа, яғни қоғамдық ғылымдар жөніндегі ғылыми ақпараттар, шығыстану, қазақ халқының тарихи ескеркіштері мен мәдениетін жинақтау бөлімдері құрылды.

Академик Б.А.Төлепбаев ғылыми кадрларды дайындауға белсенді араласты. Оның жетекшілігімен ғылым 1 докторы және 10-нан астам ғылым кандидаттары дайындалды. Олар бұл күнде Ресей, Қазақстан, Өзбекстан, Литва және басқа да республикалардың ғылыми мекемелері мен жоғары оқу орындарында табысты еңбек етуде. Мыңдаған мектеп оқушылары тартылып, ірі-ірі сайыстарға дайындаған, бірнеше ғылыми үйірмелер мен қоғамдарды біріктірген Қазақ КСР ҒА жанындағы Кіші академияның алғашқы президенті де болды.

Б.А. Төлепбаев Қазақстанның тарих ғылымын халықаралық, бүкілодақтық және республикалық ғылыми форумдарда зор беделмен танытып, Қазақстан мен Орта Азия республикаларындағы аграрлық қайта құрулардың тәжірибесі мен теориясы бойынша баяндамалар жасады.

Көптеген конференциялар мен симпозиумдардың, атап айтқанда; тарихшылардың халықаралық XV конгресінің (Бухарест, 1980), дүниежүзілік XVI конгресінің (Штутгарт, 1985) жұмысына қатысты. «Көшпенді халықтардың Еуразия өркениетіне қосқан үлесі» атты халықаралық симпозиумда КСРО ҒА-ның делегациясын басқарды және баяндама жасады (Токио), Моңғолиядағы халықаралық конференцияда, Ташкентте өткен «Халықтар достығы - социализм жетістігі» атты Бүкілодақтық конференцияда сөз сөйледі. Әртүрлі делегациялар құрамында Англия, Болгария, Венгрия, ГДР, Египет, Үндістан мемлекеттерінде болды. Б.А.Төлепбаев ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі X шақырылымының депутаты, Алматы облыстық және қалалық кеңесінің депутаты, Қазақстан КП ОК мүшелігіне кандидат, Тексеру комиссиясының мүшесі, Алматы облыстық парткомның мүшесі, Бүкілодақтық «Білім» қоғамының басқарма мүшесі, Қазақстандағы «Білім» қоғамының төрағасы, ҚазКСР ҒА редакциялық-баспа Кеңесінің төрағасы қызметтерін де атқарды. Бәйдібек Ахметұлы Төлепбаев – теория мен практиканы тығыз ұштастырып, талантты ғалымға тән қасиеттерді бойына жинақтай алған жаңа қоғамның, өз дәуірінің ғалымы бола алған жан. Ойлары мен тұжырымдарын, бар назарын «басты соққыға бағыттауға» жұмылдыра алу қабілеттілігі жоғары дамыған ғалым-қайраткер еді.

Бәйдібек Ахметұлы мен Кенжекүл Төлепбаевтар тел авторлықпен жариялаған «Д.А. Қонаев – көрнекті мемлекет және саяси қайраткер» (орыс тілінде) (Алматы: «Нұрлы Әлем», 2006. – 216 б.) атты жаңа монография үлкен сұранысқа ие болуда. Бұл – ірі ұйымдастырушылық қабілетімен, мол адамгершілік қасиеттерімен тек қазақстандықтардың ғана емес бұрынғы Кеңестер Одағы халқының сүйіспеншілігіне бөленген Д.А. Қонаевтың тұлғасын ашып көрсетуге арналған алғашқы ғылыми монографиялық еңбек.

Кітап авторлары Д.А. Қонаевтың еңбектерін зерттеп, мұрағат материалдары мен басқа да деректерді терең талдай отырып, басшылық еткен кезеңдегі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық үрдістердің даму сатысын саралаған, оның 50 жыл ішіндегі елдің экономикасы мен дамуына сіңірген еңбегі мен қызметін ғылыми негізде қорытындылаған. Сонымен қатар, кітапта келтірілген мәліметтер Қазақстанның ірі астық және мал шаруашылығы бар өнеркәсіпті республикаға айналғандығын да көрсетеді. Д.А. Қонаев ұлтымыздың кеменгер көшбасшысы, XX ғасырдың көрнекті мемлекеттік және саяси қайраткері ретінде есімі тарихта хатталып, жарқын бейнесі халық жадында мәңгілікке қалатын тұлға екені ақиқат.

Б.А. Төлепбаевтың еңбегі жоғары бағаланған: Ленин, Сталин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, екі рет I дәрежелі Отан соғысы орденімен және «Құрмет белгісі», «Парасат» ордендерімен, КСРО-ның 31 медалімен, ҚР ҰҒА «Үлкен алтын» медалімен, РСФСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Құрмет грамотасымен, Өзбекстан КП ОК Мақтау грамотасымен 2 рет марапатталып, 1982 жылы оған «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағы берілді.

Ғылыми ізденістері де сан қырлы. Б.А.Төлепбаев еңбектерінің республика мен шетелдегі ғылыми ортада кең танымал болғанының айғағы - оның барлық монографияларының Мәскеудегі орталық баспаларда, ал екі кітабының араб және ағылшын тілінде жарық көруі. Автор өзіне етене жақын тақырыптар бойынша 200-ден астам ғылыми еңбектер, соның ішінде Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркменстан тарихына қатысты әртүрлі мәселелерге арналған 10 монография жазды.

Еңбектерінде еліміздің аграрлық дамуын жетілдіру мақсатында өз үстемдігін жүргізіп отырған кеңестік социалистік жүйе тәртібіне қарама-қайшы келетін ойларын ашық айтып отырды. Мысалға, кәсіпорындар мен бірлестіктердің өндіріс жоспарларын алғашқы орынға қоятын КСРО Мемлекеттік жабдықтау ұйымдарының директиваларын ауылшаруашылық кәсіпорындарының басшылыққа алуының қажетсіздігін айтады.

Сонымен, ғалымның зерттеулері қорытындылауға, жүйелі талдауларға негізделген. Б.А. Төлепбаев еңбектерінің жалпы ғылыми маңыздылығы туралы айтар болсақ, ең алдымен атап өтетін нәрсе, онда алғаш рет тыңғылықты, жоғарғы теориялық деңгейде, аграрлық және онымен тығыз байланысты әлеуметтік-саяси және экономикалық қайта құрулардың кең-байтақ Орталық Азия аймағындағы көрінісінің зерттелгендігі.

Б.А. Төлепбаевтың соңғы жылдардағы еңбектерінде тәуелсіз еліміздегі ұлтаралық қатынастарға ерекше көңіл бөлінген. Нақты мысалдар арқылы рухани мәдениеттің жалпы даму деңгейі, республикадағы түрлі халықтардың ағартушылық, демократиялық идеологиясындағы өз ара ықпалдастығы, ежелгі мәдени мұраны пайдалану, мемлекеттегі жалпы азаматтық құндылықтарды қалыптастыру мен нығайту үрдісіндегі тарихи дамудың ерекшеліктері мен жағадайы нақты есепке алынған.

Бәйдібек Ахметұлы Төлепбаев ғылыми ізденістерін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеттің саясаттану және әлеуметтану кафедрасындағы педагогикалық қызметпен тығыз ұштастыра алған ғалым. Студенттердің Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагерімен бас қосулары уақыт пен ұрпақтар арасындағы байланыстың орнығуына әрі өскелең ұрпақты елжандылыққа тәрбиелеуде үлкен рөл атқарды.

Б.А. Төлепбаевтың есімі отандық тарих ғылымымен бірге жасай береді.

**АЛДАЖҰМАНОВ Қ.С.¹,
ТӨЛЕНОВА З.М.²,**

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

МАНАШ ҚАБАШҰЛЫ ҚОЗЫБАЕВ



МАНАШ ҚАБАШҰЛЫ ҚОЗЫБАЕВ 1931 ж. 16 қарашада Қостанай облысы, Мендіғара ауданы, Тазкөл басындағы ауылда дүниеге келген. 1947 ж. Мендіғара педагогикалық училищесін, 1953 ж. – Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітірген. Ол тарих ғылымдарының докторы (1970), профессор (1971), Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1986), Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері (1971), Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі (1989), Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің халық депутаты (1990-1995), Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1995), Президенттің бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығының лауреаты (1997), Қостанай облысының «Жыл Адамы» (2000), А. Байтұрсынов атындағы құрмет белгісі (2000), «Астана» медалі (2000), «Парасат» орденінің иегері (2001), Қостанай облысы Мендіғара ауданының, Қостанай қаласының құрметті азаматы, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің, Шөкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің, Қарағанды мемлекеттік медицина академиясының, «ҚазГор» академиясының, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің құрметті профессоры болған.

М. Қозыбаев Мендіғара педагогикалық училищесіне бітіргеннен кейін бір жыл Үлгілі жетіжылдық мектебінде (Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы) (1947-1948) мұғалім болып істеген. Кейін ол Қазақтың мемлекеттік университетінің Тарих факультетіне келіп түсті. А. Иманов атындағы арнайы стипендия алып, үздік бітірді (1953). Қызмет жолы: Қостанайдың оқытушылар, кейін педагогикалық институтында аға оқытушы (1953-1958); СОКП Марксизм-ленинизм институтының Қазақ филиалында аға ғылыми қызметкер, ғылыми хатшысы, сектор меңгерушісі (1958-1974); Алматы малдәрігерлік институтының, кейін Қазақ мемлекеттік университетінің жанындағы қоғамдық білімдер оқытушыларының білімін жетілдіру институтының кафедра меңгерушісі (1974-1980), Қазақ Кеңес энциклопедиясының Бас редакторы (1980-1986), бұрынғы Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының, қазіргі ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Тарихнама бөлімінің аға ғылыми қызметкері (1980-1986), бөлім меңгерушісі (1986-1988), ал 1988 ж. маусымынан 2002 ж. 31 қаңтарына дейін институттың директоры қызметтерін атқарған. Көрнекті ғалымның педагогикалық, ғылыми, ғылыми-ұйымдастырушылық қызметінің (53 жылдық еңбек жолының) 40 жылы ғылымға арналды.

М.Қ. Қозыбаевтың өмірлік бағыт таңдау кезеңі ең қатал диктатура – сталиншілдік биліктің аяқталуына дөп келді. Бұл болса жас ғалымның көзқарасына зор ықпал етті. Ғылыми-кәсіби жолын Қазақстанның Ұлы Отан соғысындағы жеңісіне қосқан үлесін зерделеуден бастаған ол біртіндеп ғылыми зерттеу аясын кеңейтіп, қазақ халқының шығу тегінен бастап, оның өркениеттегі орны, XX ғ. қасіретті тағдыры туралы тұтас, кешенді концепция жасауға ұмтылды. Сонымен қатар қазақ халқының тілі, ділі, діні, мәдениетінің өзекті мәселелері қаралып, кешегі кеңестік қоғамдағы жалпылама (тоталдық) бірегейлендіру жүйесін бұзып, қазақ халқының өзіндік, ұлттық болмысын анықтау жұмыстары жүргізілді.

Академик М.Қ. Қозыбаев 900-ден астам ғылыми, ғылыми-көсемсөздік еңбектердің авторы, оның 30-ы монографиялар (оның ішінде 18-гі бірлескен авторлармен), 50-ден астамы ұжымдық еңбектер.

М. Қозыбаевтың осы тұстағы басылымдары қазақ халқының тарихына терең бойлап, ресми ғылымдағы еуроцентристікті уағыздаған тарих шеңберінен шыға бастады. Бұл болса саяси және кәсіби, зиялылар элитасының ұмтылысына сәйкес келді.

Уақыт замана талабына сай жан-жақты білімді, ұлт рухын көтеріп, оның жаңа бағытта дамуына ықпал жасарлық тұлғаларды шығарды. Осы тұста М. Қозыбаевтың Қазақстанның емін-еркін, тәуелсіз дамуына толық мүмкіндігі бар екендігін баяндайтын бірнеше кітаптары жарық көрді. «Золотой фонд партии» (1973) атты айындалуы туралы баса айтылды. Ғалымның арнайы топтама (сериал) басылымдарында ұлт-азаттық қозғалысының басты кезеңдері, қаһармандарының тағдыры көрсетілді, коммунистік лидерлердің қазақ халқына жасаған қиянаты ашылды.

1985 ж. М. Қозыбаевтың ғылыми басшылығымен шыққан «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945)» атты 40 сериалық телефильмінде республиканың әлемдік тарихтың ең бір жауапты кезеңіндегі нақты орны және маңызы бейнеленді.

М. Қозыбаев өмірінің бір сәті энциклопедиялық білім таратуға арналды. Оның өзі дайындаған Қазақстан туралы, Дала өркениеті туралы материалдары отандық және шетелдік басылымдарда шықты. Ол Қазақ Кеңестік энциклопедиясының бас редакторы болып, Ш.Ш. Уәлихановтың шығармаларының 5 томдық еңбектерін (2-ші басылым), көптомдық энциклопедиялық басылымдарды шығару ісін басқарды. Осы жылдары М. Қозыбаев Одаққа есімі танымал ғалым санатында «Кеңес жұмысшы табының тарихын» (3 т.), «Ұлы Отан соғысының бірінші кезеңіндегі кеңестік тыл», «Ұлы Отан соғысының тарихнамасы», «Кеңестік Отанды қорғаудың басы-қасында» (1975, 1985) сияқты еңбектерді жазуға ат салысты.

Жаңа кезеңде тарихқа ескі догматикалық көзқарастан бас тарту қажет тұста М. Қозыбаев бастаған авторлық топ жазған «Қазақстандағы ұжымдастыру: шаруалардың қасіреті» атты мақаласы 1920-1930-жылдардағы қазақ халқына жүргізілген геноцид саясатын әшкереледі. Бұл мақалада келтірілген тарихи талдау шын мәнінде Коммунистік партияның жоспарлы түрде жүргізген қазақтарды қырып-жойып, оның өркениетіне балта шабуы дәлелденген еді. Бұл басылымның қоғамдық үні өктем шықты. Қазақстандағы 1920-1930-шы жылдардағы қолдан жасаған аштықты еврейге қарсы жүргізген холокост атты ғасырлық қуғын-сүргінмен ғана салыстыруға болады. Қарақшы Жармақтың Ібір-Сібір еліне жасаған басқыншылығы туралы сериялы басылым қатып қалған отаршыл жүйеге рухани қарсылықтың тұтастай көрінісі болды.

Қазақстанның тәуелсіздігі жылдары М.Қ. Қозыбаев басқарған Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Отан тарихының өзекті мәселелерін зерттеуге сіңірген еңбегі ұшан теңіз. Соның бір айғағы – «Қазақстан тарихы. Очерктер» басылымы болды. Ол қазақ және орыс тілдерінде шықты.

Академик М. Қозыбаевтың «История и современность» (1991); «Ақтаңдақтар ақиқаты». Оқу құралы (1992); «Жауға шаптым ту байлап» (1994); «Тарих зердесі» (т. I, II), (1998); «Труд во имя победы» (1995, қосалқы авт.), «Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски» (2 кітап) (1999); «Өркениет және ұлт» (2001), «Жұлдызым менің (2001) т.б. монографиялары, мектептің 9-10 сыныптарына жазған оқулықтары, жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдары, ғылыми, ғылыми-публицистикалық мақалалары Қазақстан тарихнамасына қосқан қомақты үлес және Отан тарихы ғылымының жаңа белестегі даму деңгейін көрсететін еңбектер болды. Академик Манаш Қабашұлының басшылығымен, тікелей қатысуымен даярланған «Қазақстан тарихының» бестомдық академиялық басылымы, «Қазақстан тарихы» (ағылшын тілінде), «Қазақстан тарихының очеркі», «Қазақстанның көрнектелген тарихы (үштомдық - 1 томы), «Қ.И. Сәтбаев», «Ұлттық Ғылым академиясы» атты еңбектерге қатысуы, құжатты фильмдерге

ғылыми жетекшілік етуі, оның басшылығымен шыққан көптеген құжаттар жинағы жаңаша ғылыми-теориялық ізденістердің нәтижесі екендігі ақиқат.

Осы тұста ғалым тарих ғылымында жаңа пайымдаулар жасады. Еуразияның өркениеттік маңызы, Ресейдің отарлық шапқыншылығының құпия сырлары, социалистік модернизациялау саясаты тәжірибесінің салдары, қазақ ұлттық элитасының Отандық тарихтағы орны, өлкенің экологиялық дағдарысқа ұшырауы т.б. проблемалары ол еңбектерде қайтадан қаралды. Сонымен қатар М. Қозыбаевтың жан-жақты ғылыми ізденістерінің маңына топтасқан ғалымдардың жаңа тобы қалыптасты. Өзінің ғылымдағы жаңашылдығымен, тарихты зерттеуге методикалық және жаңа әдістемелік көзқарастарымен, отандық тарихи зерттеулерге әлемдік тәжірибені кеңінен пайдаланудағы үлгісімен академик М.Қ. Қозыбаев жас буынды ғалымдарды топтастыра алды.

Қоғамның демократиялық негізінің бірі болған бұқаралық тарихи сананы қалыптастыруға М. Қозыбаев белсенді ат салысты. Ол қоғам қайраткері санатында өзінің бар күшін Кеңестік заманадан кейінгі әбден орныққан империялық ойлаудың жаттанды түріне қарсы жұмсады.

Ғалым қазақ мемлекеттігінің, Қазақстанның отаршылдық және кеңестік тоталитаризм кезіндегі тарихын жаңа концептуалды пайымдаудың қайнар басында тұрды.

М.Қ. Қозыбаев тәуелсіздік тұсында қоғамдық есеуімізге өз ықпалдарын тигізе алған Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың пәрменімен жүргізілген жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу, ұлттық тарих, ұрпақтар сабақтастығы, мәдениетті қолдау жылдарын өткізіп, мемлекетіміздің ішкі, сыртқы саясатының тереңдей, пәрмендене түсуіне тығыз атсалысқан көрнекті Елжанды Азамат, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері дәрежесіне көтерілді.

М.Қ. Қозыбаевтың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері ретіндегі тұлғасы 1990-1993 жж. халық депутаты болған жылдары жарқын танылды. Депутат, Жоғарғы Кеңестің ұлттық саясат, мәдениет және тіл дамыту Комитетінің, Ұлттық Қауыпсіздік Комитетінің мүшесі болды. 1993 ж. ҚР Президентінің қасындағы мемлекеттік саясат туралы ұлттық кеңесінің мүшесі, адам құқығы жөніндегі республикалық Комиссияның мүшесі (1994-1998), ҚР Жоғарғы аттестациялық Комитетінің Төралқа мүшесі (1993-1999), Мемлекеттік сыйлықтар комиссиясының мүшесі (1992 ж. бастап), Ескерткіш және монументтер орнату жөніндегі мемлекеттік комиссияның мүшесі, Мәдениет министрлігі жанындағы ғылыми-методикалық кеңестің төрағасы, Республикалық тарихи-ағартушылық «Әділет» қоғамының Президенті, «Отан тарихы» журналының бас редакторы, «ҚР ҰҒА хабарлары», «ҚР ҰҒА хабаршысы», «Ақиқат», «Қазақ тарихы» журналдарының алқа мүшесі, «Қазақстан-Заман» газетінің құрылтайшысы т.б. қызметтерді абыроймен атқарды.

Манаш Қозыбаевтың есімі тарих сүйер қауымға, әсіресе, өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан бері етене жақын. Ол XX ғ. басындағы тарихи публицистика дәстүрін жалғады, тарихи ғұмырнама жанрында танылды. «Қазақ әдебиетінің», «Егемен Қазақстанның», «Қазақстан-Заман» газеттерінің лаураеты болып, көсемсөз саласында көзге түсті.

Академик М.Қ. Қозыбаевтың еңбектері Ресей, Армения, Белорусия, Украина, Қытай, Түркия, Корея, АҚШ, Иран, т.б. елдерде басылып шықты. Ғалым тек соңғы 15 жыл ішінде 200-дей баяндамалар мен халықаралық конгресстер, конференциялар, симпозиумдар, Бүкілдүниежүзі қазақтарының Құрылтайына, ғылыми сессияларға қатысты.

Ұстаз ғалым М. Қозыбаевтың жетекшілігімен 90-нан астам ізденушілер кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғады. Аз ғана жылдар ішінде тәуелсіз Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін зерттейтін ғылыми мектеп бой көтерді. Шәкірттерінің ішінде Қытай, Моңғолия, Ресей, Өзбекстан ғалымдары бар. Ғалымның шәкірттері тәуелсіз еліміздің танымал азаматтары. Олардың қатарында

министр, университет ректоры, әскери академияның, республикалық ұланның басшылары, кафедра меңгерушілері, өкілетті елшілер, Президент аппаратының жауапты қызметкерлері де бар.

Уақытпен бірге тарих ғылымы да алға қарай нық қадам басқан сайын оның жолында еңбек еткен, бар ғұмырын сарп еткен жандардың жарқын бейнесі бұрынғыдан да шырақтана түскендей. Академик Манаш Қозыбаевтың ғылым жолындағы ерен еңбегі халықтың есінен мәңгі кетпестей болып ғылыми мұралары арқылы хатталып қалды. Тәуелсіздіктің алтын тұғырын нығайтуға тамаша ғылыми мұраларымен, қоғамдық істерімен барынша үлес қосқан Азаматын мәңгілік есте сақтау мақсатында ғалым тұрған үйге Ескерткіш тақта орнатылды, Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетіне академик М. Қозыбаевтың есімі беріліп, онда ескерткіші және мүзейі ашылды, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай МУ және әл-Фараби атындағы ҚҰУ-де дәрісханалар, Семей МУ-де академик атындағы ғылыми-зерттеу орталығы, Қостанай қаласындағы №23 мектепке, Алматы қаласында көшеге оның есімі берілді. Сондай-ақ М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті мен А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеттерінде арнайы «Манаштану» курсы оқытылады.



Сатылым бағасы – 1200 теңге

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5 Каз)
Қ 53

Баспаға Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Ғылыми кеңесінде ұсынылған

Редакция алқасы:

Х.М. Әбжанов (жауапты редактор), С.О. Смағұлова,
Н.А. Атығаев, Д.А. Рахымқұлов

Пікір жазғандар:

Н. Мұхаметханұлы, тарих ғылымдарының докторы,
профессор; Қ. Әскенбай, тарих ғылымдарының кандидаты

